

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**6/2012 МАУСЫМ**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Айша ӘЛІМЖАНОВА, Шәмша  
БЕРКІМБАЕВА, Роза БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК,  
Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА, Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар  
ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия  
ОРАЗБАЕВА, Күлнәш САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

	<i>Мұғалімдерге көмек</i>	
Айдос ӘБДІХАЛЫҚОВ, Мира САДУАҚАСОВА, Жанар БЕЙСЕМБАЕВА. Жазикен БАЛТАБАЕВА.	Қазақ тілін деңгейлеп оқыту үдерісінде тіл меңгеру деңгейін бағалау құралдарын пайдалану.....	3
Күләнда АЛДАБЕРГЕНОВА.	Орыс тілді ортада қазақ тілін оқытудағы оқу- әдістемелік кешеннің тиімділігі.....	11
Ания ЖАНӘБІЛОВА.	ҰБТ-ға дайындау кезіндегі оқушыларды оқытудың жаңа тәсілдері.....	18
	Мемлекеттік тілді қолдану мен дамытуға арналған семинар.....	22
	<i>Тиімді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Назгүл МҰСТАФИНА.	Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолдану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту.....	30
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті</i>	
Тотыгүл ЕЛУБАЙҚЫЗЫ. Екатерина ҚАУЫСҚЫЗЫ, Нұржамал СЕРІКҚЫЗЫ. Жанна БАҚАТАЕВА.	Ғ.Мүсірепов. «Ананың анасы».....	35
	Жарық жұлдыз.....	38
	Ғабит Мүсірепов. «Тимка-Димка».....	45
	<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Айнагүл ИСАБАЕВА. Гүлдәурен ӘБДІҒАЗИЕВА. Гүлзада ХАСАНОВА. Бақытжан КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ. Құралай ТӨЛЕГЕНОВА. Айман ТАСТҰРҒАНОВА. Ажар ҚАДЫРҚЫЗЫ. Гүлжан НҰРПЕЙІСОВА. Айшолпан ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ. Роза СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ. Орынғаным ОРАЗАҚАЕВА. Зейнеп ОРЫНТАЙҚЫЗЫ. Назигүл ШАҚПАҚБАЕВА.	Сөздік қоры мол қасиетті Түркістан.....	49
	Ғылым жолында - сөйлеу мәдениеті.....	52
	Тіл дамыту сабағында - тәуелсіз ел.....	56
	Баяндауыш.....	61
	Етістікті үйреткен мамандықтар.....	64
	Жаңа сөздері қызықтырған Конституция.....	69
	Қазақтың дастарқаны сөйлетеді.....	74
	Оюмен ой айтқан елміз.....	77
	Әл Фарабиға қатысты сөздік.....	80
	Көне түркі ескерткіштеріндегі өткен шақ.....	85
	Нан және сөйлем.....	89
	Көп тіл білу - өмір талабы.....	92
	Модульдік технологияны қолдану әдістемесі.....	96
	<i>Білім сынағында</i>	
Жанар ҚҰСАЙЫНОВА.	Жыл мезгілдері бойынша деңгейлік тапсырмалар.....	100
Айнагүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ. Райхан ЖЕТПІСОВА.	Тест сауалдары.....	107
	Қазақ тілі пәніне арналған кеспе қағаздары.....	114
	<i>Тәрбие сағаты</i>	
Гүлшара ТАСТЕМІРОВА, Рахила НАРАЛИЕВА.	Тіл - әлем есігін ашатын ғажайып кілт.....	125
	<i>Сыныптан тыс тәрбие</i>	
Динара ҚАПАРОВА. Данагүл ЖЫЛҚЫБАЙ.	Қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы.....	133
	«Бастаңғы» дәстүрі.....	136
	<i>Поэзия әлемінде</i>	
Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ.	Мағжан Жұмабаев өлеңдерінің аудармалары.....	140

Айдос ӘБДІХАЛЫҚОВ,

Мира САДУАҚАСОВА,

Жанар БЕЙСЕМБАЕВА,

Ұлттық тестілеу орталығының

Мемлекеттік тілді дамыту

басқарамасының қызметкерлері.

# ҚАЗАҚ ТІЛІН ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТІЛ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ

Ұлттық тестілеу орталығында азаматтардың қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалаудың құралы ретінде халықаралық TOEFL, IELTS және т.б. тіл меңгеру деңгейін бағалаудың жүйелеріне ұқсас ҚАЗТЕСТ жүйесінің негізі әзірленіп, енгізуге дайындық жұмыстарының жүргізіліп келе жатқанына 6 жыл уақыт өтті. Ұлттық тестілеу орталығы Қазақстан Республикасындағы білім сапасын бағалаудың тәуелсіз операторы ретінде ұлттық бірыңғай тестілеу, мемлекетаралық бақылау, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға түсу емтихандары, оқу орындарының мемлекеттік аттестаттау барысындағы тестілеу секілді білім сапасын бағалау механизмдерімен белгілі. Бірнеше жылдық тәжірибе тілдік білімді бағалаудың да өлшеу құралдарын қалыптастырып, тестілеуді ұйымдастыру бойынша іс-шараларды атқаруда үлкен септігін тигізеді.

ҚАЗТЕСТ жүйесінің қолданысқа әзірленуі келесі факторларға тікелей байланысты: біріншіден, Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеру үшін барлық жағдайлары жасалып келеді. Тіл үйретудің оқыту

орталықтары, жекелеген тіл мамандары, қазақ тілін үйретудің мемлекеттік емес орталықтары өз қызметтерін ұсынып келсе, тілді өз бетінше үйренудің әр түрлі оқу құралдары, әдістемелік кешендер, аудио, видео және де басқа көрнекі немесе ақпараттық қолданбалы бағдарламалар тоқтаусыз әзірленіп, қолданысқа енгізілуде. Қазақстан азаматтары балабақшадан бастап жоғары білімнен кейінгі біліктілікті көтеру курстарына дейін мемлекеттік тілді тегін меңгеріп келеді. Нәтиже бар, әркімнің өзінің азаматтық парызының көлемінде тілді де соған сәйкес меңгеріп отыр.

Сонымен, ендігі ретте азаматтардың қазақ тілін үйрену нәтижесін дәлірек қандай деңгейде анықтап білу мақсатында әлемде қалыптасқан тәжірибелерге сәйкес осы аталған ҚАЗТЕСТ жүйесі атқаратын болды.

Екіншіден, қазақ тілін меңгеруге деген түрткі боларлық бірыңғай механизм қалыптаспағандықтан, мемлекеттік тілді әр деңгейде меңгерді деген әр түрлі ақпарлар мен құжатқа ұқсас мәліметтер орын алып отыр. Алайда объективті бағалауға арналған бағалау-өлшеу құралдары арқылы әлемдік үрдістерге ұқсас қазақ тілін меңгергендігін растайтын бағалау үдерістері мен оған сәйкес сертификаттар беруге дайындық жүргізіліп келеді. Сонымен, екінші фактор – қазақ тілін меңгеруге түрткі боларлық бірыңғай қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалайтын механизмді іске қосу.

ҚАЗТЕСТ жүйесіне арналған бағалау-өлшеу құралдары – бұл тест түріндегі тапсырмалар, аудиотапсырмалар, әр түрлі көлемдегі мәтіндер, шығарма элементтері бар диктанттар, мазмұндамалар мен эсселер. Тапсырмаларды әзірлеудің талаптары ретінде тапсырманың ерекшеліктерін анықтайтын құжаттарды Мемлекеттік стандарттар [1] дәрежесіне жеткізіп, жалпыға ортақ құжат ретінде Техникалық реттеу және метрология комитеті қолданысқа енгізіп отыр. Мазмұны мен оның құрылымы, әрине,

білім берудегі білім стандарттарын әзірлейтін құзырлы орган тарапынан әзірленсе, оған пікір қосушы, түзетуші ретінде қазақ тілін оқытуға, үйретуге, оның әдістемесіне қатысы бар барлық ғалымдар, жекелеген мекемелер мен органдар араласты. Осы аталған мемлекеттік стандарттар қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру талаптарын анықтайтын ғана емес қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттілік талаптарын анықтайтын, яғни, қазақ тілін оқытуды жүйелейтін құжат ретінде қарастырылып келеді. Мемлекеттік стандарттардың нобайы жоғарыда тілге тиек етілген халықаралық әдістемелердің тәжірибесіндегі тілді шетел тілі және екінші тіл ретінде үйренудің әдіснамасына негізделген. Сонымен, мемлекеттік стандарттар алдымен қазақ тілін меңгерудің деңгейлеріне сәйкес (бес деңгей — қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары деңгейлер) жалпы ережелермен сипатталады [2]. Әр деңгейге сәйкес тілдік қатысым жағдайлары қандай салалармен байланысты болу керектігінен анықталса, сол деңгейде тілді меңгеру үшін интенсивті түрде неше оқу сағаты қажеттігі анықталады. Әр деңгей бойынша сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты сипаттамалары беріледі, яғни, тіл үйренуші қандай жағдаяттарда тілдік құзыреттілігін растай білу керектігі анықталады. Сөйлеу әрекетінің тыңдалым, оқылым, жазылым мен айтылым бөліктері бойынша оқыту мен тілді меңгеру дәрежесін бағалау материалдарының мазмұны, ондағы сөздер, сөз тіркестерінің санына дейін нақты жазылады. Мәтін көлеміне байланысты келесі деңгейге өтудің ықпалдастығын қалыптастыру мақсатында таныс емес сөздердің пайыздық үлесі де көрсетіледі. Актив және пассив сөздер жекеленіп, тіл үйренушіге ұсынудың реттілігі берілген. Сөз таптарын үйрету барысында, оларды меңгергендігін растайтын бағалау тапсырмаларына қойылатын талаптар жазылған. Сонымен қатар сөйлеу

әркетінің түрлері бойынша тест тапсырмаларының мысалдары келтіріледі. Мемлекеттік стандарттардың қысқаша мазмұнына шолу ретінде жасалған осы бір негіздемелік бөліктер ҚАЗТЕСТ жүйесінің тапсырмаларын әзірлеудің нормативті құжаттамасы ретінде қарастырылып келеді. Сонымен, тілді меңгеруге деген ұсынылатын оқыту материалдарын да, тілді меңгеру дәрежесін бағалау құралдарының да талаптарын нақтылайтын құжатты анықталды. Ол – қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктерін анықтайтын Мемлекеттік стандарттар.

Тілдің лексикасы тілді оқыту мазмұнының маңызды компоненті болып табылады. Бұл тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым секілді сөйлеу әрекеттерінің бастапқы және қажетті құраушы материалы болады.

Тіл үйрену тәжірибесінде лексикалық минимумдарды қатар үйрену міндетті түрде ұштасып отырады. Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес қажетті лексикалық минимум, яғни, сөздер мен сөз тіркестерінің минималды қорын қалыптастыру қолға алынды. Минимум қазақ тілін өз бетінше үйренуге және қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалауға бағытталды. Минимум шет тілін үйренудің әлемдік және еуропалық стандарттарының принциптеріне, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылды. Қарапайым деңгейде лексикалық минимум 800 бірлікті, базалық деңгейде – 1783 бірлікті, орта деңгейде – 2229 бірлікті, ортадан жоғары деңгейде – 3954 бірлікті, жоғары деңгейде – 5060 бірлікті құрады [3]. Лексикалық бірліктерді таңдаудың мақсаты қазақ тілінде жаза білу мен сөйлей білудегі қолданылатын белсенді сөздік қорын сараптау мен оларды жүйелеу.

Осыған орай тілді үйренуші азаматтар үшін тіл үйренуде ойын пайымдап, оны айта біліп, сөздер мен сөз тіркестерді тақырыбына сәйкес мағынасы мен қолдану саласына қарай топтастыра білуі, сонымен қатар тілдік бірліктерді дұрыс қолдана алуы сияқты талаптар анықталды.

Әрбір деңгейдің лексикалық минимумы келесі принциптерге негізделген: жүйелілік, сабақтастық, дамытушы, коммуникация және нәтижелілік.

Жүйелі құрастырылған лексикалық минимум тіл үйренушіге қазақ тілінің сөздері мен сөз тіркестерін дұрыс пайдалану, әр түрлі жағдаяттарда тілдесу тақырыбына байланысты лексикалық бірліктерді дұрыс пайдалану қабілеттерін қалыптастыруына ықпал етеді. Лексикалық минимумдарда түрлі тақырыптарға байланысты белсенді сөздер мен қоршаған өмірмен байланысты лексика қамтылған. Минимумдар лексикалық сатылар негізінде құрастырылған және мағыналары және тақырыптары бойынша топтарға бөлінген. Барлық сатылардың мазмұны белгілі бір реттілікпен бір-бірімен жүйелі байланыстырылды. Бірінші саты үш сөз табымен көрсетілген. Олар: зат есім, сын есім, етістік. Екінші саты – сан есімдер, есімдіктер, үстеулер. Үшінші саты – жалғаулықтар, одағайлар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері бөлек көрсетілген және олардың орысша, ағылшынша баламалары берілген. Лексикалық бірліктерді сөз таптары бойынша бөліктермен бөліп беру сөздерді сөйлемдерде пайдалануды жеңілдетеді, себебі әрбір сөз табы сөйлемде белгілі бір қызмет атқарады. Тілді тиімді үйрену үшін әрбір сөз табының сөздер жиыны мағыналық топтар мен бөліктерге бөлініп берілді. Бөліктер мағынасы бойынша бір-бірімен тығыз байланысты сөздерден тұрады.

Қарапайым деңгейдің лексикалық минимумы тіл үйренудің бірінші сатысы болып табылады. Бұл деңгейдің сөздері күнделікті өмірдегі жағдаяттарға негізделеді.

Тіл үйренуші күнделікті тұрмыста қолданылатын тілдік материалдарды меңгеруі қажет. Лексикалық бірліктердің синонимдік қатарының семантикалық мағынасының жеткіліксіздігіне байланысты осы деңгейде лексика-семантикалық ауыстырулар болуы мүмкін.

Лексикалық минимумның базалық, орта және ортадан жоғары деңгейлерінде лексикалық бірліктердің семантикалық, стилистикалық жағынан тілдік коммуникацияда дұрыс қолдануы қарастырылады. Бұл жерде лексикалық минимумның (базалық деңгейден ортадан жоғары деңгейге дейін) бірте-бірте кеңеюі, грамматикалық және семантикалық базаның күрделенуіне көңіл аудару керек. Бұл деңгейлерде әдеби тіл және оларды дұрыс қолдану ерекше мағынаға ие.

Жоғары деңгейдегі лексикалық минимум өмірдің әр түрлі әлеуметтік салаларына байланысты лексикалық бірліктерді еркін меңгеруге және лексикалық бірліктерді әдеби, ғылыми және кәсіби стильде пайдалануға бағытталған.

Деңгейлердің өсуіне байланысты сөздер мен сөз тіркестері градуальдылық принципі бойынша толықтырылып отырады.

Лексикалық минимум қазақ тілін екінші тіл ретінде, яғни, шет тілі ретінде үйренушілерге, ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша емтиханға дайындалушыларға, оқытушыларға, оқу құралдарын әзірлеуші авторларға, зерттеушілер мен ғалымдарға, ізденушілер мен жоғары оқу орнының студенттеріне, сонымен қатар көпшілік оқырман қауымға арналған. Лексикалық минимумдар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұсынылды. Міне, сонымен, қазақ тілін меңгерудің деңгейлеріне сәйкес сөздер мен сөз тіркестерінің минималды қоры анықталды.

Тілді меңгеру кезеңдері тіл үйренуші үшін сол тілде сөйлеуге деген ұмтылысы барысында сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша бірнеше дағдылардың қалыптасуы арқылы



өтеді. Айталық, тіл үйренуші сол тілде естігенін немесе тыңдағанын түсіну үшін сөздік қордың қалыптасқандығын, тілдік құрылымдарды түсініп, ажырата білу дағдысының қалыптасқандығын, естіген немесе тыңдаған ақпараттың жалпы мазмұнын түсіну үшін ондағы әрбір сөйлем элементтерінің орыны мен мағынасын түсіну қабілеттерін қажет етеді. Оқып түсінгенін, сол тілде жаза білу қабілетінің және дұрыс сөйлей білу мүмкіндіктерінің талаптары да тілдік дағдылардың қалыптасуы арқылы жүзеге асады. Сонымен, тілді меңгеру үшін сөз және сөз тіркестерінің минималды қоры қалыптасуы керек, тілдің грамматикалық бірліктері арқылы әрбір сөйлемді дұрыс құрастыра білу мүмкіндігі қалыптасуы қажет. Тілді шет тілі немесе екінші тіл ретінде үйренудің әдістемелерінің негізі де осы қағидатқа бағытталған. Халықаралық тәжірибеде бәсекелестікке қабілетті әлемдік тілдердің барлығы дерлік түп негізінде осы бағытта түрлі оқу құралдарын, әдістемелерін тіл үйренушілерге ұсынады.

Қазақ тілін меңгеру барысында тіл үйренушіге мүмкіндігінше қолайлы жағдай жасау тіл үйренуге деген ынтаның артуына септігін тигізеді. Қазақ тілін оқытуға арналған әдістемелердің озық үлгілері негізінде тілді деңгейлеп оқытуға деген ұмтылыс жаңа нәтижелерге жеткізеді. Жалпы еуропалық тілдік құзыреттілік сипаттамалары тілді қарапайымнан бастап жетік деңгейге дейін үйренуде барлық тілдік құрылымдарды қамту арқылы нәтижеде сол деңгейде тілдік дағдылардың қалыптасуына әкеледі. Жарты ғасырдан астам тәжірибесі бар ағылшын тілін деңгейлеп үйретудегі нәтижелер – осының айғағы. Қазіргі таңда қазақ тілін меңгеру бағытында тіл үйренушілерге әртүрлі әдістемелер бойынша оқу құралдары, сөздіктер мен грамматикалық анықтағыштар, тіл меңгеруді бағалаудың құралдары, ақпараттық сүйемелдеулер мен медиа

материалдар ұсынылып келеді. Тіл үйренушінің мүмкіндігі мен тілді меңгеру бағытында ыңғайлылығына қарай әртәсілдің өз ерекшеліктері мен тиімділіктері де әр түрлі.

Әлемде кең танымал ағылшын тілін үйренудің тиімді оқу құралдарының бірі ретінде ағылшын тілін шет тілі ретінде тест тапсыру емтиханының тапсырмаларын сәтті тапсырудың дайындық сабақтары мен тапсырмалардың тіл үйренушінің тіл үйрену барысындағы тілдік дағдылардың қалыптасуына көмек беретін оқу-әдістемелік құралдарын пайдалануға болады. Білім саласындағы тікелей нәтижеге бағытталған білім берудің әдістемелерін тіл үйренуде де пайдалану өз жемісін беретінін осы тәжірибе дәлелдегендей. Тіл үйренуші тіл меңгеру сабақтары мен әдістері арқылы сол деңгейге қажетті тілдік құрылымдарды меңгерген соң дәл сол деңгейде тілді меңгергендігін растайтын емтихан бар екенін біледі және ол емтихан мақсатына қарай әртүрлі талаптармен ұсынылатынын да біледі, сондықтан емтиханның тапсырмаларын түсіну арқылы тіл меңгерудегі білімін шындай түседі. Мұндай оқу-әдістемелік құралдар тест бөліктері, яғни, тыңдалым, оқылым, жазылым, лексика-грамматикалық құрылым бөліктері бойынша тест тапсырмаларын талдау арқылы сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты дағдылардың қалыптасуын нақтылайды. Тіл үйренушіге ыңғайлы жолдары жылдармен тәжірибеленіп, алдымен кіріспе тест тапсыру арқылы өзінің тіл меңгеру дәрежесін анықтай алады, сосын әрбір бөлік бойынша мазмұны ұқсас тапсырмаларды бірнеше рет талдау арқылы тапсырманың мазмұнын түсінеді, тапсырма мазмұнын түсіну арқылы оқулық тілдік құрылымды түсінуіне септігін тигізеді. Осы кезеңдерден соң тапсырмаларға қатысты жағатыңулар беріледі. Бұл жағатыңулар да тіл үйренушіге сол тілдің ерекшеліктерін түсінуге, қалыптасқан дағдыларды нақтылай түсуге көмектеседі. Қорытынды тест бөлігі

алдыңғы кезеңдерде қалыптасқан тілдік құзыреттіліктерді тексеру тапсырмалары ретінде қарастырылады. Әрбір тест тапсырмаларының жауаптары оқу-әдістемелік құрал соңында қосымша ретінде беріліп отырады, яғни, тіл үйренуші әрбір кезең сайын өзінің жауаптарын тексеріп отыруға мүмкіндігі бар, жаттығу бөлігіндегі тапсырмаларда тікелей жұмыс дәптері ретінде пайдалануға болатындай мүмкіндіктер қарастырылады. Әрине, тыңдалым, жазылым секілді бөліктер үшін аудиоматериалдар компакт дискіде қосымша беріліп отырады. Бұл тәсіл де сол тілдегі орфоэпиялық нормалардың дұрыс қалыптасуына, тапсырмалардың маңыздылығы мен негізгі мән берілетін тұстарын, есте сақтау қабілеттерінің қалыптасуына септігін тигізеді.

*(Жалғасы келесі санда).*



**Жазикен БАЛТАБАЕВА,**  
Астана қаласындағы  
№6 гимназияның  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ОРЫС ТІЛДІ ОРТАДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ ТИІМДІЛІГІ**

Орыс тілді ортада мемлекеттік тілді меңгерудің көп деңгейлік оқыту арқылы іске асырылуы мүмкін болатындығы жөнінде белгілі ғалым, профессор Ж.А.Қараев «Деңгейлік саралап оқыту технологиясы» атты еңбегінде ғылыми тұжырымдарды ұсынған. Бұл технологияның мақсаты — әр оқушыны қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне орай

оқыту [1]. Осы тұрғыда ғалым М.М.Жанпейісованың жаңа модульдік технологиясы мемлекеттік тілді мектепте тиімді оқыту әдістерін ұсынып, қазіргі мектеп оқулығының білім мазмұнын ашуда. Оқу модулі үш бөліктен тұрады: кіріспе, сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлімі.

Кіріспе бөлімінде мұғалім модульдің жалпы құрылымымен таныстырады. Мұғалімнің негізгі мақсаты: оқушыларға нені білу, нені үйрену керек және не үшін қажет екенін түсіндіріп жеткізу.

1. Оқу оқушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар оқушының қисынды ойлауын, қабілеттерін, көзге елестету қабілетін, шығармашылығын, жалпы тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Оқуды басқарудың психологиялық сенімді түрі – ең алдымен, оқушының қажеттіліктерін, қызығушылығын және қызмет мақсаттарын дамытуға жағдай жасау.

3. Оқушылар нақты оқу қызметінің мақсаттарын анықтауға тікелей қатысуы керек, яғни, тұлғалық басқару дәрежесі оқушылардың өсуіне қарай артып отыруы және оқудың жоғары сатысында жалпылама сипат алуы тиіс.

Қорытынды бөлім – бақылау. Оқушы сөйлесу бөлімінде алған білімін және білігі мен дағдысын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Міндетті бағалау – тестілеу. Басқа түрлері – сынақ, бақылау жұмысы, диктант. Сөйлесу бөліміндегі тапсырмалар деңгей бойынша беріледі.

I деңгей – дарынды балаларға арналған шығармашылық тапсырмалар.

II деңгей – стандарт талабына сай тапсырмалар.

III деңгей – жеңілдетілген тапсырмалар беріледі [2].

Технология қағидаттары негізінде тапсырмалар дайындауда оқу-әдістемелік кешеннің маңызы зор.

Оқу-әдістемелік кешен кешен дегеніміз – мұғалім мен оқушының өзара бірлесіп әрекет жасау құралы. [3] Оның құрамды бөліктері:

1. Білім мазмұнын, оқу жүктемесін, білім беру сатыларын және оқытуды анықтайтын материалдар:

- пән бағдарламасы, пәнді оқыту әдістемесі;
- тақырыптық – күнтізбелік бағдарлама.

2. Негізгі курс, бекіту және бақылау құралдары:

- оқулық, оқулық хрестоматиясы, сөздіктер;
- анықтамалар, қосымша оқуға арналған кітаптар, дидактикалық жаттығулар жинағы;
- дидактикалық таратпа материалдар.

3. Технологиялық жағын қамтамасыз ететін материалдар:

- оқу плакаттары, сызбалар, кестелер;
- ЭЕМ (компьютер), интерактивті тақта, т.б. техникалық жабдықтар.

Оқытушыға арналған оқу-әдістемелік құралдар:

- дарынды балалармен жұмыс жасау материалдары;
- бақылау, диагностика материалдары;
- оқушылар шығармашылығын пайдалану.

Тілді меңгерту ісінің соңғы нәтижесі оқу-әдістемелік кешенінің жасалу сапасына тікелей байланысты.

Оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) сапасы оны құрастырушылардың әдістемелік шеберлігін көрсетеді. Тәжірибелі әдіскердің өзі ОӘК құрастыру барысында әлемдік әдістеме ілімінде қабылданған ғылыми заңдылықтар – өлшем, ережелерді, шарттарды басшылыққа алуы қажет және тілді оқытып-үйретудің қай деңгейіне, қай мақсатта, қалай қолданылатынын ескеруі керек. ОӘК оқушының мемлекеттік тілде белсенді қатынасқа түсуіне ықпал етумен қатар, оның рухани-танымдық өрісі кеңеюіне мүмкіндік жасайды.

Жалпы дидактикалық қызметтерді басшылыққа ала отырып, қазақ тілі бойынша жасалатын оқу-әдістемелік кешеннің (ОӘК) келесі қызметтерін бөліп көрсетуге болады: ақпараттық, қатысымдық, танымдық, уәждік, бақылаушылық.

ОӘК – ақпараттық қызметі ғылыми тұрғыда сұрыпталып, лингвограмматикалық, лингвоелтанымдық білімнің қазақ тілі арқылы меңгертуден тұрады.

ОӘК – уәждік қызметі оның құрамына енетін элементтердің қызықты мазмұнында, тартымды тапсырмалар мен әртүрлі жаттығулардың құрылымы арқылы жүзеге асады.

ОӘК – мазмұнында танымдық жаттығулар, проблемалық тапсырмалар мен интеллектуалдық материалдың үйлесімді берілуі оқушылардың қазақ тілінде қатынас жасау ынтасын оятатын құрал болып табылмақ.

ОӘК – қатысымдық қызметі оқушылардың айтар ойын жүйелі жеткізуге дағдыландыратын, сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын, кез келген жағдайда сөз тауып, орынды қолдануға жетелейтін қатысымдық құзыретті дамытудан тұрады.

ОӘК – бақылаушылық қызметі бақылау және бағалау жаттығулары арқылы кері байланыс механизмдерінің дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз етуден тұрады. Яғни, оқушыға өзінің білім деңгейін өзі бақылап, бағалап, түзетіп, толықтырып отыруына мүмкіндік беріледі. Мұндағы мақсат – оқушылардың қабілетін ашу, өзіне деген сенімін күшейту, іздендіру, пәнге деген белсенділігін, қызығушылығын арттыру.

ОӘК – тәрбиелік қызметі оның барлық элементтерінің мазмұны жаһандастыру үрдісінде оқушыларға тіл арқылы халықтың мәдени мұрасы мен бастауларын, сонымен бірге басқа ұлт өкілдерінің рухани асыл қазыналарын, батыс өркениеттің баға жетпес байлықтарын тереңдете кіріктіре

игертуге бағытталуында.

Осы теория жүзіндегі айтылған мәліметтер түсінікті болу үшін тәжірибеге жүгінейік. Мысал ретінде 2006 жылы Алматыда «Атамұра» баспасынан шыққан 10-сыныптың «Қазақ тілі» оқулығы бойынша әзірлеген дидактикалық материалдарымды алайық.

Мәтінге дейінгі жұмыстар.

1-тақырып: Қазақ халқының ғалымдары.

**Тапсырма: Мәтінді тыңдап, сұрақтарыңыз болса қойыңыздар.**

Ғылым деген не? Ғалым деген кім?

Ғылым – білімдер жүйесі. Ғалым – ғылыми еңбек жазатын адам.

Қазақ халқында ғалымдар көп. Олар көп ғылыми жаңалық ашқан. Олар кімдер?

Олар: Әбу Насыр әл Фараби, Шоқан Уәлиханов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев және тағы басқалар.

Ғалымдар қандай ғылымды зерттеген?

Тарихты, жағырапияны және тағы басқа ғылымдарды зерттеген.

Мәтінді меңгерту жаттығулары.

1-тақырып: Қазақ халқының ғалымдары.

**1-тапсырма: Қай сөйлемдер, қай сөздер түсініксіз?**

Адамзатты өркениетке жеткізетін – ғылым. Ғылымды дамытатындар – ғалымдар. Ғалымдар – елін, жерін, туған халқын сүйген данышпан адамдар. Қазақ халқында ерте заманнан әлемге әйгілі ғалымдар болған.

(Асты сызылған сөздердің мағынасы компьютерлік нұсқада бірден аударылып, түсіндіріледі).

Мәтіннен кейінгі жұмыстар.

1-тақырып: Қазақ халқының ғалымдары.

**1-тапсырма:** Интернет арқылы жаңа дос таптың. Ол Ұлыбританияда тұрады. Оның сұрақтарына жауап берші.

Қазақ халқында ғалымдар көп пе? Алғашқы ғалымдар қай ғасырда туған? Ең бірінші қазақ ғалымы кім? Ең бірінші қазақ академигі кім? Олар қай ғылымды зерттеген?

**2-тапсырма:** берілген жауаптар негізінде қойылған сұрақты табыңыздар.

- \_\_\_\_\_ ?

- Өйткені олар көптеген ғылыми еңбектер жазған.

- \_\_\_\_\_ ?

- Ғалымдар қазақ халқында да ерте заманнан болған.

- \_\_\_\_\_ ?

- Қазақ халқының ең бірінші академигі – Қаныш Сәтбаев.

2-тақырып: Шоқан Уәлиханов.

**1-тапсырма:** Билайнда – жаңа акция. SMS-те кейбір сөздер, сөз тіркестері жоқ. Кім бірінші толтырса, сол 100 бірлік тегін алады.

Шоқанның \_\_\_\_\_ – Мұхамедқанафия.

Ол – \_\_\_\_\_ әлемге әйгілі ғалымы.

Ғалым тарихты, этнографияны, географияны, әдебиетті \_\_\_\_\_.

3-тақырып: Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

**1-тапсырма:** көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойыңыз.

Қаныш... әке... – Имантай. Имантай би бала...н кітап оқуға үйреткен. Қаныш Имантайұлы... мамандығы – геолог.

Ол Томскі... Технология институты... оқыған. 640-тан астам ғылыми еңбек... автор... . «Жезқазған руда кеніші» деген

еңбег... үшін Ленин ордені... марапатталады.

(Жауабын компьютер өзі тексеріп, бағалайды).

Модуль бойынша жүргізілетін бақылау жұмыстары.

Сөздік диктант.

3-тақырып: Қаныш Имантайұлы Сәтбаев.

**Тапсырма:** орысша берілген сөздерді қазақшаға аударып, мәтінді көшіріп жазыңдар.



Қаныш Сәтбаев 12 апреля 1899 году родился. С шести лет в сельской школе оқыды. В сельской школе по-арабски учился. Ол в Томске в институте оқыған. Его профессия – геолог. Сәтбаев известный ученый, общественный деятель болды.

**Көру диктанты** (компьютерлік нұсқада беріледі).

Әлкей Марғұлан Павлодар облысында туған. Ол қазақ тарихын, мәдениетін, өнерін зерттеді. Беғазы – Дәндібай мәдениетін ашқан.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған ОӘК-ді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері жүйелі құрастырылғанда ғана нәтижелі. Тәжірибе көрсеткендей, кешен тиімділігі білім сапасын арттырудың негізі болады. Ең бастысы деңгейлік тапсырмалар жүйесі оқушы қабілетін бір сатыдан екінші сатыға жетелеуге септігін тигізеді. Соңғы нәтиже лицей жүйесінде оқушылардың шығармашылық танымын айқындаушы ғылыми жұмыспен айналысу әрекетіне әкелуі қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.А.Қараев. Деңгейлік саралап оқыту технологиясы.
2. М.М.Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. А., 2002.
3. Дидактические требования к разработке и экспертизе программ, учебников УМК. Караганда: Изд-во ИПК. 2000 г.

### **Резюме**

В статье автор рассказывает об эффективности использования УМК в обучении казахскому языку в русскоязычной среде.

### **Resume**

In this article the author tells about effectiveness of using educational and methodical complex in teaching of Kazakh language in Russian language surroundings.

## ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ КЕЗІНДЕГІ ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТӘСІЛДЕРІ

Егемен еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Баламен тіл табысып, оның бойына білім нәрін себетін басты тұлға – ұстаз. Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған 4 белгі рәміздеріміз бар. Оның біріншісі – елтаңба, екіншісі – әнұран, үшіншісі – ту, төртіншісі – қазақ тілі.

Елімізде білім берудің сапасын арттыру мен сапалы білім беру жүйесін құру мақсатында ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілгеніне де бірнеше жыл болды.

### **1-слайд.**

**ҰБТ дегеніміз – мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның қажеттілігіне сәйкес келетін бүгінгі білім сапасын көтеру және бақылау үшін жасалған тапсырмалар жүйесі болып табылады.**

ҰБТ жаңа технологияларға негізделген мектеп бітірушілерді қорытынды мемлекеттік аттестациялау және жоғарғы оқу орнына түсу емтихандарын қоса атқаратын білім сапасын бағалаудың ерекше жүйесі екені баршамызға белгілі.

**2-слайд. 1. Ұлттық Бірыңғай Тестіге сапалық дайындық ұйымдастыру арқылы оқушыларды 100 пайыз оқу үлгеріміне талаптандыру, оның сапасын және орта ұпайын жоғарылату.**

Міндеттері:

1. Қазақ тілінің салалары бойынша жоспар құрастыру.
2. Ортақ талдаулар, түзету жұмыстары.

### **3-слайд.**

Мұғалімге қойылатын талаптар:

- оқушылардың білім алу себептерін айқындау;
- пәндік оқыту үрдісін ұйымдастыру;
- тиімді технологияларды қолдану.

Осы талаптарды жүзеге асыру үшін оқушылармен әрдайым бірлікте отырып, жаңа тақырыпты меңгеру, әрбір өтілген тақырыпты тест сұрақтарымен байланыстыру, негізгі қажетті деген сөздерді түрлендіре отырып, сұрақтар қойдырта білу, әрбір сұраққа дұрыс жауап бере білуге, дұрыс жауапты есте сақтап қалуға үйрету – негізгі міндет.

Осы міндеттерді орындау үшін қазақ тілінің салалары бойынша даярлық бағдарлама құрастырдым.

### **4-слайд.**

ҰБТ-ға даярлық бағдарламасы.

Осы бағдарламаға сүйене отырып, әр оқушы анықтама дәптерін жасады (Оқушылардың дәптерін көрсету).

Бұл дәптер фонетика саласынан басталады.

Барлық тақырыптар тірек-сызба арқылы, кестелер арқылы берілген (кестелерді көрсету).

Осы әдістер арқылы берілген ережелер есте сақтау қабілетін қалыптастырады.

Әр сала бойынша тест жұмыстары жүргізіледі. Тест алынып болғаннан кейін қатемен жұмыс, ортақ талдаулар, түзету жұмыстары жүргізіледі.

### **5-слайд.**

Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үрдісін ұйымдастыру және білім сапасын көтеру жұмыстарын келесі кезеңдерден көруге болады.

<p><b>1. Диагностикалық кезең.</b>  Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын мәселелерді анықтау.</p>	<p><b>2. Тәжірибелік кезең.</b>  Апта сайын:  - тест жинақтармен жұмыс;  - электрондық тесттермен жұмыс;  - жекелей, қосымша жұмыс.</p>	<p><b>3. Бақылау кезеңі.</b>  - тақырып бойынша бақылау тестілері;  - мониторинг;  - қатемен жұмыс парағын жүргізу.</p>
--	---	---

### **6-слайд.**

Білім алу бойынша негізгі жұмыс оқушыларға жүктеледі.

Осы аталған күнделікті сабақта ҰБТ-да жақсы нәтиже көрсету үшін жағымды эмоцияны қалыптастыру керек.

#### **Диагностикалық кезең.**

Өткен жылдағы ҰБТ нәтижесі мен байқау тестілердің сараптамаларын жасау арқылы қиындық тудыратын мәселелерді анықтау.

#### **Тәжірибелік кезең.**

Апта сайын тест жинақтарымен жұмыс, жекелей, қосымша жұмыс.

#### **Бақылау кезеңі.**

Тақырып бойынша бақылау тестілері, мониторинг, қатемен жұмыс парағын жүргізу.

Тест туралы.

### **7-слайд.**

Өз тәжірибемде оқушының тест орындау жолдары.

Тақырыптағы мәтінді оқу. Мәтін бойынша әр түрлі тапсырмаларды орындау. Мәтін бойынша құрастырылған тест сұрақтарына жауап беру.

Мәтінмен ұйымдастырылған тест жұмыстары да білім сапасын жоғарылатуға ықпал етеді және пәнге деген қызығушылықтарын арттырады.

### **8-слайд.**

Осы еңбек еткен жылдары оқушыларым ҰБТ кезінде жетістіктерге жетті. Сол жетістіктердің салыстырмалы

түрде көрсеткіші осындай:

2008-2009 о.ж білім сапасы- 92 пайыз болса, 2009-2010 о.ж.-100 пайыз, 2010-2011 о.ж.-92 пайыз болды.

Салыстырмалы түрде ҰБТ-ның көрсеткіші:

2008-2009о.ж. орта балы 16 бүтін оннан екі балл болса, 2010-2011о.ж., 2010-2011о.ж.18,7 балл болды.

2008 жылы

5 (44%) 4 (48%) 3 (8%)

2010 жылы

5 (64%) 4 (24%) 3 (12%)

2009 жылы

5 (52%) 4 (48%)

Оқу жылдары	Оқушының саны	«5»	«4»	«3»	Білім сапасы
2008-2009	25	11	12	2	92%
2009-2010	23	12	11		100%
2010-2011	24	16	6	2	92%

2008-2009 о.ж. 16,2

2009-2010 о.ж. 18,7

2010-2011 о.ж. 18,7

Өз тәжірибеме сүйене отырып, қазақ тілі пәнінен ҰБТ-ға даярлауда болатын мынадай кедергілерді айтқым келеді.

1. Сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын таба алмай жатады.

2. Сұрақты дұрыс түсінбейді.

3. Кейбір оқушылардың сөздік қорының аздығынан синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді таба алмай жатады.

4. Септеулік пен демеулік шылауларды ажырата алмайды.

5. Құрмалас сөйлем түрлерін шатастырады.

ҰБТ-ға даярлауда мұғалімнің орны ең басты назарда тұруы қажет. Әр мұғалім әрдайым жаңалықты бастаушы ретінде әрекет жасауы тиіс. Оқытудың әр түрлі технологиясы жасалып, мектеп өміріне енгізілгені бәрімізге

белгілі. Сондықтан да мұғалімнің жаңа технологиямен үздіксіз жұмыс жасап, жеке тұлғаны қалыптастыруда орыны ерекше.

Қорыта келгенде ұстаздар қауымының алдында тұрған ең үлкен жауапкершілік – мемлекетті басқаратын жастар қазір біздің алдымызда отыр, соларға өз дәрежесінде білім беру, тәлім-тәрбие беру, біліктілігін арттыру, болашаққа жол ашу біздің қолымызда тұрғанын сезініп, тек ерінбей еңбек ету, іздену, шығармашылықпен жұмыс жасау деп түсінемін.



**Ания ЖАНӘБІЛОВА,**  
**Қарағанды облысының**  
**Теміртау қаласындағы**  
**№31 орта мектептің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**

## **МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР**

### **I бөлім**

10.15-  
10.55

1. «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде»  
- ӘБ-тің мемлекеттік тілді қолдануы мен дамытуы.
2. «Тіл Заңының орындалуы» сараптамасына алгоритм құрау.  
- Мектеп мұғалімдерінің топтық жұмысы.  
- Эксперттік топтың жұмысы.

Каб.  
№211

Жанәбілова  
А.А.

## II бөлім

11.10-11.55	Қазақ тілі мен ағылшын тілдерінің кіріккен сабағы. «Спорт».	Каб. №204 5в сыныбы	Кудашева С.А. Куплинова А.П.
	Қазақ тілі сабағы. «Табиғатты қорғаңдар».	Каб. №314 8а сыныбы	Хамитова Ш.Б.
	Қазақ тілі сабағы. «Көктем».	Каб. №114 3а сыныбы	Әлдебек Ж.С.
	Сыныптан тыс іс-шара.	Рекреация 2 қабат	Үсенова Г.Е. Искакова Р.Г. Сәдуақасова Б.К.
	Рефлексия.	Каб. №211	Сұлтанова Г.С.

**Мақсаты:** мемлекеттік тілді оқу мекемелерінде қолдану мен дамыту.

### **Міндеттері:**

- қазақ тілін мектепте оқытудың сапасын жақсарту;
- нормативтік құжаттар туралы білу және мақсаттарын жүзеге асыру;
- барлық құжаттардың мемлекеттік тілде жүргізілуін қадағалау;
- мұғалімдерге мемлекеттік тілді қажетті деңгейде үйрету;
- мектептің материалдық базасын толықтыру, жинақтау.

ҚР Президентінің 2012 жылғы 27 қаңтар күнгі Қазақстан халқына арналған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» деп аталатын Жолдауында алдағы уақытта жүзеге асырылуы тиіс 10 бағыт атап көрсетілді. Оның ішіндегі 7-бағытында тіл мәселесін салмақпен шешу қажеттігін айтты. Өзінің халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал, 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды мемлекеттік тілді біліп шығатын болады», - деп,

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейтудің жаңа кезеңіне қол жеткізудің нақты межесін белгілеп берген болатын. Сондықтан, қазақ тілі мұғалімдері Ата Заң аясында 1997 жылғы 11 шілдедегі қабылданған «Тіл туралы» заңның және «Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» талаптарына сәйкес қазақ тілін дамытуға атсалысуға міндетті. Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасында Мемлекеттік тіл мен басқа да тілдердің дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу.

Басты мақсат салалық міндеттермен белгіленген негізгі төрт бағытта жүзеге асырылады:

Бірінші мақсат – мемлекеттік тіл ұлт бірлігінің басты факторы.

Екінші мақсат – мемлекеттік тілді дәріптеу.

Үшінші мақсат – дамыған тіл мәдениеті – кемелденген ұлттың әлеуеті.

Төртінші мақсат – қазақстандықтардың лингвистикалық капиталын дамыту.

Тілді меңгеруге ұсынылып отырған алты сатылы жүйе еуропалық тәжірибеге негізделген. Ондағы А1, А2 деңгейлері – тілді қарапайым меңгеру, В1, В2 – өз бетінше меңгеру және С1, С2 – мемлекеттік тілді эксперттік меңгеру дегенді білдіреді.

Мемлекеттік тілді меңгеру үдерісі әрбір қазақстандықтың білім алуы барысында жүргізілуі қажет. Аталған шаралар мектептегі бастауыш сынып оқушыларының А1, орта буынның А2, жоғарғы сынып оқушыларының В1 деңгейінде мемлекеттік тілді меңгеруін қамтамасыз етеді. Аталған міндеттер тұтастай қазақстандықтардың өскелең ұрпағына бағытталады. Білім алу кезінде олардың алдында мемлекеттік тілді меңгеру міндеті тұр.

Мемлекеттік тілді білу – әрбір ұлттың одан әрі дамуы мен сақталуының керекті шарты.



Білім мекемелерінде «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының орындалу барысы мен тіл пәндерін оқыту барысында атқарылатын жұмыстар:

I. Білім мекемелерінде болуы тиіс нормативтік және басқа құжаттар:

1. ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы.
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Білім туралы» Заң.
4. ҚР-дағы Білім және ғылым министрлігінің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
5. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
6. Осы бағдарламалардың орындалу барысы туралы ақпараттар.

7. Әдістемелік-нұсқау хат.
8. Бағдарлама (қазақ тілі, қазақ әдебиеті).
9. Күнтізбелік-күнпарақтық жоспарлар.
10. Авторлық бағдарламалар.
11. Сынып журналдарын толтыру талаптарын орындау.  
- сынып журналының титул беті мен пән аттарының екі тілде рәсімделуі.

12. Факультатив, арнайы курс, тереңдетіп оқытудың бағдарламасы, жоспарлары.

13. Тіл үйірмелерінің құжаттары.

II. Қазақ тілін оқыту. Мектепте қазақ тілін сапалы оқыту – мемлекеттік тілді дамытудың негізі.

Қазақ тілін сапалы оқытудың негізгі факторы – тіл пәндері мұғалімдерінің сапалық құрамы (аяқтаған оқу орны мен мамандығы, санаты мен өтілі).

2. Сапалы білім беру үшін оқу-тәрбие үрдісінде заманауи технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану керек. Ол – заман талабы. Біздің мектеп ӘБ мұғалімдерінің 2011-

2012 оқу жылында қолданатын технологиялары. Осы технологияларды және технология элементтерін қолданып, әр мұғалім өз технологиялық картасын толтырады. Ол ӘБ папкасында жинақталған.

Мұғалімнің аты-жөні	Қолданылатын технология

### 3. Өзекті тақырыпты дұрыс таңдау.

ӘБ мұғалімдері өз білімдерін жетілдіру тақырыптарымен жұмыс істеп, ашық сабақтар, сыныптан тыс сабақтар, іс-шаралар өткізеді және ӘБ отырыстарында өз тақырыптары бойынша есеп береді.

ӘБ мұғалімдерінің 2011-2012 оқу жылындағы өздігінен білімін жетілдіру тақырыптары.

№	Аты-жөні	Тақырыптары
1		

### 4. Әдістемелік бірлестіктің жұмысы.

**ӘБ тақырыбы:** Сапалы білім берудегі жаңа педагогикалық технологиялардың тиімділігі.

Бірлестік жұмысының бағыттары:

1. Бірлестік жоспарын құрып, бекіту; 2. Жаңа технологияны оқып үйрену, қолдану; 3. Озық тәжірибемен алмасу; 4. Мұғалімнің кәсіби біліктілігін көтеру; 5. Білім жетілдіру курсы; 6. Өзара сабаққа қатысу; 7. Семинар өткізу, педагогикалық оқуды ұйымдастыру; 8. Ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар; 9. “Тәлімгер” мектебі; 10. Мұғалімнің шығар.есебі; 11. Пәндік олимпиада; 12. Қабілетті балалармен, қабілеті төмен балалармен жұмыс; 13. Ғылыми жұмыс; 14. Мұғалімдердің кәсіби рейтингісі.

5. Мұғалімдердің сабақтарына қатысу.

Бірлестік мұғалімдері оқу жылы барысында бір-бірлерінің сабақтарына қатысады. Әр мұғалімнің өзара сабаққа қатысу кестесі бар.

6. Тіл пәндері кабинеттерінің материалдық жабдықталуы.

Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігінде 5 жұмыс кабинеті, оның ішінде 1 лингафон және 1 интерактивті тақтасымен кабинет бар. Барлық кабинеттер жабдықталған, оқу әдістемелік кешені жинақталған.

7. Оқушылардың ұлттық құрамы (орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ балалар саны.

Мектептегі 614 оқушының 99-ы – қазақ балалары. Жылдан-жылға қазақ балаларының саны кеміп келеді. Орыс мектептерінде қазақ балаларының саны азайды ма, соны білу мақсатында тексереді. Яғни, қазақ мектептеріндегі балалардың санының өскенін білу үшін.)

8. Мұғалімдерді оқыту.

Мектепте мұғалімдерге қазақ тілін демалыс кездерінде жүргіземіз. Қазақ тілін жүргізу бағдарламасы және күнтізбелік-күнпарақтық жоспар құрылып, бекітілген. 4 топ құрылған. Әр топқа қазақ тілі мұғалімі бекітілген.

9. Емтихан, ҰБТ, МАБ нәтижелері.

III. Сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралар: әдеби кештер; сайыстар; ойындар; сахналық көріністер; мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шаралар; қалалық іс-шараларға қатысу.

Қазақ тілі мен әдебиет ӘБ жетістіктері 2009-2010 оқу жылы.

Оқу жылы	Қалалық байқаулар мен олимпиадалар	Орындар	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Дайындаған мұғалімдердің аты-жөні
2009-2010					

2010-2011 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті МӘБ-нің жетістіктері.

Оқу жылы	Қалалық байқаулар мен олимпиадалар	Орындар	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Дайындаған мұғалімдердің аты-жөні
----------	------------------------------------	---------	-------------------	--------	-----------------------------------

2011-2012 оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті МӘБ-нің жетістіктері.

Оқу жылы	Қалалық байқаулар мен олимпиадалар	Орындар	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Дайындаған мұғалімдердің аты-жөні
2011-2012					

#### IV. Іс қағаздары:

- барлық іс қағаздарының екі тілде рәсімделуі;
- аудармалардың сапасы, аудармашының аты-жөні, білімі, мамандығы, өтілі;
- азаматтарды қабылдауды екі тілде жүргізу;
- ақпаратты (визуальная информация) екі тілде рәсімдеу;
- мөрлер мен мөртабандар тек қана мемлекеттік тілде (мемлекеттік мекеме үшін) болуы керек.

Қазақстан Республикасының “Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы” Заңының 10, 11, 21-баптарының орындалуына қатысты: біздің мектепте барлық іс қағаздары (жоспар, хаттама, бұйрықтар, кіріс-шығыс құжаттары) екі тілде рәсімделген. Азаматтарды қабылдау екі тілде жүреді, мөрлер мен мөртабандар – тек қана мемлекеттік тілде.

#### V. Мектептің материалдық базасы.

##### 1. Кітапхана жұмысы:

- оқулықтармен қамтамасыз ету (сыныбы, оқулық саны);
- жалпы кітап қоры, оның ішінде қазақ тілінде (саны және пайызы);
- мерзімді баспасөзге жазылу: жалпы саны, оның ішінде қазақ тілінде (тізімі және пайызы);

- көрнекі ақпарат.

Оқулық-тар	1-с.	2-с.	3-с.	4-с.	5-с.	6-с.	7-с.	8-с.	9-с.	10-с.	11-с.	Барлығы
Қазақ тілі												
Қазақ әдебиеті												

## Әдеби кітаптар, баспасөз басылымдары.

Газеттер: 2. Техникалық құралдармен қамтамасыз ету

Мемлекеттік тілді білу – әр азаматтың перзенттік борышы, ар-ұждан талабы. Сонымен қатар әр халықтың тәуелсіз ел болып, еркін өмір сүруінің кепілі. Ал, әр адамның орыс тілін және басқа шет тілдерін білуі – күнделікті әлеуметтік қажеттілік.

ҚР Тілдер туралы Заңын орындай отырып, қазақ тілін сапалы оқытуға көп көңіл бөлінеді.

Тілдерді дамыту – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік саясатының өзекті бағыттарының бірі.

Осы орайда қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне көптеген міндеттер жүктелді.

Тіл мұғалімдері тілдерді дамыту және оның аясын кеңейту мақсатында бірлесе жұмыс атқаруға тиіс.

Теориялық бөлімнің 2-бөлігінде мұғалімдер 4 топқа бөлініп жұмыс жүргізеді.

Қазір әр топ ҚР «Тілдер туралы» Заңының орындалуы туралы қала мектептерінің талдауын қарап, қорытындылап, талдаудың алгоритмін жасайды. Әр топтың спикері әксперттік топпен бірігіп, ҚР «Тілдер туралы» Заңының орындалуы туралы талдаудың қорытынды алгоритмін шығарады.

Назгүл МҰСТАФИНА,

Қарағанды қаласындағы

№59 орта мектептің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## **СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

XXI ғасыр – білімділер ғасыры болмақ. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер тәрбие керек.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Жолдауында: «Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән»,– деп атап көрсетті. Сондықтан бүгінгі күні қазақстандық мектептің алдында үлкен міндет тұр: білім беруде жаңа әдіс-тәсілдер енгізу, зерттеулер мен жаңалық ашуда «алтын ғасырға» ену, оқытудың, шығармашылықтың әдістемелерін қайта қарау.

Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, рухани әлемін байыту, сабаққа деген ынтасын арттыру, дарындылығын дамыту – негізгі мәселелердің бірі. Сонымен қатар оқушылардың шығармашылығын дамыту сабақтың оқу материалын терең игеру – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты.

Сондықтан біз оқу үрдісіне мынадай мақсаттар қойдық:

1. Баланың ойлау қабілетін қазақ тілінде қалыптастыру.
2. Танымдылық белсенділігін арттыру.

3. Коммуникативтік қабілеттерін арттыру.

4. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Осы талаптарды іске асыру үшін оқушылардың ойын дамытып, оқуға қызығушылығын көтеріп, таным әрекеттеріне көмектесу үшін зерттеу жұмыстарын бастадық.

Зерттеудің мазмұны мен әдістері.

Зерттеуге 10, 5-сынып оқушылары алынды. Жұмысымыз 2011-2012 оқу жылының қазан айынан басталып, осы күнге дейін жалғасуда. Дәрістік оқытуға мәтін таңдағанда, коммуникативтік қатынаста, дамытушылық ой сипаттары айқын көрсетілген оқушының сөйлеу іскерліктерін дамыту жұмыстарына басымдылық берілетін мәтіндер алынады. Мәтіннің мазмұны терең, тілі көркем болуы керек. Оқушының сөйлеу шеберлігін дамыта отырып, ұлттық мәдениет танымдылығын қалыптастыруға көңіл аударылады. Оқушылар мәтінді талдау барысында өзара ой бөлісуге, пікір таластыруға, бір нәрсеге көз жеткізуге, сезімдерін оятуына көңіл бөлінеді.

Зерттеу жұмысында жекеше, жұптық, топтық жұмыс әдістері мен сабақтан тыс жұмыс түрлері де қолданылады.

Жұмыс үш кезеңнен тұрады:

**1-кезең** – ояту, ынталандыру;

**2-кезең** – материалмен жұмыс;

**3-кезең** – рефлексия – пікірталас, сайыстан кейінгі ойлау.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы әр түрлі. Дәрістік оқыту мен тіл дамытуға сыни ойлауының «оқылым бағыттарының белгілері» атты стратегиясы қолданылды. Мұнда, оқушылар топтарда бола тұра, әрқайсысы оқуға мәтін алады (10 минут ішінде), параққа қарындашпен белгі қойып отырады.

« + » - егер ақпарат таныс болса,

« - » - егер ақпарат таныс емес болса,

« ! » - егер ақпарат олар үшін жаңа болса,

« ? » - егер ақпарат түсініксіз болса.

Бұдан кейін олар жұптық жұмыс жасап, өздерінің мәтіні бойынша алған әсерлерімен бөліседі (2 минут).

Келесі кезең – жұптық жұмыс болғандықтан, бәрі өздерінің ойлары мен шығармашылықтарымен әңгіме туралы бөліседі (2 минут).

Уақыт шеңберін анықтау сыни ойлауда аса маңызды, бұл өзінің үнемді қорытындысын береді. Оқушылар уақытты үнемдеуді, бәрін тез орындауды, ең маңыздысы – шоғырлануды үйренеді.


Содан кейін әр топ өзінің ойымен тыңдаушылар алдында бөліседі.

Қорытындысында, бір әңгіме бірнеше қырынан қаралып, оқушылардың сөздік қорын молайтуға жол ашады.

Мәтінмен жұмыс, дұрыс оқудың синтагмаға бөліп оқуын болжайды. Оқылым мен жазылымды әрі қарай дамытуға біз «Ассоциация» стратегиясын қолданамыз. Бұл оқыту стратегиясы, ашық және кең ауқымда ойлауға мәжбүр етеді. Тақтаға маңызды сөз немесе сөзтіркестері жазылады («Атамекен»), оқушылар ойларына келген бірлескен сөздерді (3 минут ішінде) жазу керек, бұл сөздік қорларын толтыруға ынталандырады (ат, ем, кен, мекен, ата, там, т.б.)

Келесі кезеңде оқушылар сөздерді тақырыптар бойынша біріктіреді (5 минут). Бұдан кейін олар топтарда «кластер» суретін парақ беттеріне салады, тақтаға шығып оны қорғайды. Басқа топтар бұл мезгілде өздерінің кластерін толықтырады, қорытындысында тақтада үлкен кластердің суреті шығады. Мысалы, «Қазақстан» сөзін алайық.





Әр ойыннан кейін міндетті түрде «Рефлексияны» жүргізіп отыру керек. Бұл қорытындыларды шығарып, жұмысты аяқтау болады. Оқушылар тек сабаққа қатысып ғана қоймай, сабақ бойы өмір сүреді, өйткені әр сабаққа қатынасатын оқушы қызықты қатынас үрдісіне еліктейді, осы уақытқа дейінгі өзіндегі бар білімі мен біліктілігін қолдана отырып сабаққа қатысады. Олар осылай өздерінің пікірлерін проза немесе өлең түрінде жеткізеді.

1-жолы – тақырып (бір сөз),

2-жолы – түрін сипаттау (екі сын есім),

3-жолы- іс-қимыл (үш сөз, сын есім немесе сөйлем).

4-жолы – сендердің қарым-қатынастарың (төрт сөзден тұратын сөйлем)


5- жолы – қорытынды (бір сөз).

Зерттеудің нәтижесі: қысқа мерзімнің өзінде (қазан айынан бері оқушылармен бірге өз жұмысымыздың қорытындысын көруге болады.

Балалардың сөздік қорлары молайып, қателік жіберуден қорықпай, оқи да, сөйлей де алатын болды. Оқушыларда жұмыс жасауға ынта болды.

Қорытынды: қазақ тілі сабақтарында сыни ойлаудың элементтерін қолдана отырып, біз оқушылармен өзіміздің бірігіп атқарған жұмыстарымыздың нәтижесін көрдік.

Әр оқушы өзінде тұлғаны танып, болып жатқан оқиғаларды мүлде басқаша сезініп, өзіне, пәнге деген басқаша көзқарас байқалып, тілдік тосқауылды жеңуге талпынып, өзінің қабілетіне сенімділік пен оқудан тек қанағаттанушылық сезімдері артты. Оқушылардың жетістіктері, білім сапасы салыстырмалы түрде динамикалық диаграмма арқылы көрсетіліп, салыстырылады.



### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кәсіби даму мектебі. А., 2007.
2. Давид Ландис. «Новые направления в школьном обучении через исследование». М., «Наука».

Тотыгүл ЕЛУБАЙҚЫЗЫ,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Ғабит Мүсірепов ауданындағы  
Буденный орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. «АНАНЫҢ АНАСЫ»

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – автор туралы мәлімет беру, әңгіменің мазмұнымен таныстыру, жазушының анаға деген сүйіспеншілігін оқушы сезімімен ұштастыру; **дамытушылық** – әдеби тіл нормасын меңгерген, шығармадан алған әсерлерін бүгінгі өмірмен салыстыра алатын, логикалық ойлау қабілеті қалыптасқан, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ананы құрметтей білуге, мейірімділікке, сыйластыққа тәрбиелеу.

**Түрі:** білімді жинақтау, қорыту сабағы. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, Сын тұрғысынан ойлау стратегиясының элементтері. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, бейнелеу өнері, сахна тілі. **Көрнекілігі:** Ғ.Мүсіреповтың портреті, плакаттар, маркерлер, интерактивті тақта.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушыларды сабаққа жұмылдыру, жағымды көңіл-күй туғызу, ынталандыру. Оқушыларды 3 топқа бөлу.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** «Ойқозғау» стратегиясы.

Ғ.Мүсіреповтың шығармашылығына байланысты «зымыран сұрақ» жүргізу:


1. Ғабит Мүсірепов туралы кім не біледі?
2. Қай жанрға қалам тербеген?
3. Бізге белгілі қандай шығармалары бар?
4. Қандай ақын-жазушылармен шығармашылық байланыста болған?
5. Шығармаларының негізгі тақырыбы не?

### III. Жаңа сабақ.


- Иә, өмірде ана атану, перзент сүю, артына ұрпақ қалдыру қашаннан да адамзат баласына тән ең асыл қасиет, үлкен арман емес пе?! Жер бетіндегі тіршіліктің өзегін келешекке жалғастыра берген, өсер ұрпағына құндақтағы шағынан ізгіліктің дәнін еккен – аналар.

Ендеше, оқушылар, ана тақырыбын біз бүгін әрі қарай жалғастырамыз. «АНА кім?» деген сауалға топ болып жауап беріп көрейікші. («Топтастыру» стратегиясы. Әр топ өздері құрған стратегияларына түсінік береді).


*1-топ. Ана деген кім? (қызметіне қарай)*



*2-топ. Ана кім? (туыстық қатынасына қарай)*



### 3-топ. Ана қандай? (қасиетіне қарай)



- Өте жақсы! Ендеше, оқушылар, осы қасиеттер «Ананың анасында» қалай бейнеленген екен, соны талдап көрейікші.

(«Ананың анасын» 3 топқа бөліп-бөліп беремін де, әр топ өздеріне берілген үзінділерді оқып, қорғайды.)

«Қайсар ана» көрінісі көрсетіледі.

#### IV. Сабақты сұрақ-жауап арқылы бекіту.


- Әңгіме неге «Ананың анасы» деп аталған? Өздерің қалай атар едіңдер?

- Сен авторы болсаң, шығарманы қалай аяқтар едің?

- Қалай ойлайсыңдар, қырық жігіт пен батырды тізе бүктірген қандай күш, нендей құдірет?

(Ананың киелі махаббаты.)

- Әңгімеден ана бейнесін, мінезін ашатын сөздерді ойлана отырып, сұрыптап жазып қойыңдар.



- Жазушының аналар тақырыбына жазған әңгімелерінің ішіндегі ең шоқтығы биігі қайсы? («ҰЛПАН» образын ашу, Ұлпанға мінездеме беру)

#### V. Қорытынды бөлім.

Әр топқа бір-бір тірек сөз беріледі, оқушылар сол сөзбен анаға байланысты мақал-мәтел, қанатты сөз немесе өлең

кұрастырып айтып, сабақты қорытындылайды.

**МЕККЕ БАЛА АЛТЫН**

«Құрметтейік, көтерейік те әйелді! Ана-әйелді құрметтейік! Оның сүюі таусыла ма, бүкіл дүние соның емшегін еміп, ержеткен емес пе? Адамда не қасиет болса, бәрі – күннің көзі мен ананың сүтінен алынған қасиет. Ананың құрметі әлі өз биігіне жеткен жоқ!»- деген жазушының өз сөзімен сабақты аяқтаймын.

**Білімдерін бағалау.**

**VI. Үйге тапсырма:** Ғабит Мүсіреповтың ана тақырыбындағы басқа да әңгімелерін оқып, олардың ортақ идеясын табу, осы әңгімемен салыстыру.



Екатерина ҚАУЫСҚЫЗЫ,  
Нұржамал СЕРІКҚЫЗЫ,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Петропавл қаласындағы  
№8 жалпы білім беретін  
мектеп-кешенінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімдері.

## **ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ**

*(Соңы. Басы өткен санда)*

**1-оқушы: ПИСЬМА ДРУЗЕЙ ГАБИТУ МУСРЕПОВУ.**

Москва, 1 марта 1951 г.

*Дорогой Габит!*

*Со второго февраля, вот уже месяц, находился в*

*Гурьеве и в Москве, а завтра отправляюсь в Алма-Ату.*

*Оказывается, в этом году я стал членом Комитета по Сталинским премиям, так вот, прибыв сюда, узнал, что опоздал на два дня. Там мне сказали, что была установка за десять дней закончить рассмотрение выдвинутых кандидатур.*

*От нас на голосование попала лишь единственная симфоническая поэма Кужамьярова и незначительным перевесом голосов она, оказывается, осталась. А другие казахстанские кандидатуры не прошли. О «Солдате из Казахстана» члены комиссии говорят, мол, эта работа в прошлом году участвовала на конкурсе, потому нет необходимости рассматривать ее повторно. Теперь судьбу оставшихся в списке решат в правительстве и в других органах. В тот же день я побывал в доме Фадеева, который собирался вылететь в Берлин. Он заверил меня, что по приезде сам лично возьмется за нее, и она пройдет. Вот я и дожидался его, сегодня он вернулся, встретился с ним, он помнит свое обещание. На всякий случай, чтобы не забыл о моей просьбе, письменно выразил ее на бумаге. Копию записки высылаю тебе.*

*«Сыр-Дарья» печатается в трех номерах «Октября». Мартовский номер журнала уже вышел, набирается и книга «Ага акын» («Поэтический брат») будет печататься в майском номере «Знамени».*

*Тут хорошо отзываются о «Караганде» Габиден, Кузьма Горбунов завершил перевод и в этом году хочет предложить «Дружбе народов».*

*Тут в Москве в мае ожидается декада Украины. Такой декады тут не знают и не помнят: приедут около 3000 человек, пять театров, филармония, численностью в 700 человек, привезут 150 новых книг (на русском языке). В*

одном «Гопаке» будут танцевать 500 человек, в оркестре 500 музыкантов!.. Чудеса, да и только! Говорят, в апреле состоится пленум ССП СССР, 16 марта – совещание молодых, от нас участвуют Кайникей, Хамит, Абдижамал.

*Пока такие новости.*

*До пленума приеду в Алма-Ату. К концу марта тебе лучше приехать сюда.*

*Творческих тебе успехов!*

*С товарищеским приветом Сабит Муканов.*

**2-оқушы:** - Амандық Жантемиров, земляк писателя Габита Мусрепова, родился 1941 г., журналист, работал заместителем главного редактора областной газеты «Солтүстік Қазақстан», сейчас на заслуженном отдыхе.

*«Мне посчастливилось периодически общаться с Габитом Мусреповым в течение 17 лет!*

*Когда я учился в Акбалыкской семилетней школе казахский язык и литературу преподавала родная сестра Габита-ага –Гульсум. Она интересно рассказывала о жизни и творчестве своего брата Габита Махмудовича. Так красиво описывала места, озера, находящиеся вблизи аула Жанажол, которые стали предметом рассказа писателя «Қос шалқар». Я мечтал о встрече с писателем. В конце концов, моя мечта сбылась. В 1969 году я поступил на заочное отделение факультета журналистики КазГУ в Алматы.*

*Когда началась установочная сессия, решил найти наших великих земляков, хотя они меня не знали. Адресов не было. Их я узнал через бюро адресов, тогда находившееся у Главпочты.*

*Дверь квартиры Габит ага открыла его жена Газиза. После краткого знакомства Габит Махмудович завел*



меня в свой рабочий кабинет. Поразило, что все стены комнаты, с пола до потолка, заняты книгами. Я впервые увидел там Коран на русском языке.

Мы долго разговаривали с писателем. Было интересно все.

Человек в молодом возрасте не очень думает о своем ауле, родственниках.

Иногда заедает текучка. А вот с возрастом тянет к родной стороне. И Мусрепов в последние годы жизни часто стал приезжать в родные края, переживать за судьбу аула, земляков. Тем более Жанажолом родной аул назвал сам.

В то время была политика укрупнения населенных пунктов. Для, так называемых «неперспективных аулов» не выделяли средства на строительство новых домов, на социальную сферу. Школа, библиотека и клуб находились в старых, запущенных помещениях. Такое положение аула, конечно, волновало писателя.

Во время одного такого посещения аксакалы аула говорили, что аул обветшал, нет работы, люди уезжают. Нет никакой перспективы. Путь возрождения аула – создать новый совхоз. Тогда будет работа и люди вернутся. Габит ага обещал помочь.

И помог. В начале 1975 года Габит Махмудович побывал на приеме у Первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Динмухамеда Кунаева. Вопрос был решен положительно.

Новый совхоз назвали «Жанажольским». Директором был назначен Жолмагамбет Айкенов. Габит ага помог через два министерства стройматериалами, техникой. Но и директор совхоза не знал покоя. Появились новые улицы, построены двухэтажная средняя школа, торговый

*центр, МТМ, ферма, зерноток и другие объекты.*

*Вот так, благодаря писателю Габиту Мусрепову, возродился аул Жанажол.*

**3-оқушы: - БОЛЬШОЕ СПАСИБО, ГАБИТ АГА!**

Отчетливо вспоминается жаркий летний день 1960 года. Накануне прошел довольно сильный дождь и на асфальте были видны многочисленные лужи, от которых поднимается вверх легкий парок.

Я в то время только переехал в Петропавловск из Советского района, жил на частной квартире на окраине города и в центре бывал не так уж часто.

Возле бывшей гостиницы увидел довольно большую группу людей. Подойдя ближе, сразу же узнал Бориса Николаевича Петрова, бывшего тогда ответственным секретарем межобластного Союза писателей Казахстана, остальные были мне не знакомы.

Борис Николаевич тоже увидел меня и когда, я поравнялся и поздоровался, сказал, обращаясь к незнакомым мне людям:

- Вот, товарищи, один из наших молодых поэтов. А это наши ведущие писатели Сабит Муканов, Габит Мусрепов, Иван Петрович Шухов, познакомься.

Завязался оживленный разговор. Особенно активно и дружелюбно расспрашивал меня, несколько смутившегося от знакомства сразу с тремя известнейшими писателями, Габит Мусрепов – о том, где я учился, кто были мои литературные учителя.

А через месяц судьба вновь свела меня с Габитом Мусреповым – теперь уже в столице нашей республики. Я был делегатом съезда учителей Казахстана и после одного из заседаний меня разыскал один из работников аппарата Союза писателей:

- Через два часа в Союзе писателей состоится встреча делегатов съезда учителей с писателями республики, - сказал он мне. - Хотелось бы, чтобы Вы выступили со своими стихами.

Я вначале недоумевал: откуда обо мне узнали в Союзе писателей, где я еще ни разу не был? И только когда зашел в небольшой зал и увидел идущего навстречу Габита Мусрепова, вспомнил, что месяц назад в Петропавловске обмолвился в разговоре с ним, что избран делегатом съезда и буду в августе в Алма – Ате. И сразу теплая волна признательности и благодарности прихлынула к сердцу: знаменитый писатель, чье имя я хорошо знал и до приезда в Казахстан, запомнил мои слова, разыскал меня и решил дать возможность выступить перед коллегами, приехавшими со всей республики, ввести в литературную среду столицы.

Он сам вел эту встречу. Выступали в переполненном зале заседаний на втором этаже – вначале несколько казахских писателей, затем – русские писатели, живущие в Алма-Ате: Иван Щеголихин, Леонид Скалковский, а после Габит ага предоставил слово мне, предварительно сказав по-казахски и по-русски, что я приехал в Казахстан из Иванова, до этого дважды приезжал сюда на уборку урожая на целину, назвал даже сборники, где были опубликованы мои стихи, и журналы, где были сказаны о них добрые слова. Упомянул и о том, что я занимаюсь переводами с других языков, переводил, в частности, стихи Омара Шипина.

В третий раз мы встретились через десять лет, в 1970 году, в том же здании Союза писателей, куда я зашел узнать о судьбе цикла стихов, отправленного незадолго перед этим в журнал «Простор».

Ғабит аға сразу же узнал меня, усадил на один из диванов в фойе и начал расспрашивать: где я жил и работал эти годы, что пишу и каковы планы на будущее. Узнав, что я работаю в районной газете, задумчиво покачал головой.

- Районная газета много даст вам в познании жизни сельских тружеников - сказал он, - но и может затянуть своей текучкой, мелкими повседневными делами. Но вы не сдавайтесь, выкраивайте время для свободной работы. И продолжайте заниматься переводами, особенно казахских поэтов и в первую очередь местных, северо-казахстанских.

Больше мне, к сожалению, не пришлось встречаться с Ғабитом ағой. Но я и поныне сердечно благодарен ему за теплую, подлинно отеческую поддержку в начале моего литературного пути. (Альфред Пряников. Писатель, журналист, наш земляк)

**4-оқушы:** - Біздің қалада Ғабит Мүсіреповтың атымен №43 мектеп, көше, кітапхана аталады. Туған ауылында мұражай ашылды. Бұрынғы Целинный ауданы Ғабит Мүсірепов ауданы деп аталды.

Жазушының шығармалары бірнеше рет басылып шықты. Оның пьесалары қазақ театрларының сахналарынан кетпейді.

#### **IV. Мұғалімнің сөзі. Алғыс айту.**

#### **V. Көрме:**

- 1) Фотосуреттер; 2) Басылған кітаптары;
- 3) Достарының хаттары.

#### **VI. Ән шашу: «Туған жер».**

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ғ.Мүсірепов. Автобиографиялық әңгімелер. Қызылжар қаласы, 2002.
2. Ғ.Мүсірепов. Пьесалар. А., 1992.

3. А.Жантемиров. «Атақоныс - ақтомпақ», Қызылжар, 2009, 93-100-б.

4. Альфред Пряников. «Большое спасибо, Габит-аға!», «Ленинское знамя», 1982, 25 марта, стр.3.

5. «Письма друзей Г.Мусрепову». Журнал «Простор», 1970, №9, 10, стр. 38-42.

6. Зейнолла Әкімжанов. «Заңғар», «Ленин туы» газеті, 1992, 7 тамыз, 9-б.

7. Г.Мусрепов. «От солнца к солнцу». Рассказ, Журнал «Простор», 1970, №4, стр.48.

8. Лидия Милехина. «Юбилей года» к 100-летию со дня рождения Габита Мусрепова. Газета «Северный Казахстан», 2002, 4 января, стр.8.



Жанна БАҚАТАЕВА,  
Астана қаласындағы  
№32 мектеп-гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҒАБИТ МҮСІРЕПОВ. “ТИМКА-ДИМКА”

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – Ғабит Мүсіреповтың өмірі мен шығармашылығы туралы таныстыру. «Тимка-Димка» әңгімесінің мазмұнын ашу; **дамытушылық** – оқушылардың сұрақтарға жауап беру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру, ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; **тәрбиелік** – оқушыларды

қарапайымдылыққа, қайырымдылыққа, бір-біріне көмек жасай білуге тәрбиелеу.

**Әдістері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, аудару, топтық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, орыс тілі. **Көрнекілігі:** Ғ.Мүсіреповтың портреті, іс-әрекет схемасы, шығармашылық жұмыс таблицасы, Ғ.Мүсіреповтың кітаптары.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен амандасып, түгелдеу.

#### **II. Үй тапсырмасын сұрап, тексеру**

(Сәбит Мұқановтың Каронмен күрес әңгімесін сұрау).

#### **III. Жаңа тақырыппен жұмыс.**

1. Ғ.Мүсіреповтың өмірі мен шығармашылығын мынадай кестемен түсіндіру:

1902 ж.	Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданында туған.
1908 ж.	Ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныған.
1917 ж.	Қостанай уезінің Обаған болысындағы 2 класты орыс мектебіне оқуға түседі.
1923 ж.	Орынбор қаласындағы жұмысшы факультетіне оқуға түседі.
1934 ж.	«Қыз Жібек» пьесасын жазды.
1945 ж.	«Қазақ солдатты» романын жазды.
1985 ж.	Қайтыс болды.

2. Оқушылармен мынадай ситуациялық жағдай жасау.

Болат пен Мұрат дос болады. Олар сабақтан бірге қайтатын. Бір күні екеуі автобусқа кіргенде Болат өзінің ақшасының жоғалғанын білді. Мұрат екеуіне 20 теңге төледі. Болат біраз уақыттан кейін Мұраттың ақшасын қайтарып берді. Мұрат алмай қойды. Мен саған досым

ретінде қайырымдылық жасадым. Сондықтан ақшаны алмаймын.

Оқушыларға мынандай сұрақ: - Сендер осындай жағдайда не істеуші едіңдер? Ойланып, сабақтың соңында айтасындар.

**3. Біздің бүгінгі өткелі отырған Ғ.Мүсіреповтың “Тимка-Димка” әңгімесі дәл осы тақырыпта.**

“Тимка-Димка” әңгімесінің мазмұнын мұғалім айтып береді. Әңгімені жақсы түсінген бір оқушы мазмұнын айтады (аудирование).

#### **4. Сөздікпен жұмыс:**

*Кезек – очередь;*

*Сыпыртқы – веник;*

*Сүбелі – известный, видный;*

*Кінәсіз – безвинный;*

*Таңқаларлық – удивительный;*

*Жымию – улыбаться;*

*Әрең – еле.*

Мұғалім оқиды, оқушылар кезек-кезек біреуі орысша, біреуі қазақша оқиды.

Осы сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құрату. Кезекке тұру. Дүкенде кезекте тұрдым. Сүбелі адам. Ол көпке танымал, сүбелі адам. Әрең қозғалды. Марат орнынан әрең қозғалды.

**5. Оқушыларды екі топқа бөліп, тапсырмалар беру.**

а) I топ. Тимка-Димкаға мінездеме бер (кітаптан оқып немесе өз сөздерімен айту).

#### **Жауабы:**

Тимка-Димка тырыған арық, момын, оқымаған, еңбек-қор, жұмыскер адам.

II топ. Тимка-Димканың іс-әрекетін талдау:

Тимканың әрекеті

- сыпыртқы береді.
- моншада жұмыс істейді.
- қарыз сұрады.
- кезекпен кіреді.

ә) Екі топ та адалдық, еңбекқорлық, шыншылдық, қайырымдылық туралы мақалдар айтуы керек.

1. Еңбек түбі – береке,  
Көптің түбі – мереке.
2. Алаған қолым – береген.
3. Адамның күні – адаммен.
4. Бір кісі мың кісіге олжа салар.

### 6. Шығармашылық жұмыс (дәптермен жұмыс).

Тақтаға сұрақтар жазылған таблица ілінеді.

Жауабын оқушылар өздері жазады.

Сұрақ		Жауабы
1	Мен қайда барушы едім?	Мен моншаға барушы едім.
2	Моншада істейтін адамның аты кім?	Тимка-Димка. Шын атын ешкім білмейді.
3	Ол менен не сұрады?	Бір күні ол менен 10 сом ақша сұрады.
4	Тимка қарызын қайтарды ма?	Тимка қарызын қайтарды, бірақ Ғабит оны алған жоқ.

### 7. Әңгімені бекіту (сұрақтар арқылы):

I топ. 1. Тимка-Димка деген кім? 2. Ол қандай адам?

II топ. 1. Тимканың адалдығы қай жерден көрінеді?

2. Автор қандай адам? (Осы жерде автор туралы қорыта кету).

Ғ.Мүсірепов кім? Қай жерде туған? Қандай мектепте оқыған? Қандай романы, пьесасы бар?

### 8. Сабақты қорыту.



Айнагүл ИСАБАЕВА,  
№121 «Құсмұрын» орта  
мектебінің мұғалімі.  
Қостанай облысы,  
Әуликөл ауданы,  
«Құсмұрын» ауылы.

## СӨЗДІК ҚОРЫ МОЛ ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАН

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушылардың өткен тілдік материалдарды қаншалықты меңгергендігін білу мақсатында түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу, жаңа тақырып аясында білімдерін қалыптастыру; **дамытушылық** – танымдық деңгейлерін көтеру, ойлау белсенділіктерін арттыру, сөздік қорларын молайту; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілге деген құрмет сезімдерін қалыптастыру, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, ой-қозғау, деңгейлеп оқыту, пікірлесу, жинақтау, компьютерді қолдану, ізденушілік. **Көрнекілігі:** оқулық, интерактивті тақта, кәртiшкелер. **Пәнаралық байланысы:** тарих, орыс тілі.

**Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:**

**а) сәлемдесу;** (- *Балалар, бүгінгі күнге қараңдаршы, аспан ашық, күн жылы, көңіл-күйіміз көтеріңкі, тамаша. Мен сендерге бүгінгі күнге жақсы көңіл-күй, сабақта сәттілік тілеймін.*)

**ә) түгелдеу; б) сабаққа даярлық.**

**Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Балалар, бүгінгі сабағымызда біз өткен «Қасиетті Түркістан» тақырыбын жалғастырамыз

және өткен сабақтарымызды қайталаймыз. Негізгі мақсатымыз – сөздік қорымызды байытумен бірге, қазақ тіліне деген құрметімізді таныту. Сабақта, біріншіден, үй жұмысын қайталаймыз, содан кейін тақырыпты жалғастырамыз, ал сабақтың соңында өтілген тілдік материалдарды қаншалықты меңгергендігін білу мақсатында түрлі жаттығу жұмыстарын жүргіземіз.

## II. Үй тапсырмасын сұрау:

Оқушылар тақтаға бір-бірден шығып, сөздерді жазады.

а) жаңа сөздерді еске түсіру, оларды қатыстырып сөз тіркесін құрау:

*қасиетті – священный;*

*көне – древний;*

*тығыз байланысты – тесно связан;*

*саяси орталық – политический центр;*

*алдымен – сначала;*

*озық – лучший;*

*кесене – мавзолей;*

*ғибадатхана – молитвенный дом;*

*мыңдаған – тысячи;*

*сала – сфера.*

ә) сөздерді хормен қайталау;

б) сөз тіркесін құрастыру;

в) сұрақ- жауап.

- Түркістан қандай қалалардың бірі?

- Бұл қала Қазақстанның қай аймағында орналасқан?

- Түркістан қаласы қазақ халқының несімен тығыз байланысты?

- Орта ғасырларда ол Орта Азия мен Қыпшақ даласы халықтарының қандай орталығы болған?

- Қасиетті Түркістанды не деп атаған?

- Қазір Түркістан қандай қала?

- Кесене неше бөлмеден және неше бөліктен тұрады?

- Түркістан қаласы неліктен әлемге әйгілі болған?

### **III. Жаңа сабақ. Сөздік қоры мол қасиетті Түркістан.**

1. Түркістан қаласы туралы бейнетаспа қарау. Түркістан қаласына бізді Бәлла апарарды және таныстырады.

Екінші оқушымыз – Мадина бізге қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесін көрсетеді.

2. - Мадина, Бәлла, рақмет сендерге. Біз бүгін көп мәліметтерді білдік. Ал, енді, өз білімдерімізді көрсету үшін келесі тапсырмаларды орындайық.

3. Үш деңгейлі тапсырмалар.

**I деңгей.** Әділбек, Дархан, Тая бірінші азат жолды көшіріп, тән дыбыстардың астын сызу.

**II деңгей.** Синтаксистік талдау.

Бастауыш. *Біз Түркістанға бардық. Біз – кім? Бастауыш.*

Баяндауыш.

*Мен Түркістанда болдым. Кім? – мен – бастауыш, Мен не істедім? – болдым-баяндауыш. Толықтауыш.*

*Олар аттардың қара торысын таңдап алды.*

*Олар – кімдер? - бастауыш.*

*Олар не істеп алды? - Олар таңдап алды. Таңдап алды-баяндауыш.*

*Олар несін таңдап алды? – қара торысын- толықтауыш.*

Анықтауыш.

*Түркістан тарихи және туристік қала.*

*Не? – Түркістан- бастауыш.*

*Түркістан не болады? - қала – баяндауыш.*

*Түркістан қандай қала? - Түркістан – тарихи және туристік қала.- Тарихи және туристік – анықтауыш.*

Пысықтауыш.

*Мерей жымың-жымың етіп сахнаға шықты.*

*Кім?- Мерей- бастауыш.*

*Мерей не істеді? - Шықты – баяндауыш.*

*Мерей қайда шықты?- Мерей сахнаға шықты. - Сахнаға*

– толықтауыш.

Мерей қайтіп сахнаға шықты? - Жымың-жымың етіп  
– пысықтауыш.

**III деңгей.** Диалог құру. «Қасиетті Түркістан қаласы»  
(Бахтияр, Владимир, Мадина, Камила).

#### **IV. Қорытынды.**

1. Ал, енді, сабақты қорытындылаймыз. «Қасиетті  
Түркістан» туралы не білдік? Кім айтып береді?

2. Сұрақтарға жауап беру.

- Ал, енді, жаңа тақырыппен бірге өткен тақырыптарды  
қайталайық.

Фонетика деген не? Қазақ әліпбиінде неше әріп бар?  
Бастауыш деген не? Баяндауыш деген не? Толықтауыш деген  
не? Пысықтауыш деген не? Анықтауыш деген не? Түркістан  
неліктен қасиетті?

#### **V. Баға қою.**

#### **VI. Үй тапсырмасын беру.**



Гүлдәурен ӘБДІҒАЗИЕВА,  
Ш.Бекмұхамбетова атындағы  
“Ойыл” орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.  
Ақтөбе облысы.

## **ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДА – СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ**

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – «Ғылым жолында»  
мәтінін түсініп оқу. Түсініксіз сөздердің мағынасын

ашу. Септік жалғауларын, сөзге дыбыстық талдау жасау үлгісін, сөз құрамына, сөйлем мүшесіне талдау үлгілерін меңгерту; **дамытушылық** – сөйлеу мәдениетін, талдау үлгілерін меңгерту. Сөздік қорларын молайту. Тақырып төңірегінде өз пікірін, ойын ашық айтуға үйрету; **тәрбиелік** – оқушыларды білімге ұмтылдыру. Жақсы қасиеттерді бойына сіңіруге, жаман қасиеттерден қашық болуға баулу.

**Көрнекілігі:** Әл Фарабидің суреті, таблица, RAFT стратегиясы, интерактивті тақта. **Әдісі:** кәртiшкелермен жұмыс, RAFT стратегиясы, интеллектуалдық ойын элементтері. **Түрі:** аралас сабақ. **Типі:** дәстүрлі.

### **Сабақтың барысы:**

Ұйымдастыру:

А) Сәлемдесу. Ә) Оқушыларды түгелдеу.

Б) Оқушы назарын сабаққа аудару.

2) Үй тапсырмасын тексеру. 9-тапсырма 58-бет.

**1-слайд.** Әл Фарабидің суреті. Ғылым жолында.

**2-слайд. Қайталау. Өткен материалды еске түсіру.**

Кәртiшкеде берілген қанатты сөздерді оқу. Сөйлемдерден қос сөздерді табу. Қос сөздердің жасалу жолын түсіндіру.

«Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған, ең алдымен, ата-ана кінәлі».

*Бауыржан Момышұлы.*

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды тарихымызды ұмыту».

*Бауыржан Момышұлы.*

«Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт».

*Әл Фараби.*

**3-слайд.** Интерактивті тақтадан қос сөздердің ережесін оқып, еске түсіру.

*Кейбір сөздер екі сөздің немесе күшейткіш буынмен сөздің қосарлануы арқылы жасалады. Оларды қос сөздер дейміз.*

*Мысалы: қыз-жігіт, биік-биік, кімде-кім, әп-әдемі. құрбы-құрдас, киім-кешек.*

Мағынаны ашу:

А) Мәтінмен танысу. Ғылым жолында.

Ә) Мәтінді оқушыларға жеке-жеке оқыту.

Б) Мәтіндегі түсініксіз сөздердің мәнін ашу.

#### **4-слайд.**

*Бар саласын – жан-жақты;*

*аттанарда – кетерде;*

*ат салысу еді – қызмет көрсету;*

*сарп еттім – жұмсадым;*

*қызмет еттім – айналыстым;*

*кейінгі заман берер – болашақ ұрпақ берер;*

*ақылы жеткен жеріне – ғылымдағы жетістігі;*

*белгі қалдыру – кітап жазу, жаңалық ашу.*

Мәтінді бөлімдерге бөліп, ат қою.

Мысалы:

1-бөлім. Ғылымды игеру сапары.

2- бөлім. Ғылымды игеруде жеткен нәтижесі.

#### **5-слайд. Ситуациялық сұрақ:**

Әл Фараби артына қандай із қалдырды?

6-слайд. Интеллектуалдық ойын элементтері арқылы түрлі тапсырмалар орындау.

Ойлан, тап!	5	10	15
Есіңе түсір.	5	10	15
Біліміңді дәлелде.	5	10	15
Кім жылдам?	5	10	15

**Ойлан, тап!**

**5 ұпай.** Диалогты оқы, жалқы есімдерді тап.

**10 ұпай.** Диалогте кездесетін жалқы есімдердің кез келген біреуіне дыбыстық талдау жаса.

**15 ұпай.** Мәтіннің 1-сөйлемін сөйлем мүшесіне талда.

**Есіңе түсір.**

**5 ұпай.** Бар саласын сөзінің мәнін аш.

**10 ұпай.** *Ерегес қозған жерде шындық таяқ жейді* тіркесінің мәнін аш, сөйлем құрап айт.

**15 ұпай.** Мәтіннің 2-сөйлемін сөйлем мүшесіне талда.

**Білімінді дәлелде.**

**5 ұпай.** Әл Фарабидің мақсаты.

**10 ұпай.** «Қыпшақ даласынан» сөз тіркесін сөз құрамына талда.

**15 ұпай.** Мәтіннің соңғы сөйлемін сөйлем мүшесіне талда.

**Кім жылдам?**

**5 ұпай.** Қос сөзге мысал айт.

**10 ұпай.** Әл Фараби сөзін септе.

**15 ұпай.** Өнер-білім туралы мақал айт.

**Сабақты бекіту.**

**7-слайд. Бекіту сұрақтары:**

Әл Фараби ғылым, білім жолына қай жерден аттанды?

Әл Фараби ғылым жолында неше жыл уақыт өткізді?

Әл Фараби кімдер үшін қызмет етті?

Әл Фараби ғылым жолында қандай белгі қалдырды?

**Сабақты қорытындылау.**

**Үйге тапсырма:** Әл Фарабидің ғылым жолындағы ізденістеріне байланысты диалог дайындау.

**Бағалау.**

## ТІЛ ДАМУЫ САБАҒЫНДА – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ

**Мақсаты:** 1) оқушылардың Қазақстан туралы білімдерін толықтыра отырып, бір жүйеге келтіру. Қазақстан туралы орыс, ағылшын тілдерінде айта білуге үйрету; 2) тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін қалыптастыру, тіл байлықтарын дамыту, электрондық оқулықпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; 3) Отанын сүйуге, байлығын қорғауға, елжандылыққа тәрбиелеу, елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ояту.

**Түрі:** кіріктірілген тіл дамыту сабағы. **Әдіс-тәсілдер:** электрондық оқулықпен жұмыс, тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу, сұраққа жауап, семантикалық картамен жұмыс, аударма жұмысы, компьютерлік оқыту технологиясы. **Көрнекілігі:** мультимедиялық жоба, компьютердегі бейнероликтер, электрондық оқулық, ту, елтаңба, әнұран.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

1. Қазақстан Республикасының әнұранын айту.

**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Жаңа сабақ.**

Мұғалімнің қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде Қазақстан туралы кіріспе сөзі.

**Электрондық оқулықпен жұмыс.** «Қазақстан – тәуелсіз ел».

а/ Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздер: *қыран, ұлттық ою-өрнек, шаңырақ, құқықтық мемлекет, Астана, байырғы*



*халық, ұлт, тәуелсіздік, мемлекеттік тіл.*

ә/ Оқимыз. *Дикторды қайталап оқу.* Қыран, ұлттық ою-өрнек, шаңырақ, ерлік күрес, конституция, құқықтық мемлекет, Астана, байырғы халық, ұлттық теңге, мемлекеттік рәміздер.

б/ Жазамыз. *Мына сөздерді бос ұяшықтарға апарып жаз.*

Бір оқушы интерактивті тақтамен жұмыс істейді */дұрыс, бұрыстығы компьютер арқылы анықталып тұрады/.*

Бір оқушы тақтаға қазақ тілінде, екінші оқушы орыс тілінде, үшінші оқушы ағылшын тілінде жазады. Қыран – орел – eagle, ұлттық ою-өрнек – национальные орнаменты – national ornaments, шаңырақ – шанырақ – shanyrak, пырақ – крылатый конь – horse, құқықтық мемлекет – правовое государство – justice state, Астана – Астана – Astana, байырғы халық – древний народ – ancient people, ұлт – национальность – nationality, тәуелсіздік – независимость – independent, қазақ тілі – казахский язык – kazakh language.

*Мұғалім қателерін түзетеді.*

### **3. Оқылым.**

а/ Мәтінді оқушылар компьютерден тыңдайды. *Мультимедиядан мәтіннің мазмұны бойынша суреттер шығып тұрады.*

ә/ Оқушылардың мәтінді оқуы.

б/ Мәтіннен таныс жаңа сөздерді оқып тап */дұрыс, бұрыстығы компьютер арқылы анықталып тұрады/.*

в/ Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз. Орыс, ағылшын тілдеріне аудару. 3 сөйлемді мультимедиялық тақтаға жазу.

1. Еуразия, орналасқан, құрлығының, Қазақстан, ортасында.

2. 9-орын, бойынша, алады, дүние жүзінде, жер аумағы.

3. Қазақ тілінде, әнұраны, Қазақстан Республикасының, айтылады.

4. Шашады, күн, сәулесін, бәріне.

5. Көк, түсі, елтаңбаның, алтын.

1. Қазақстан Еуразия құрлығының ортасында орналасқан.  
Казахстан расположен в центре Евразии. Kazakhstan is situated in center of Europe.

2. Жер аумағы бойынша дүние жүзінде 9-орын алады –  
По площади Казахстан занимает 9 место в мире. Kazakhstan take 9th place in the world for it's area.

3. Қазақстан Республикасының әнұраны қазақ тілінде айтылады. Гимн Республики Казахстан исполняется на казахском языке. The anthem of Kazakhstan is singing on Kazakh language.

4. Бәріне күн сәулесін шашады. Солнце всем посылает свои лучи. The sun is shining for everyone.

5. Елтаңбаның түсі алтын-көк. Цвет герба золотисто-голубой. The colour of arms is golden blue.

#### **IV. Пысықтау. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер:**

а/ Қазақстан қандай мемлекет?

ә/ Қазақстан қандай елдермен шектесіп жатыр?

б/ Еліміздің егемендігі туралы Декларация қашан, қай жылы қабылданды?

в/ Тәуелсіздік туралы Заң қашан шықты?

г/ Еліміздің рәміздерін ата.

2. Тест. Компьютерде орындау /*Нәтижесі экраннан шығып тұрады*/.

3. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, оны орыс және ағылшын тіліне аудар.

Мақал-мәтелдердің мағынасын орыс тілінде түсіндір:

а/ ... – оттан да ыстық /*Отан, Родина, motherland*/

ә/ Отансыз ... – ормансыз бұлбұл /*адам, человек, human*/

б/ Туған жердей жер болмас,

Туған елдей ... болмас /*ел, страна, country* /

в/ Туған жердің күні де ыстық,



... де ыстық /түн, ночь, night /


г/ Туған жердің ... тәтті /жуа, лук, onion /

«Дұрыс па, бұрыс па?»

		Дұрыс	Бұрыс
1	Тәуелсіз Қазақстан – жері кең, ірі мемлекет.	+	
2	Ол шартты түрде бірнеше экономикалық аймақтарға бөлінеді.	+	
3	Батыс Қазақстан Еуропамен шекаралас орналасқан.	+	
4	Өлкенің жер асты байлықтары көп емес.		-
5	Солтүстік Қазақстан – мұнайлы жер.		-
6	Орталық Қазақстан – Сарыарқа деп аталатын аймақ.	+	
7	Шығыс Қазақстан Семей мен Өскемен өңірін қамтиды.	+	
8	Қазақстан жері арқылы Жібек жолы өтпеген.		-
9	Республикамыздың табиғи ресурстары аз.		-
10	«Қазақстан – 2030» бағдарламасында табиғаты аймақтарын сақтау талап етілген.	+	
11	Президентіміздің жолдауында жастарды салауатты өмірге тәрбиелеу туралы айтылған.	+	
12	Ұлттық теңге – дербес ел болғанымыздың белгісі.	+	
13	Теңгеде 6-ға жуық құпия белгі бар.		-
14	Қазақстан – аз ұлтты мемлекет.		-
15	Қазақстан жерінің 50 пайызы шөл мен шөлейт.	+	
16	1990 жылдан бері қазанның 25-і – Тәуелсіздік күні.		-

#### IV. Қорытындылау. “Қазақстан – сандарда”.





**V. Үйге тапсырма:** “Тәуелсіздік құрбандары” тақырыбына шығарма жазу.

**VI. Бағалау.**



**Бақытжан КӨШЕРБАЙҚЫЗЫ,**

**Ақкөл қаласындағы**

**№2 орта мектебінің**

**қазақ тілі мен әдебиеті**

**пәнінің мұғалімі.**

**Ақмола облысы,**

**Ақкөл ауданы.**

## **БАЯНДАУЫШ**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – өткен тақырыпты жүйелеу, бекіту. Тақырыпқа байланысты өз ойын жеткізе

білуге үйрету. Баяндауыштың түрін тәжірибеде қолдану;  
**дамытушылық** – оқушының сөйлеу мәнерін, сөзжұмбақтар,  
сұрақтар тапсыру арқылы олардың логикалық ойлау, есте  
сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушыларды  
табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу.

**Түрі:** жарыс сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, түсіндіру,  
аударма. **Көрнекілігі:** сызбалар, сөзжұмбақтар, топтамалар.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:**


**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Жаңа тақырып.**

Грамматикалық тақырып (слайд арқылы түсіндіру)

Баяндауыш. Бастауыштың іс-әрекетін, қимылын, жай-  
күйін, оқиғаның болған шағын білдіретін сөйлемнің  
тұрлаулы мүшесі – баяндауыш деп аталады. Сұрақтары: Не  
істеді? Қайтеді? т.б.

**1-слайд:** Баяндауыш



**2-слайд:**

Дара баяндауыш	Күрделі баяндауыш
Нұрлан мектепте <b>оқиды</b> . Ол бөлмені <b>тазалады</b> . Інім маған <b>көмектесті</b> . Біз Қазақстанда <b>тұрамыз</b> .	Машина баяу <b>жүріп келе жатыр</b> . <b>Келе жатқан</b> үшеу екен. Бұл келешекте зор апатқа <b>әкелуі мүмкін</b> . Ол келуге <b>тиіс екен</b> .

**Оқулықпен жұмыс.** Сөйлемдердегі баяндауыштың  
орнын толықтырыңдар.

Адам баласы табиғатты **қорғауы тиіс**.

Біз бұлақтардың көзін **аштық**.

Су мол болса, астық та **мол болады**.

Көк шөпті таптауға **болмайды**.

Ата – бабаларымыз табиғатқа жанашырлықпен **қараған**.

Табиғат туралы диалог құрастыру:

#### IV. Сөздік ойын. Қазақ тіліне аудару.

Лиса – ..., глаза – ..., океан – ..., молоко – ... .

Смех – ..., слова – ..., восемь – ..., жди – ... .

#### V. Үлестірмелі қағазбен жұмыс.

##### №1. Бастауышты анықтап, астын сыз.

*Қына тасқа бітеді, Көп жасаған білмейді,*

*Білім басқа бітеді. Көп көрген біледі.*

##### №2. Күрделі баяндауышты анықтап, астын сызындар.

*Таулардан өзен ағар сарқыраған,*

*Айнадай сәуле беріп жарқыраған.*

*Жел соқса, ыстық соқса, бір қалыпты*

*Аралап тау мен тасты арқыраған. (Ы.Алтынсарин)*

Деңгейлік тапсырмалар (Сөйлемдердегі баяндауыштарды тауып, қай сөз табынан жасалғанын айтындар).


Керден үндей алмады. Ол түстен кейін командасын алаңға алып келді. Күн ашық болатын. Жер дымқыл. Алаң ортасы құм төселгендіктен тың. Айналасында сары балшық шыланып езіліп жатыр. Күннің жылы лебі сезіледі. Қайсарлар да келген. Олар екінші тордың айналасына шоғырланды (С.Сар.)

Мәтінді пайдалана отырып, сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтаңдар.


«Алфавит» ойыны. Алфавит ретімен орналасса табиғат туралы мақал шығады.

Шешуі: «Біз – табиғат қорғаны», «Табиғат – тірі дүние».

«Ұландар» тобы.



«Қырандар» тобы.



## VI. Қорытындылау, бағалау, үйге тапсырма беру.

- Бүгін сабақта не туралы сөйлестік?
- Баяндауыш дегеніміз не?
- Баяндауыш сөз құрамына қарай неше түрге бөлінеді?
- Өте жақсы, балалар, енді, жетондарымызды есептейік, қай топ алғыр, шапшаң, білімді екен?

## VII. Үйге тапсырма: ереже жаттау.



Құралай ТӨЛЕГЕНОВА,  
Семей қаласындағы  
№30 жалпы орта  
білім беретін мектептің  
қазақ тілі және әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ЕТІСТІКТІ ҮЙРЕТКЕН МАМАНДЫҚТАР

**Мақсаты:** оқушылардың қазақ тілінде ауызекі сөйлеу тілін дамыту, мамандық туралы түсініктерін кеңейту;



**білімділік** – оқушылардың ойлау қабілетін дамыта отырып, мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдету, етістік, оның түрлері туралы білімдерін пысықтау; **дамытушылық** – сөздік қорын молайту, түрлі тапсырмалар арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін, тілін, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіру, топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – қазақ тілі сабағына қызығушылықтарын арттыру, еңбекке, білімге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** суреттер, интерактивті тақта, үлестірмелі қағаздар, оқушылардың шығармашылық жұмыстары, бағалау парақтары, қоржын, асықтар. **Түрі:** аралас сабақ. **Тегі:** жаңа білім беру сабағы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану. **Әдіс-тәсілдері:** «Ойқозғау», «Мағынаны ажырату», «Ойтолғаныс» стратегиялары, сұрақ-жауап, ойын элементтері, түсіндіру, баяндау.

### **Сабақтың барысы:**

#### **I. Ұйымдастыру.**

1. Сәлемдесу.
2. Кезекші мәліметі.
3. Психологиялық жағдай туғызу.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Сондықтан сабаққа белсенді, жұмыла қатысуларыңды сұраймын.

#### **II. «Ойқозғау» сатысы.**

Сынып үш топқа бөлінген. «Алғырлар», «Тапқырлар», «Білгірлер» топтары.

Топ басшыларын сайлап қою. Бағалау парақтарын тарату.

- Балалар, өткен сабақта қандай тақырыптарды өттік? (Ұлттық ойындар. Етістік.)

Ендеше, мен қазір сендердің білімдеріңді тексерейін. Мынау – қоржын.

Оқушылар қоржыннан асықтарды алып, сұрақтарға жауап береді.

1. Қазақ халқының тұрмысы, салт-дәстүрі, ойындары немен байланысты?

2. Олар жануарлардың нелерін пайдаланды?

3. Ұлттық ойындардың қандай түрлері бар?

4. Етістік дегеніміз не?

5. Етістік сөйлемде қандай қызмет атқарады?

6. Етістіктің неше түрі бар?

- Жарайсыңдар, балалар, міне, біз алдыңғы тақырып бойынша білімдеріңді тексердік. Топ басшылары жауап берген оқушыларды бағалайды.

Енді, жаңа тақырыпқа көшейік.

### III. Жаңа сабақ. «Мағынаны ажырату» сатысы.

- Асты кім әзірлейді?

- Адамдарды кім емдейді?


- Шашты кім қияды?

- Балаларды кім оқытады?

- Үйлерді кім салады?

- Кітапты кім береді?

- Көлікті кім жүргізеді?



Тірек-схеманы интерактивті тақтада көрсету.

Осы сөздерді бір атаумен қалай атаймыз? Осы сөздердің ортақ атауы – МАМАНДЫҚ.

Сабақтың тақырыбын айтып, мақсатты айқындау.

Тағы қандай маман иелерін білеміз?

**2. Сөздікпен жұмыс** (тақтада суреттермен сүйемелдеп көрсету- көрнекілік әдісі)

1. *Егінші, диқан – полевод;*
2. *Емдейді – лечит;*
3. *Болғым келеді – хочу стать;*
4. *Ерекшелігі – особенности;*
5. *Таңдап алады – выбирает.*

Сөздермен сөз тіркестерін немесе сөйлемдер құрастыру.

3. Дәптерлеріңе жаңа сөздерді қолданып, мына кестені жалғастырып жазыңдар:

№	Бұл кім?	Ол не істейді?
1	Бұл – мұғалім	Ол балаларды оқытады.
2		
3		
4		

**4. Сергіту сәті. «Дұрыс па, бұрыс па?» ойыны.**

Дұрыс болса қол көтереді, бұрыс болса көтермейді.

Қойшы балаларды оқытып жүр.

Жүргізуші машина жүргізеді.

Аспазшы үй салып жүр.

Дәрігер адамдарды емдейді.

Тігінші әдемі киім тігеді.

Суретші сахнада ән айтып тұр.

- Жарайсыңдар, балалар. Енді мәтінмен жұмыс жасайық.

**5. Мәтінмен жұмыс.**

Мамандық

Әр түрлі мамандық бар. Олар: дәрігер, мұғалім, наубайшы, жүргізуші, егінші, шаштараз, кітапханашы, сатушы, аспаз және тағы басқалар.

Мамандықтардың барлығы адамға керек. Әр мамандықтың өз ерекшелігі болады.

Дәрігер адамдарды емдейді.

Мұғалім балаларды оқытады.

Наубайшы нан пісіреді.  
Жүргізуші машина жүргізеді.  
Екінші егін егеді.  
Шаштараз шаш қияды.  
Кітапханашы кітап береді.  
Аспаз тамақ даярлайды.  
Барлық мамандықтар жақсы, қызықты. Әр адам өзіне  
унаған мамандықты таңдап алады.

Мәтінді мәнерлеп, тізбектеп оқу.

Сұрақтарға жауап беру.

### **6. Мәтін бойынша топтық жұмыс.**

I топ. Мәтіннен төрт сұрақ шығару.

II топ. Мәтіннен етістіктерді тауып, түрлерін ажырату.

III топ. Мәтіннің негізгі ойын тауып, қысқаша мазмұндау.

### **VI. Сабақ қорытындысы. «Ойтолғаныс» сатысы.**

- Балалар, мен сендерге тапсырма бергенмін. Соны тексерейік. Әркімге өз ата-аналарыңның мамандықтары туралы әңгімелеп жазып келуді тапсырғанмын.

**1. Көрмедегі жұмыстармен таныстыру.** Оқушылар ата-аналарының мамандықтарымен таныстырады.

**2. «Кім не істейді?» ойыны.** Ойынның шарты: жұбын табу керек

Дәрігер	бала оқытады.
---------	---------------

Өңдеуші	тіс емдейді.
---------	--------------

Шахтер	кітап өңдейді.
--------	----------------

Құрылысшы	көмір қазады.
-----------	---------------

Сатушы	үй салады.
--------	------------

Мұғалім	тауар сатады.
---------	---------------

Тақтамен жұмыс.

**VII. Үй тапсырмасы:** 96-бет, 4-тапсырма, «Менің болашақ мамандығым» тақырыбына шағын әңгіме немесе шығарма жазып келу.

**VIII. Топ басшылары оқушыларды бағалайды.**

## ЖАҢА СӨЗДЕРІ ҚЫЗЫҚТЫРҒАН КОНСТИТУЦИЯ

**Сабақтың мақсаты:** Ата Заң туралы мағлұмат беру. Сауатты жазуға, оқуға үйрету, байқампаздыққа, шапшаңдыққа баулу, қазақша сөйлеу, есте сақтау, көру, есту, ойлау қабілеттерін дамыту, оқушыларды Отан алдындағы борышын сезінуге, елін, туған жерін сүйуге, оны көздің қарашығындай қорғай білуге тәрбиелеу. Ел алдындағы қасиетті парызы мен міндеттерін орындауға күш-жігерін жұмылдыру.

**Түрі:** жаңа сабақты меңгеру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, салыстыру, жинақтау. **Көрнекілігі:** тірек-сызба, таблица.

### **Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Сәлемдесу. Сыныпты түгелдеу. Санитарлық, гигиеналық-тазалықты қадағалау.

### **II. Үй тапсырмасын тексеру.**

### **IV. Жаңа сабақ.**

- Балалар, бүгінгі ашық сабағымыздың тақырыбы – Ата Заң, яғни, «Конституция күні» деп аталмақ. «Конституция» сөзі латын тілінен аударғанда «орнату», «құру» деген мағынаны білдіреді. Әр мемлекеттің қалыпты өмір сүріп, тұрақты дамуы үшін өз заңдары болады. Осы демократиялық (халық билігі) басқарудың тамаша үлгілері біздің ата-бабаларымызда да болғанын естен шығармауымыз керек. Қазақ халқының тарихында да «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысы»

ағты заң үлгілері болған. Азаматтардың құқығы, бостандығы мен міндеттерін белгілейтін заң Конституция деп аталады. Қазақ мемлекетінің тарихында да 5 Конституция болған екен. Ең соңғы Ата Заңымыз 1995 жылы 30 тамызда шықты. Бұл күн бүкіл халықтық мереке болып табылады.

### **Ол 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады.**

1-бөлім. Жалпы ережелер.

2-бөлім. Адам және азамат.

3-бөлім. Президент.

4-бөлім. Парламент.

5-бөлім. Үкімет.

6-бөлім. Конституциялық кеңес.

7-бөлім. Сот және сот төрелігі.

8-бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару.

9-бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер.

Ата Заңда Қазақстанда өмір сүретін өзге халықтардың достығы, еліміздің баянды өмір сүруіне мүмкіндік беретін бостандықтар қамтылған. Қазақстанның Ата Заңында «мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және оның құқықтары мен бостандықтары» делінген. Адамның өмір сүру құқығы бала дүние есігін ашқаннан пайда болады. Оны бұзуға ешкімнің қақысы жоқ. Бұл туралы 2 – бөлімде айтылған.

Осы бүгінгі сабағымыздың жаңа сөздерімен танысайық:

*Орнату, құру – установить, строить;*

*Әлеуметтік – социальный;*

*Кепіл – гарантия;*

*Анықтау – определить;*

*Шешу – разрешить;*

*Қасиетті – святой;*

*Парыз – долг;*

*Бап – статья;*

*Қарастырылған – рассмотрены.*

Осы сөздердің көмегімен мәтінді аударып, диалогпен жұмыс жасап, тапсырмалар орындайық.

**1-тапсырма.** Диалогтың мәнін түсініп, өзара сөйлесіңдер. Диалог бойынша Конституция туралы айтып беріңдер. Туынды сын есімдерді теріп жазыңдар, жұрнақтарын анықтаңдар.

- «Конституция» сөзінің мағынасы қандай?
- Бұл сөз латын тілінен аударғанда «орнату», «құру» деген мағынаны білдіреді.
- Конституция нені білгілейді?
- Азаматтардың құқығын, бостандығы мен міндеттерін белгілейді.
- Қазақ мемлекетінің тарихында қанша Конституция болды?
- Бес.
- Соңғы Конституция қай жылы шықты?
- 1995 жылы шықты.
- Бұл Конституцияның маңыздылығы неде?
- Республикамыздың өзін демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялағаны.

**Дәптермен жұмыс.** Үлгі: демократиялық, әлеуметтік, құқықтық.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып, аударыңдар. Сызба бойынша мазмұнын айтып беріңдер. Мәтінге ат қойыңдар.

1995 жылы 30 тамызда Ата Заң қабылданды. Ол – бүкіл қазақстандықтардың еркіндігі мен құқығының кепілі. Ата Заң қабылданған күн – 30 тамыз бүкіл халықтық мереке деп жарияланды.

Бұл негізгі Заң Қазақстан Республикасының маңызды мәселелерін анықтап, ашып, шешіп береді.

Негізгі Заң, ең алдымен, адам құқығын анықтайды. Қазақстанда тұратын әрбір адамның еркіндігі мен

құқығының кепілдігі жан-жақты қарастырылған. «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп жазылған. Конституция 9 бөлімнен, 98 баптап тұрады.

30 тамыз 1995 жыл

9 бөлім

Ата Заңның қабылдануы

98 бап

Қазақстанның еркіндігі мен  
құқығының кепілі

анықтау

Негізгі Заң

маңызды мәселелерді

ашу

шешу

**3-тапсырма.** 2-тапсырмада берілген мәтіннен сын есімдерді теріп жазып, жұрнақтарын белгілеңдер, жасалу жолдарын түсіндіріңдер.

Үлгі: халық – тық, тық – сын есім тудырушы жұрнақ.

Негіз – гі, бар – лық, маңыз – ды, қасиет – ті.

**4-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріңдер. «Алтын сақа» ойыны арқылы орындату.

1. Қазақстанда Конституция күні қашан тойланды?
2. Ата Заң қашан қабылданған?
3. Ол Заңда нелер қарастырылады?
4. Бұл Заң қандай мәселелерді анықтап, шешеді?
5. Конституция неше бөлімнен және неше баптан тұрады?

**5-тапсырма.** Конституцияның 7-бабын сөздікті пайдаланып аударып, жаттап алыңдар. Ортаға



«Аудармашылар» шығады.

### 7-бап.

1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі.

2. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару орындарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

3. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды.

**6-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды қойып, көшіріп жазыңдар.

*Өнер... кісі. Қайрат... жігіт. Әдеб... шығарма. Тарих... оқиға. Халық... мереке. Маңыз.. құжат. Құқық... мемлекет. Әлеумет... жағдай. Еңбек... халық. Қоғам... хор. Жоғар... дәреже.*

**V. Жаңа сабақты қорытындылау, бекіту.** Республикамен Конституция күніне тән белгілерді тап.

Республика күні				Конституция күні			

1990 жылғы қазанның 25-і.

1. 1995 жылы, 30 тамыз.

2. Адам құқығын анықтайды.

3. 1992 жылы белгіленді.

4. Әлемдік қауымдастыққа біздің ел де тең дәрежелі мүше болды.

5. 9 бөлімнен 98 баптан тұрады.

6. Әрбір азаматтың қасиетті парызы және міндеті.

7. Егемендігі туралы декларация қабылданды.

**VI. Бағалау.** «Ашық журнал» арқылы оқушылардың алған білімін бағалау.

**VII. Үйге тапсырма:** мәтінді оқу, аудару, жаңа сөздерді, 7-бапты жаттау.

## ҚАЗАҚТЫҢ ДАСТАРҚАНЫ СӨЙЛЕТЕДІ

**Сабақтың мақсаты:** ұлттық тағамдар туралы тереңірек мағлұматтар беру. Сөздік қорын байыту, оқушылардың танымдылықтарын, өз ойларын еркін жеткізу, өз бетімен әрекеттену дағдысын қалыптастыру. Адамгершілік, сыйластыққа тәрбиелеу. Қазақ ұлтының тұрмыстық мәдениетінің ізгілікті рухын сезіндіру.

**Түрі:** аралас. **Әдістері:** түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.  
**Көрнекілігі:** суреттер, сызбалар, кестелер, интерактивтік тақта.

### **Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу. Кезекші есебі.
2. Тіл дамыту кезеңі:
  - Бүгін аптаның қай күні?
  - Қандай ай?
  - Сәуірдің нешінші күні?
  - Қазір жылдың қай мезгілі?
  - Сабақтың жалпы тақырыбы қандай?
  - Сабақтың негізгі тақырыбы қандай?
3. Үй тапсырмасын тексеру.
4. Жаңа сабақ.
  - Бүгін сабақтың тақырыбын анықтау үшін мына жұмбақты шешіндер.  
«Дәмді-дәмді тағамдар мен қонақтарды жинайды».
  - Дұрыс, бұл – дастарқан. Сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы – «Қазақтың дастарқаны». Бүгін біз сабағымызда

қазақтың дастарқан дәстүрімен танысамыз. Осы тақырыпқа байланысты жаңа сөздер сырына үңіліп, оқимыз, аударамыз, буындарға бөлеміз, түсіндіреміз. Осы жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырамыз. Сөйлем мүшелерін қайталаймыз. Сабақта бірнеше жұмыс түрлерін жасаймыз.

а) Тақтамен жұмыс. Оқушылар «Дастарқан» сөзінен сөздерді құрап, оқиды.

### «Дастарқан»

ас ат ата дана ара қан тарақ арқа қанат қара  
тар ақ қар қант қарт астана рақат астана ар  
қараша дастан сат

ә) Жаңа сөздер:

дәм	дәннен жасалған
аттамайды	қуырған бидай
ауыз тимей	көп күттіруге

1. Мұғалім жаңа сөздерді дауыстап, мәнерлеп оқиды.

2. Сөздерді тізбектеп оқу, жазу, аудару, буындарға бөлу, түсіндіру.

3. Сөз тіркестерін құрастыру. Мысалы: тамаша дәм, дәннен жасалған тағам, тәтті қуырған бидай және т.б.

б) Сергіту сәті. Жаңылтпаш оқу.

«Тұз мұздай, мұз тұздай».

«Тәп-тәтті-ақ,

Тәп-тәтті еттен

Келіп дәм тат».

в) Тыңдалым (Оқушылар тыңдалымды мұқият тыңдайды).

### Қазақтың дастарқаны

Қазақта дастарқаннан, дәмнен үлкен нәрсе жоқ. Дастарқаннан аттамайды. Дастарқандағы дәмнен, тағамнан ауыз тимей кетуге болмайды. Қазақтың ұлттық дастарқанында тамақтардың негізгі үш түрі болады. Олар: ет, сүт, нан тағамдары. Ет тағамдарына – бесбармақ, қуырдақ,

карта, қазы, жал-жая жатады. Сүт тағамдары – ірімшік, сүт, май. Дәннен жасалған тағамдар – тары, қуырылған бидай, жент, талқан. Нан тағамдары – бауырсақ, шелпек. Тамақ ішуге шақырғанда тамақты көп күттіруге болмайды.


ғ) Сұрақ-жауап.

- Қазақта неден үлкен нәрсе жоқ?
- Нені аттамайды?
- Ұлттық тағамдар неше және қандай түрге бөлінеді?
- Осы мәтіннің мазмұнын орысша кім айтады?
- «Қазақтың дастарқаны» деген мәтіннің мазмұнын қазақша кім айтады?

д) Оқулықпен жұмыс. Оқулықтың 125-бетіндегі оқушылар мәтінді тізбектеп, мәнерлеп оқиды.

е) Грамматикалық жұмыс. Сызба бойынша «Сөйлем мүшелері» деген ережені қайталау.

### Сөйлем мүшелері



бастауыш	баяндауыш	толықтауыш	анықтауыш	пысықтауыш
кім? не?	не істеді?	кімді? нені?	қандай?	қайда?
кімдер?	қайтті?	кімге? неге?	қай?	қайдан?
нелер?	не қылды?	кімде? неде?	кімнің?	қашан?
кімі?	т.б.	кімнен? неден?	ненің?	қалай?
несі?		кіммен? немен?	неше?	неге?
			нешінші?	не үшін?

ж) Тақтамен жұмыс. Оқулықтың 124-бетіндегі 5-тапсырманы балалар тақтаға шығып, жазып, талдайды.

### 5. Жаңа сабақты қорыту.

- Қонақ келгенде біз не істейміз? (Амандасамыз, қонақтарды төрге отырғызамыз).
- Қонақтарды қалай қарсы аламыз? (Үй-іші аман ба? Денсаулық қалай?).
- Қонақтарға не жаямыз? (Дастарқан жаямыз).

- Балалар, дастарқанның бас тағамы не? (Нан).
- Нан туралы не білесіңдер? (Бір оқушы тақтаға шығып «Нан» жайында әңгімені жатқа айтады).
- Нан, ас, тағам туралы қандай мақалдарды білесіңдер?
- «Ас – адамның қуаты,                      «Той тамағы – тәтті»  
Ат – адамның қанаты».                      «Сыйлап берсе, суын іш».
- «Тату үйдің тамағы тәтті»,                      «Сыйласқанның суын іш»
- Бүгін сабақта қонақтар отыр. Біз қонақжай адамдармыз, сонымен біз оларды күтеміз, сыйлаймыз.
- Ережені қайталау. Сөздерді жаттау, әңгімені жатқа білу.  
Бағалау. Қоштасу.



Гүлжан НҮРПЕЙІСОВА,  
Өскемен қаласындағы  
№26 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ОЮМЕН ОЙ АЙТҚАН ЕЛМІЗ

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың ою-өрнек туралы түсінігін арттыру. Шеберлікке, әдемілікке, өнерге, ою-өрнектерімізді құрметтеуге баулу. Өнерге ынтасын дамыту. Халқымыздың асыл мұрасын, салт-дәстүрін, өнерін құрметтеуге тәрбиелеу. Эстетикалық талғамын ұштау.

**Міндеттері:** 1) ұлттық қолөнердің қайнар көзін ашу;  
2) қазақтың ою-өрнегінің сұраныстарын жандандыру;  
3) өткен мұраны жинақтау. **Әдістері:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, топпен жұмыс. **Көрнекілігі:** оюлар үлгісі. **Түрі:** көңілді

**Сабақтың барысы:** Ұйымдастыру кезеңі.

1. «Экспресс-сұрақ».

- Қазақ халқының өнердегі ұлттық байлығының бірін атаңдар.

- Қазақ халқының өнердегі ұлттық байлығының бірі – ою.

- Ою дегеніміз не?

- Ою дегеніміз – өнер.

- Ою-өрнек неше топқа бөлінеді?

- Ою-өрнек 4 топқа бөлінеді.

- Жасалу техникасына қарай қандай ою-өрнектерге бөлінеді?

- Жасалу техникасына қарай сызылған, қиылған, сырылған ою-өрнектер болып бөлінеді.

- Әзірше, ғалымдар ою-өрнектің неше түрін анықтап отыр?

- Әзірше, ғалымдар ою-өрнектің 200 түрін анықтап отыр.

- Оюдың пайдасы бар ма?

- Әрине, бар. Ою ойды бір жүйеге келтіреді, жүйке қызметін жақсартады, түстерді таңдауға үйретеді.

2. «Сөз шебері» (Ою-өрнек, өнер туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?)

3. «Білімді мыңды жығады» (Оюдың аты жазылған тұсқа оюдың мағынасын білдіретін сөзді қойыңдар).

«Құс» - бақыттың белгісі.

«Түйетабан» - алыс сапар.

«Қошқармүйіз» - қайрат, бірлік.

«Ирек» - адамның өмір жолын білдіреді.

«Гүл» - бейбітшіліктің, қуаныштың белгісі.

«Жұлдыз» - бостандықтың белгісі.

«Бұғымүйіз» - батырлықты, билікті білдіреді.

«Ботакөз» - оқу, білімді білдіреді.

4. Сен білесің бе? (Ою-өрнектің түсі нені білдіреді?)

5. Поэзиялық сәт. (Ою-өрнек туралы өлеңдерді жатқа оқу).

6. Ою ойғанның ойы ұшқыр (Оюшы қыздарымыз ою ояды. Неше ою ойса, сонша ұпай жинайды, ал ортаға шыққан екі ұл адымдаған сайын бір оюдың атын атайды. Қай бала оюдың атын көп атаса, сол жеңеді).

7. Тапқыр болсаң тауып көр (Оюдың мағынасын тыңдай отыра, ою түрін табыңдар).

1. Малдың сынған мүйізіне ұқсайтын – сынықмүйіз.

2. Мал таңдайының бедерін бейнелеуден шыққан ою-өрнек – таңдай.

3. Малдың, аңның тісіне ұқсас, молшылықтың белгісі – тіс.

4. «Ит – жеті қазынаның бірі» деп иттің құрметіне иттанбан жасалған.

5. Мүйіз оюы немесе шахмат шаршылары бейнеленген құстың қанаты тектес ою-өрнек – құсқанаты.

6. Бұл ою ең көне оюлардың бірі – тоғызтөбе.

8. Мұражай хабаршылары.

9. Атымда менің сырым бар (Бір ою-өрнектің мән-мағынасын ашып беру).

10. Белес.

- Өнер, білім, еңбекке

Жақын болар ұрпақпыз.

Он саусағы майысқан

Шебер болар ұрпақпыз.

(Мына даналық сөздер шашыранды түрде беріліп тұр. Егер сендер дұрыс құрастыра білсеңдер, біздің тақтамызда гажайып ою-өрнектің бейнесі шығады).

«Қазақта ою ойғанның ойы ұшқыр» деген сөз бар. Ою-өрнек – кешегі ата-бабаларымыздың тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі, бізге аманаттап кеткен мұрасы. Осы мұраны аман-есен сақтап, әрі қарай дамытып, жетілдіріп, қазақ деген

халықтың өнерін дүние жүзіне тарту ету – өскелең ұрпақтың – біздің міндетіміз. Сөзімді ақын Фариза апамыздың мына бір өлеңімен аяқтағым келіп отыр:

Түрін-ай текеметтің! Асыл қандай!  
Әжем кеп сипағандай шашымнан жай.  
Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.  
«Келе ғой, қошақаным, өзіме!»- деп,  
Күйімді кешсеңдер-ау сол беттегі,  
Тұрғандай ана-көңіл тербеп мені.  
Жан бітіп жайраңдады жан жағымнан  
Қазақтың моншақталған өрнектері.



Айшолпан ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ,  
Көкшетау қаласындағы  
№6 орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ӘЛ ФАРАБИҒА ҚАТЫСТЫ СӨЗДІК

**Сабақтың мақсаты:** 1. Тарихта жұлдыздай жарқырап із қалдырған, Шығыстың «Екінші Аристотелі» атанған ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет алу, өз бетінше шығармашылық ізденіс жасауға дағдыландыру; 2. Оқушыларды Әл Фараби өнегесі арқылы еңбексүйгіштікке, білімқұмарлыққа тәрбиелеу; 3. Шығармашылық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ой-өрісін, сөздік қорын молайту.

**Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегиялары, сұрақ-жауап, пікір алмасу, әңгімелеу. **Жұмыс түрі:** топтық, жұптық.



**Техникалық құралдар:** интерактивті тақта.

**Сабақты өту барысы:**

Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу, оқушылардың сабаққа дайындығын бағалау.

а) Әдемі әуен арқылы оқушылардың назарын сабаққа аудару.

ә) Поэзия минуты. Балалар өнер-білім туралы білген мақал-мәтелдерін естеріне түсіріп айтады.

Жаңа сабақты түсіндіру: Әбу Насыр әл Фараби.

**Сабақтың эпиграфы:** «Саналы өмір – оқу мен білімде».

Сыныпты 3 топқа бөлу, әр топ осы бағдар бойынша жұмыс істейді:

1-топ – «Данышпан өмірі».

2-топ – «Ғылым, өнер иегері».

3-топ – Фарабитану.

**Мұғалім:** - Тірек-сызба арқылы Шығыстың «Екінші Аристотелі» атанған ұлы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы слайд-шоу:

Түрік, парсы, араб, грек, латын, санскрит тілдерінде еркін сөйлеп, жаза білген.

Математика, астрономия, заң, философия, медицина, архитектура ғылымдарын меңгерген.

Бағдат, Алеппо, Дамаск қалаларында болып, Аристотель, Евклид, Архимед еңбектерін оқыды.

**Әбу Насыр әл Фараби –** ұлы энциклопедист-ғалым, ойшыл. 870 ж. Отырарда туған.

200-ге жуық ғылыми еңбектері бар. «Музыканың ұлы кітабы», «Бақытқа жол сілтеу», «Жұлдыздар бойынша болжаулар», т.б.

Жақсы музыкант болған. Домбыра, қобыз секілді «қыпшақ» аспабын жасаған.

950 ж. 80 жасында Шам қаласында қайтыс болған.

Сөздік жұмысы: жеке оқу, топпен оқу.  
қолбасшының отбасында – в семье полководца;  
құштар болған – был сильно увлеченный;  
тайпасынан – с племени;  
дәлелдеген – доказал;  
берекеге толады – будет в изобилии;  
өркениетке – к цивилизации;  
талас тугызған – вызывал спор.

Әр топқа тапсырма беріледі. Жаңа сөздерді пайдаланып,  
мына тапсырмаларды орындау:

1-топ: мына сөздерге синонимдік қатар құру:

*Құштар болған –*

*Тайпасынан –*

*Ежелде –*

2-топ: сөз тіркесіндегі асты сызылған сөзді ауыстырып,  
басқа сөз тіркесін жасау: талас тугызған.

3-топ: сөздерге синонимдік қатар құру:

*бейнесі –*

*бала кезінен –*

*елде –*

Мәтінмен жұмыс.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан әл Фараби 870 жылы  
Отырар қаласында қыпшақтың әскери қолбасшысының  
отбасында туған. Отырар қаласы ежелде Тарабан деп  
аталған. Орта ғасырлық ғалым Махмұт Қашқари «Диуани  
лұғат ат-түрік» атты еңбегінде «Фараб қаласының  
түрікше аты-Қарашоқы» деген екен.

Бала кезінен білімге құштар болған әл Фараби  
энциклопедист – ғалым атанды. Өзі бірнеше музыкалық  
аспап жасап шығарған. Солардың ішінде «қыпшақ» деген  
де аспап болған екен. Ол осы күнгі қазақ халқының ұлттық  
аспабы – домбыраға ұқсас келеді. Өмірінің соңында 70-ке  
жуық тіл білген.

Әл Ғараби еңбектерін қазақтың ірі ғалымы Ақжан Машанов көп зерттеген. Кейінгі кезге дейін әл Ғараби қай елдің ғалымы, ұлты кім деген сұрақтар талай ғалымдарды ойландырып, талас тугызған. Бірақ Ақжан Машанов әл Ғарабидің ұлты – қазақ деп ғылыми түрде дәлелдеген. Әл Ғараби бейнесі тұңғыш ұлттық валюта – теңгеде бейнеленген. Қазіргі Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасында әл Ғарабидің 50 шақты еңбегі бар.

### **Мәтінге тапсырма:**

- Мәтінді оқушылар азат жолдар бойынша оқиды /әр топтан 1 оқушы/.
- Сұрақтар құрастырады /жұптық жұмыс/.
- Мәтіннің мазмұны бойынша жоспар құрастырады /топтық жұмыс/.
- Мәтінге ат қояды /жеке жұмыс/.
- Өз бағдарларына байланысты алған мәліметті қорғау /спикердің жұмысы/.
- Әр топ бір сөйлемге толық синтаксистік талдау жасау керек.
- Эйлер Венн диаграммасы арқылы ұлы ғалымдармен ұқсастығы мен үндестігін табу



Абай Құнанбаев		Әбу Насыр әл Фараби
Қорқыт ата		Әбу Насыр әл Фараби
Сүйінбай Аронұлы		Әбу Насыр әл Фараби

## Оқушылардың білімдерін қорытындылау.

**1. Әбу Насыр әл Фараби қай жылы, қай жерде дүниеге келген?**

- а) 870 ж. Отырар қаласында;
- ә) 950 ж. Шам қаласында;
- б) 780 ж. Бағдат қаласында.

**2. Махмұт Қашғаридің «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде Отырар қалай аталды?**

- а) Тарабан; ә) Түркістан; б) Қарашоқы.

**3. Әл Фарабидің әкесі кім болған?**

- а) Ұстаз; ә) Әскери қолбасшы; б) Ғалым.

**4. Оның алғашқы ұстазы кім болған?**

- а) Ақжан Машанов;
- ә) Аристотель;
- б) Омар һаям.

**5. Әл Фараби кіммен ел аралап, ән-күйді үйренген?**

- а) Әкесі; ә) Қорқыт ата; б) Авиценна.

**6. Еңбектерін қай тілде жазған?**

- а) Араб;
- ә) Парсы;
- б) Латын.

**7. Әбу Насыр еңбектерін кім зерттеген?**

- а) Ахмет Байтұрсынов;
- ә) Ақжан Машанов;
- б) Ш.Уәлиханов.

**8. Неге энциклопедист-ғалым атанған?**

- а) көп тілдерді білгеннен;
- ә) жан-жақты ғылымдарды меңгергеннен;
- б) көп шәкірттері болғандықтан.

**9. Шәкірті кім?**

а) Аристотель;

ә) Архимед;

б) Әбу Әли ибн Сина.

**10. Қай жылы, қайда қайтыс болған?**

а) 950 ж. Отырар қаласында;

ә) 870 ж. Дамаск қаласында;

б) 950 ж. Шам қаласында.

**Үй жұмысы:** әр топ өз бағдары бойынша шығармашылық ізденіс жасап, қосымша мәлімет жинастырып, слайд-презентация жасап әкелуі керек.

**Бағалау.**



**Роза СЕЙІЛХАНҚЫЗЫ,**  
Көкшетау қаласындағы  
№8 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **КӨНЕ ТҮРКІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ ӨТКЕН ШАҚ**

*(11-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – көне түркі жазба ескерткіштері туралы мәтінді оқып, мазмұнын айтып беру. Етістіктің өткен шағын қайталай отырып, жазбаша жұмыстарды орындау; **дамытушылық** – оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдап, қосымша мәлімет алу. Слайд

көру арқылы ескерткіштердің түрлерін біліп, тану. Түркі дәуірінің ескерткіштерін көру арқылы танысу; **тәрбиелік** — көне түркі жазба ескерткіштері тек қазақ халқының мұрасы болмай, бүкіл адамзаттың мұрасы болып табылатынын балаларға жеткізу және оны қадір тұтуға баулу.

**Түрі:** жаңа тақырыпты меңгеру. **Әдісі:** сұрақ-жауап, оқушылардың шағын ғылыми жобаларын қорғауы, интерактивтік тақтаны қолдану. **Көрнекілігі:** интерактивтік тақта.

### **Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй жұмысын тексеру (сұрақ-жауап).

Бүгінгі сабақтың тақырыбы: Көне түркі ескерткіштеріндегі өткен шақ (II слайд).

Көне түркі ескерткіштері, оның қандай топқа бөлінетін, қандай жазу және не арқылы бізге жеткенін мәтін оқу арқылы білеміз. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдау арқылы қосымша мәлімет аламыз, сұрақтарға жауап береміз.

### **III. Жаңа тақырыпты талдау:**

Кез келген халық, ру, тайпа ұлт болу үшін оның басынан кешірген тарихы болады. Сол секілді түркі халқының да өзіндік тарихы бар. Түркі халқының дүние жүзіне халық болып танылуы VI ғасыр ортасында басталды. Сол себепті де ежелгі дәуір әдебиеті VI-XV ғасырлар аралығын қамтиды деп жорамалдайды. Бұл кейінірек қазақ халқының құрамына енген қазақ ру, тайпаларының ежелгі ру, ұлыс дәуіріндегі әдебиеті. Бұл ерте кездегі түрік, ру-тайпаларымен бірге жасалған ортақ әдебиеттің өзін 3 кезеңге бөліп қарастырады. Сол туралы бүгінгі сабақтан білеміз.

«Бұл тас ескерткіштердің мәдени маңызы, құны қандай болмасын алтыннан, қандай болмасын асыл тастан да артық, олардың құнына баға жетпейді... Бұл тас кітаптарды сақтау — біздің парызымыз болып табылады, себебі олар

түріктерге ғана емес, барша адамзатқа тиесілі. Олар біздің төл тарихымыз бола отырып, бір мезгілде жалпыадамзаттық құндылық болып табылады».

*Олжас Сүлейменов.*

*Моңғолия, 1975 ж.*

III слайд. Жаңа сөздер:

*Бөлінеді – подразделяются;*

*Тасқа жазылған жазулар – надписи на камнях;*

*Табылған – найденные;*

*Қолданған – использовали.*

1. Оқу.

2. Кейінгі ықпал бар сөзді тап (табылған).

Өздік етіс жұрнағы бар сөзді тап (бөлінеді).

Қабыса байланысқан сөз тіркесті тап (тасқа жазылған жазулар). Зат есімнен жұрнақ арқылы жасалған етістікті тап (қолданған).

3. Синоним келтіру. IV слайд.

*Ескерткіш – жәдігер;*

*Өмір – дүние, жалған, тіршілік, дәурен, ғұмыр;*

*Салт – рәсім, дәстүр, ғұрып, әдет, жөн;*

*Аймақ – өлке, уәлаят.*

Антоним келтіру. Омоним келтіру. V слайд.

Ірі – ұсақ;

Қой – 1. Зат есім, жануардың атауы.

Көне – жаңа;

2. Етістік, заттың қимылы.

Жаз – 1. Зат есім, мезгілдің бір түрі.

2. Етістік, заттың қимылы.

4. Есте сақтау қабілетін дамыту.

Оқулықтың 73-бетіндегі мәтінмен жұмыс.

1. Оқушылар мәтінді тізбектеп, мазмұнын түсініп оқиды.

2. Сұрақ-жауап құрастыру.

- Көне түркі әдебиеті неше топқа бөлінеді?

- Неліктен олардың атауы солай аталады?

- Олар қай ғасырда, не туралы жазылған?

- Қандай жазумен жазылған?
- Көне түркі жазулары неге ойылып жазылған?
- Ең ірі ескерткіш қандай?
- Күлтегін ескерткішінің көшірмесі қайда қойылған?

3. Мәтінді іштей оқу.

Көне түркі ескерткіштері туралы не білдік? (алған білімдерін қорыту, дұрыс, сауатты сөйлемдер құру).

Оқушылар өздерінің ғылыми жобаларын қорғап, сұрақ-жауап құрастырады.

**IV. Қолдану.** Өткен шақ ережесін кесте арқылы қайталау.

Жедел өткен шақ – түбір +ды/ді, ты/ті+жіктік жалғау

Бұрынғы өткен шақ-түбір+ған/ген, қан/кен+жіктік жалғау

түбір+ып / іп / п+жіктік жалғау

Ауыспалы өткен шақ –түбір+а/ е/ й+тын/тін+жіктік

жалғау

Мысалы: отыр+ды, отыр+ған+мын, отыр+атын.

Ғұбайдолла Айдаров көне түркі ескерткіштерінің мәтіндерін жан-жақты талдаған, ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне жақындығын зерттеп, дәлелдеген.

Сөйлемнің түрін ажырату (құрмалас сөйлем, жалғаулықсыз салалас құрмалас сөйлем).

1-сөйлемге толық синтаксистік талдау жасау, 2-сөйлемді сөз құрамына талдау.

Оқушыларға жеке кеспе кәртішке. Тапсырма: тыныс белгілерінің қойылу себебі.

1. Орхон ескерткіштері – Орхон өзені бойынан табылған тасқа жазылған жазулар (бастауыш пен баяндауыш зат есім).

2. Көне түркі жазулары тасқа, ағашқа, тиын, теңгелерге, металға, қыш кірпішке, ыдыстарға ойылып жазылған (бірыңғай толықтауыш).



## V. Сабақты қорыту:

Рефлексия:

Мен ... білдім.

Мені ... таңғалдырды.

Мен үшін жаңалық...

## VI. Бағалау.

VII. Үй жұмысы. «Көне түркі ескерткіштері» туралы  
эссе жазу.



Орынғаным ОРАЗАҚАЕВА,

Новенький жалпы орта

білім беретін мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

Батыс Қазақстан облысы,

Зеленов ауданы.

## НАН ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ

**Мақсаты: білімділік** – нанның дастарқанға келетін жолы мен оған деген еңбегі туралы мәлімет беру; сурет бойынша сөйлем құрай білу, сөздік қорын молайту; **дамытушылық** – оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану арқылы оқушылардың логикалық ойлау және сөйлеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – еңбек адамдарын сыйлай білуге, қасиетті тағамымыз – нанды қастерлеуге тәрбиелеу.

**Сабақтан күтілетін нәтижелер:** мәтін мазмұнын көркем тілмен әңгімелей білу. Етістіктерді осы шақта жіктеу. Сөйлемдерді дұрыс құрау.

**Түрі:** аралас. **Әдістері:** сұрақ-жауап, ой қозғау, топпен жұмыс, түсіндіру. **Көрнекілігі:** сурет, мақал, сызба, сөзжұмбақ, топшама.

### **Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Шаттық шеңбері.


**II. Үй тапсырмасын тексеру.**

**III. Жаңа сабақ:** «Нан және сөйлем».

- Балалар, адам өміріне ең қажетті тағам не?

- Иә, нан. Нан – тіршіліктің нәрі.

- Топтастыру.



- Бүгінгі сабақта нан туралы, оның дастарқанға қалай келетіні туралы әңгімелесеміз.

### **Ойқозғау.**

- Балалар, нан дастарқанға қалай келеді деп ойлайсындар?

### **Сөздікпен жұмыс.**

### **Жаңа тақырыпты меңгерту.**

«Нан – қасиетті тағам» мәтіні таратылады да, оқушылар екі топқа бөлініп, мәтінді оқиды, аударады.

**Тапсырма:** мәтінді оқып, қарсы топқа сұрақ қою.

**Тапсырма:** мәтіннің мазмұнын I топ бастап, II топ жалғастырып айтады.

### **Сергіту сәті.**

Нан қиқымын шашпаңдар!

Жерде жатса, баспаңдар!

Теріп алып, қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар!

**2-тапсырма.** Әр топ бір мақалдың мағынасын түсіндіреді.

1. Еңбектің наны – тәтті,

Жалқаудың жаны – тәтті.

«Ас атасы – нан» деп бекер айтпаған. Сондықтан да дастарқанға алдымен нан қою керек. Нанды шашуға, жерге тастауға болмайды.

**Кім не істеп жатыр?** (Суретпен жұмыс)

- Тракторшы не істеп жатыр?
- Тракторшы жер *жыртып жатыр*.
- Комбайншы не істеп жатыр?
- Комбайншы бидай *жинап жатыр*.
- Жүргізуші не істеп жатыр?
- Жүргізуші нанды дүкенге *әкеле жатыр*.
- Нанды кім сатып жатыр?
- Нанды дүкенші *сатып жатыр*.
- **Балалар, осы сөйлемдерден етістіктерді табындар.**
- Бұл етістіктер қай шақта тұр?
- Дұрыс, бұл етістіктер осы шақта тұр.

**Осы шақ** етістіктері сөйлеп тұрған кездегі іс-әрекетті білдіреді. **Не істеп тұр? Не істеп жатыр?** деген сұрақтарға жауап береді.

**1-топ** Отыр деген етістікті осы шақта жіктейді.

**2-топ** Жұр деген етістікті осы шақта жіктейді.

Қайдан келдің, бауырсақ? Мәтінін рөлге бөліп оқу. Мазмұнын айту.

**Рефлексия.**

- Бүгінгі сабақ сіздерге ұнады ма?
- Несімен ұнады?
- Нан дастарқанға келу үшін кімдер еңбек етеді?
- Кім егінші болғысы келеді?
- Нан қандай тағам?

**Білімдерін бағалау.**

**Үй тапсырмасы:** «Ас атасы – нан» тақырыбына әңгіме жазып келу.

## КӨП ТІЛ БІЛУ – ӨМІР ТАЛАБЫ

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушылардың тіл туралы алған білімдерін терең меңгерту, тілге байланысты тақырыпты ала отырып, сауатты сөйлеуге, жазуға дағдыландыру; **дамытушылық** – оқушылардың тілдер туралы білімдерін ұштастыра отырып, ой белсенділігін дамыту, шығармашылық ізденіске бағыттау, ізденімпаздық қасиеттерін арттыру, ой шеберлігін, үш тілде сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ой бөлісе отырып, сөз еркіндігіне баулу; **тәрбиелік** – патриоттық тәрбие беру, үш тілді жетік білуге, еркін сөйлеуге дағдыландыру.

**Көрнекіліктер:** ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы». Тіл туралы кітап көрмесі, қанатты сөздер. **Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздендіру, салыстыру.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу; кезекшімен жұмыс; сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру.

**II. Үй тапсырмасын тексеру:** 1. Тіл туралы мақал-мәтелдерді жатқа айту.

**III. Ойқозғау.**

- Балалар, алдымен жұмбақ шешейік!

1. Дүниеде ең ащы не?

Дүниеде ең тәтті не? (тіл)

2. Мұғалім:

- Ендеше, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы:

Көп тіл білу – өмір талабы.

Знание языков – требование времени.


To know three languages is the requirement of time.

**Сабағымыздың мақсаты:** оқушылардың тіл туралы алған білімдерін меңгерту, патриоттық тәрбие беру, үш тілді жетік білуге, еркін сөйлеуге тәрбиелеу.

**IV. Мұғалім:**-Балалар, тіл дегеніміз не?

Тіл туралы не білеміз?

Кластер толтыру:



Мұғалім сөзі: - Иә, балалар, тілді білу – халықты, тарихты сыйлау. Тіл – ұлттың, халықтың жаны. Тілді құрметтей білу керек. Неше тіл білсең, сен сонша рет адамсың. Иә, қазіргі уақытта көп тіл білу – өмір талабы.

Ал, біздің Елбасымыз өз Жолдауында: «Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін».

- Сонымен, балалар, Елбасымыз қандай міндет қойып отыр?

- Үш тілді меңгеру.

- Мектепте қандай тілдер оқытылады? Аптасына қазақ тіліне неше сағат бөлінген? Орыс тіліне? Ағылшын тіліне?

- Дұрыс айтасындар, қазақ тілі, ағылшын тілі 2 топқа бөлініп оқытылады.

- Сондықтан, балалар, көп тіл білу – өмір талабы.

*Көп тіл білу – өмір талабы* деп тақтаға жазып, талдау.

*Сөз өнері* тіркесін септеу.

V. Тіл дамыту жұмысы.

Сұрақ-жауап арқылы оқушылардың үш тілде білімдерін тексеру.

Сұрақтар қазақ тілінде, жауабы – орысша.

1. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін қашан алды?
2. Бүгін қандай күн?
3. Нені жақсы көресің?
4. Досың көп пе?
5. Абай кім?
6. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?
7. Астана ненің орталығы?
8. Шәмшінің әндерін білесің бе?
9. 12 сәуір қандай күн?

Сұрақтар ағылшын тілінде, жауабы – қазақша.

1. What season do you like?
2. What is your favourite sport?
3. What do you like to eat?
4. Who is your best friend?
5. What city do you like?
6. What kind of transport do you like?
7. What do you read?
8. What films do you prefer to watch?
9. Do you like your parents?

**VI. Jet's recite the poem.** Өлеңді үш тілде жатқа айту.

1. «Қараңғы түнде тау қалғып...», Гете-Лермонтов-Абай;

2. «Every night and very morn

Some to misery are born

Every morn and every night

Some are born to sweet delight» William Black.

VII. Аудару.

Will you translate the proverbs from Kazakh into Russian and English.

A) Тәрбие басы – тіл.

Өнер алды – тіл.

Начало воспитания – язык.

Начало искусства – язык.

Language –is the beginning of upbringing.

Language is the beginning of art.

Неше тіл білсең,

Сен сонша рет адамсың.

Сколько языков знаешь,

Столько ты и человек.

So many languages you knew,

Such a man you are.

Ә) Please, speak about your family, school and yourself.

VIII. Эссе жазу – to write essay.

Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде.

Kazakh language is the future of Kazakhstan.

IX. Сабақтың қорытындысы:

1. What do you learn?

2. Не білдік бүгін? Не үйрендік?

X. «Көп тіл білу – өмір талабы» тақырыбына шағын әңгіме жазу.

XI. Бағалау.

XII. Сабақты Абайдың «Көзімнің қарасы» әнімен аяқтау.

# МОДУЛЬДІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕМЕСІ

## 3-сабақ.

I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Үй жұмысын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, жүру барысын анықтау.

IV. Терме сынақхат. Мәтіннен бұйрық, қалау, шартты рай тұлғасындағы етістіктерді теріп жазу.

Күннің көзі шықса, қар ериді. Далаға шық. Олар терезеге қарады. Менің ұйқым келді. Ауылда көктемгі жұмыс басталды. Күн жылынса, біз далаға шығып ойнаймыз. Қолыңды жу. Олар әжесінің үйіне барғысы келеді.

## V. «Наурыз мейрамы» мәтінімен жұмыс.

«Қазымыр оқушы» оқыта үйрету ойыны.

I бөлім. Оқушылар мәтінді жылдам және мұқият оқып шығады, сонан соң сұрақтар құрады. Кім көп сұрақ құраса, сол жеңіске жетеді (10 минут).

II бөлім. Оқушылар кезегімен басқаларына сұрақтар қояды, ал олар қысқаша жауап қайтарады. Жауап берушіні жүргізуші көрсетеді. Сонан соң ең «Қазымыр оқушыны» анықтайды (4-65).

«Шеңбер бойымен әңгімелеу» оқыта-үйрету ойыны.

Мұғалім мәтінді оқуды тапсырады. Оқушылар шеңбер бойымен отырады. Ортада тұрған жүргізушінің көзін жұмып, кез келген ойыншыны нұсқайды. Мәтінді ойдан жаңғыртуды сол ойыншы бастайды. Бұдан әрі сағат тілінің бағытымен әрқайсысы мәтіннің бір-бір сөйлемінен айта береді. Жауаптарда жіберілген қателерді дұрыстайды, әңгімені толықтырады. Сағат тілінің бағытымен қайта бастайды. Ең белсенді оқушыны анықтайды (4, 67).

## V. «Бата» мәтінімен аударма жұмысын өткізу.



Сыныпты үш топқа бөледі. Әр топ өз бетінше оқулықта берілген мәтінді аударады. Дайындыққа 6 минут уақыт беріледі. Аударманы оқушылар дәптерлеріне көшіріп жазады.

## **VI. Үйге тапсырма.**

Оқулықта берілген батаны жатқа айту.

### **4-сабақ.**

I. Ұйымдастыру кезеңі. II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Сабақтың мақсатын, барысын айту.

IV. Сыныптағы оқушылар екі-екіден отырады.

Оқулықта берілген сөйлесуді толықтырып, әр жұп бір-бірімен әңгімелеседі. Дайындыққа 10 минут уақыт беріледі (Білім деңгейіне байланысты кейбір оқушылар сөйлесуді өзгертеді, толықтырады). Содан кейін мұғалім бірнеше жұпты сұрап, бағалайды.

## **V. Шығармаға дайындалу.**

а) Көктем айлары ...

...

қар ...

Наурыз айында сен ...

күн ...

күн ...

Сәуір айында түн ...

құстар ...

ағаштар ...

бәйшешек ...

Мамыр айында дала ...

ағаштарда жапырақтар ...

гүлдер ...

ә) Наурыз – көктемгі ...

...

Наурызда халық ...

...

2. Жарыс ойыны.

Топтық жұмыс. Сынып екі топқа бөлінеді. Оқушылар

белгіленген уақыттың ішінде көктем, наурыз тақырыбына байланысты өлеңдер, мақал-мәтелдерді еске түсіріп, жатқа айтады. Қай топ көп өлең немесе мақал-мәтелдерді жатқа айтса, сол топ жеңімпаз атанады.

Жоспар құру. Әр топ орындарында отырып, өз бетінше шығармаға жоспар құрастырады. Содан кейін әр топтан бір оқушы шығып, жоспарын сынып алдында оқиды. Ұнаған жоспарды дәптерлеріне көшіріп жазады.

**VI. Үйге тапсырма.** Оқулықтағы тестіні орындау, қорытынды сабаққа дайындалу.

Қорытынды бөлім.

**5-сабақ.**

**I.Тест. 1.** Сызбаны толтыр.

Шартты рай

↓

...

Сөздерді дұрыс аудар.

кемпіркосақ	а) народ
ұлыс, халық	ә) сажать
шатырлау	б) радуга
егу	в) сверкнуть

2. Сөйлемді дұрыс құра.

*Бітеді<sup>1</sup>, мен<sup>2</sup>, жәндіктер, жан<sup>3</sup>, жан<sup>4</sup>, құрт<sup>5</sup>, құмырсаққа<sup>6</sup>*

3. Мақалды аяқта. *Сәуір болса, ... Күн күркісе, ...*

Мамыр айында бірінші бәйшешек шығады. Дұрыс па?

а) иә; ә) жоқ.

4. Сөз тіркесін құра.

Сары ала	а) айлары
Көктем	ә) төлдейді
Мал	б) қуанады
Ел	в) қаз

5. Берілген етістіктерді шартты, қалау, бұйрық рай тұлғаларында жаз (III жақ):

*Жылынды, шығады, салады, ашады.*

6. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді жаз. *Қ..тты..тау*

а) у, к;            ә) ұ, к;            б) ұ, к;            в) у, к.

## II. Шығарма жазу.

Оқушылар «Көктем» тақырыбы бойынша 35 минут уақыт ішінде шығарма жазады.

### 7-сынып.

#### №15 модуль.

**Лексикалық тақырыбы:** Жаз.

**Грамматикалық тақырыбы:** Қайталау.

Бөлімі	Сабақ саны	Сабақ мазмұны	Уақыты
Кіріспе	1-сабақ	Модульдің құрамын түсіндіру. Сөздік жұмыс. Лексикалық тақырып. Өлеңмен жекеше және топтық жұмыс түрлері.	3 минут 7 минут 10 минут 25 минут
	2-сабақ	Сөздік жұмыс. «Жаз» мәтінімен жұптық жұмыс.	5 минут 45 минут
Сөйлес	3-сабақ	«Жаз» мәтінімен «Мәтін бөліктерін» оқыта үйрету ойыны. Кестемен жұмыс жасау. Топтық жұмыс (жұмбақтар)	20 минут 15 минут 10 минут
	4-сабақ	«Өзенде» суреті бойынша жеке, топтық жұмыс түрі.	
	5-сабақ	1. Тест. 2. Бақылау жұмысы.	10 минут 35 минут
Қорытынды	6-сабақ	Қатемен жұмыс	45 минут

**Оқушы нені білуі тиіс:** жаңа сөздерді дұрыс пайдалана білу; жаз туралы әңгіме құрастырып, айта білу және әңгімелесе білу; өткен сөздер мен өлең, жұмбақтарды жатқа білу; қайталаған грамматикалық тақырыптарды дұрыс қолдана білу.

**Оқушы не үйрену қажет:** жаңа сөздер мен сөйлемдерді дұрыс айтуға, сауатты жазуға үйрену. *(Жалғасы бар).*

**Жанар ҚҰСАЙЫНОВА,**  
Лавровка орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Айыртау ауданы.

## **ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ БОЙЫНША ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР**

*(6-сынып)*

### **КҮЗ.**

**A1-деңгей:** 1. Берілген сөздерді аударып жазыңдар.

*Алтын күз – Егін даласы – Қайнау – Үздіксіз –  
Ерекше – Қаптау – Топ-топ – Еңбек –*

2. Күз туралы айтып бер.

**A2-деңгей:** 1. Берілген сөздерді өрбітіп жазыңдар.

Сөз-сөз тіркесі-сөйлем.

*Қолшатыр, қараңғылық, күздігүні, нөсер, дән, еңбек,  
қырау, ерте күз, қоңыр күз, шық.*

2. Ауа райы туралы сұхбат құрастыр.

**B1-деңгей:** 1. Көп нүктенің орнына керекті етістікті жаз.

*Бүгін Петропавлда ауа райы жылы..... . Кешке  
жақын тұман..... Күзде жаңбыр жиі-жиі..... Ағаштың  
жапырақтары..... 1 қыркүйекте біз мектепке.....  
Мұғалімдер бізге сабақ..... Құстар жылы жаққа .....  
Күзде күн ....., түн.....*

2. Жаңылтпаштарды толықтыр:

*Тары ақта, Лаула, алау, лаула,*

*Қапқа..... Алауласын.....*

*Барып, барып,.....!*

*Көкбазарда күзде бәрі бар,*

**В2-деңгей:** 1. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі туралы айтып, мысалдар келтір.

2. Қыркүйек айы туралы айт.

**С1-деңгей:** 1. Берілген суреттер бойынша әңгімелеп бер.



2. Сөйлемдерді дұрыс құраңдар:

1. Бірінші, айы, қыркүйек, күздің.

2. Қазан, айы, екінші, күздің.

3. Ұшып, үйрек, қаз, пен, жаққа, жылы, кетеді.

4. Күн, күндіз, түнде, болады, салқын, жылы.

5. Қарағай, шыршаның, мен, жапырақтар, емес, бұтақтарында, бар, инелер.

6. Сарғайып, жерге, түсіп жатыр, жапырақтар.

**С2-деңгей:** 1. Берілген сөздерді қатыстырып, сурет бойынша әңгіме құрастыр.




*Еңбек ету, көктемде егу, суару, күту, өнімін жинау, асқабақтың көлемі, қуану, «Күзгі бал», көркемдеу.*

2. «Қыркүйек, қазан, қараша» туралы айт.

**А1-А2-деңгейлер:** Сызба арқылы мезгіл атауларын еске түсіріп айтып бер.



**В1-В2-деңгейлер:** сызба бойынша күз туралы айт.




**С1-деңгей:** берілген сөз бен сөз тіркестерін қатыстырып, сурет бойынша сұхбат құрастыр.



*Көктемде егу, диқаншылар, трактор мен К-700, комбайндар, жинау, төгу, күзгі егін, бидай, қамбаға толтыру, нан пісіру, наубайшылар, сары /алтын/ бидай, еңбекқор, дүкенге, сатып алу. Нан – астың атасы.*

**С2-деңгей:** берілген сызба арқылы күз туралы баяндап бер.



## **ҚЫС.**

**A1-A2 деңгейлер:** 1. Берілген сөз бен сөз тіркестерін аударып, сөйлемдер құрастырындар.

*Қыстыгүні, жиі-жиі, аяз, бейнелеу, сырғанау, қармен лақтырысу, коньки тебу, хоккей ойнау, қысқы ойындар, қысқы демалыс.*

2. Сұрақтарға жауап бер:


1. Қазір қай мезгіл?
2. Қыста ауа райы қандай болады?
3. Қыста балалар не тебеді?
4. Оқушылар қандай демалысқа шығады?
5. Қыс туралы мақал-мәтелдерді білесің бе?
6. Қыста жаңбыр жауа ма?

**B1-B2-деңгейлер:** 1. Берілген сөйлемдерді толықтырындар.

*Жыл төрт мезгілге..... . Қыс желтоқсан айынан.....  
Ол - жылдың соңғы.... . Бұл мезгілде жиі-жиі қар.....,  
боран....., қатты аяз.... . Шыршалар ақ мамыққа.... Үйде  
шырша ....., арнайы дастарқан..... . Адамдар қыстыгүні*

қысқы киім..... . Әр жыл мезгілінің өз..... бар. Қыста Жаңа Жылды..... . Ақпан - ең.....кез, аяз..... , бұл кезде сырғанақ, шана, коньки, шаңғы тебу.....

2. Берілген сурет бойынша шағын әңгіме жаз.



**C1-C2-деңгейлер:** 1. Берілген мақал-мәтелдердің сыңарын тауып жаз.


- |                       |            |
|-----------------------|------------|
| 1. Қыс азығын.....    | қырау      |
| 2. Мезгіл жетсе,..... | жазда ойла |
| 3. Қыстың көзі.....   | жаз жина   |
| 4. Қыстың қамын.....  | мұз ерір.  |

2. Берілген сурет бойынша «Жаңа Жыл» мерекесі туралы шағын әңгіме жаз.

3. «Қыс келбеті» туралы айтып бер.



**Бәріне ортақ:** Венн диаграмасын құрастыру.



**C1-C2-деңгейлер:** кестені толықтырыңдар.

Тұйық етістік	Осы шақ	Келер шақ	Өткен шақ
<i>тебу</i>	<i>теуіп жүр</i>	<i>тебеді</i>	<i>менті</i>



<i>сырғанау</i>	<i>Сырғанап жүрмін</i>	<i>сырғанаймын</i>	<i>сырғанадым</i>
-----------------	----------------------------	--------------------	-------------------

**В1-В2-деңгейлер:** -қы, -кі, ғы, -гі жұрнақтары арқылы сын есім жасау. Сөздер: *күз, қыс, күндіз, кеш, алғаш, шет, қазір, ертең, жаңа жыл.*

1.	2.	3.	4.	5.
6.	7.	8.	9.	10.

**А1-А2-деңгейлер:** мына сөздерге септіктің жалғауларын жалғап орналастыр.


Сөздер	Барыс сеп.	Табыс сеп.	Жатыс сеп.	Шығыс сеп.	Көмектес сеп.
Аяз					
Қыс					
Күз					

## КӨКТЕМ.

**А1-деңгей:** 1. Көп нүктенің орнына керекті әріптерді қойып жаз.

*Ауа рай..., б...лтты, б...ршік, ерте..., күн жылын..., ж...мыс, сенб...л.к, ағаш б...тақтары, мей...р...м.*

2. Сызбаны толықтыр.



**A2-деңгей:** сызба арқылы ай атауларын еске түсіру.  
/сұхбат құрастыру/.



- |        |        |        |        |
|--------|--------|--------|--------|
| 1..... | 1..... | 1..... | 1..... |
| 2..... | 2..... | 2..... | 2..... |
| 3..... | 3..... | 3..... | 3..... |


**B1-деңгей:** 1. Сызбаны толықтыр.

Көктемгі бас киімдер	Көктемгі сырт киімдер	Көктемгі аяқ киімдер.

2. Көктемгі мерекелерді жазбаша түрде толықтырып жаз.

- 1.8-наурыз-.....
- 2.22-наурыз-.....
- 3.1-мамыр-.....
- 4.9-мамыр-.....

**B2-деңгей:** 1. Сызба бойынша көктем туралы айтып бер.



2. Берілген сөйлемдерді қазақшаға аударындар.

*Пришла весна. Дни стали теплее. Началась весенняя*

работа. Кәждый убирает возле своего дома. Чистят арык, убирают мусор оставшиеся с зимы. Люди одеваются по весеннему. Наш 6 класс посадили вокруг школы деревья. Мальчики рыли ямки, а девочки сажали саженцы. Скоро начнутся весенние каникулы.

**С1-деңгей:** 1. «Көктемгі ауа райы» тақырыбы бойынша сұхбат құрастыр.

2. Берілген сөздер арқылы сөйлемдер құрастырындар.

*Жеміс, жидек, ағаштар, өсіру, егу, егін, бидай, жасау, жинау, диқаншылар, сенбілік, картоп, жырту, жер, көмектесу, арықтарды, отырғызу.*

**С2- деңгей:** 1. Берілген сызба бойынша «Уақыт» туралы әңгімеле.



*(Жалғасы келесі санда).*



**Айнагүл БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,**  
Қостанай облысының  
Жітіқара ауданындағы  
Степной орта мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **ТЕСТ САУАЛДАРЫ**

*(Жалғасы. Басы өткен санда)*

### **2-нұсқа**

**1. Антоним сөздерді көрсетіңіз:**

а) жаман-нашар; ә) жуан-жіңішке;

б) әдемі-көрпкті; в) тамаша-ғажап; г) ұзын-биік.

**2. Омоним сөзді көрсетіңіз.:**

а) елу; ә) асып; б) қызыл; в) жас; г) тарс.

**3. Туынды етістікті табыңыз:**

а) қайт; ә) көр; б) айт; в) ойнат; г) жүр.

**4. Тұйық буынды сөзді табыңыз.**

а) ұл; ә) сөз; б) аға; в) қара; г) қайт.

**5. Көптік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:**

а) жапты; ә) келісер; б) жазыңыз;  
в) күлме; г) көрсетіндер.

**6. Сөйлемнің қандай түрі екенін белгілеңіз: Қараңғы.**

а) жақсыз; ә) толымды; б) атаулы;  
в) жайылма; г) құрмалас.

**7. Бөлшектік сан есімді көрсетіңіз:**

а) бір бүтін оннан үш; ә) жиырма бес;  
б) тоғыз жүз сегізінші; в) жүздеген; г) бес-алтау.

**8. Ыңғайлас жалғаулықты анықтаңыз:**

а) бірақ, егер; ә) себебі, әлде; б) және, мен;  
в) өйткені, я; г) болмаса, немесе.

**9. Сұрау есімдігінің жіктелген түрін көрсетіңіз:**

а) кім? ә) қашан? б) қалай? в) қайда? г) кіммін?

**10. Тырнақша қойылатын жерді көрсетіңіз:**

а) «Абай» романы; ә) «Іле» өзені;  
б) «Опера және балет театры»; в) «Тараз» қаласы;  
г) «Алатау» төңірегінде.

**11. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сөзді табыңыз:**

а) зейнет; ә) зейнетпен; б) зейнеткер;  
в) зейнеттен; г) зейнеттің.

**12. Тура толықтауыш қай септік тұлғасында тұрады?**

а) атау; ә) барыс; б) көмектес; в) табыс; г) шығыс.

**13. Бірыңғай мүшені анықтаңыз:**

*Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр.*

а) бастауыш; ә) баяндауыш; б) толықтауыш;

в) пысықтауыш; г) анықтауыш.

**14. Көсемшені табыңыз:**

а) жаз; ә) жаза; б) жазып; в) жазу; г) жазба.

**15. Күрделі үстеуді табыңыз:**

а) қыстыгүні; ә) ертең; б) кешке;  
в) жоғарыдан; г) әдейі.

**16. Септеулік шылаулар қатарын табыңыз:**

а) я, кейде; ә) -ақ, -ғой; б) ма, ме;  
в) кейін, соң; г) және, де.

**17. Одағай сөзді белгілеңіз:**

а) емес; ә) деді; б) Асқар; в) жоқ; г) апырай.

**18. Тыныс белгісі қай сөйлемде дұрыс?**

а) - Арқаным жоқ,- деді Қожанасыр.  
ә) Арқаным жоқ, деді Қожанасыр.  
б) Арқаным жоқ;- деді Қожанасыр.  
в) - Арқаным жоқ- деді, Қожанасыр.  
г) - Арқаным жоқ: деді, Қожанасыр.

**19. Қай дауысты дыбыс жуан әрі жіңішке дыбысқа жатады?**

а) ұ; ә) и; б) о; в) ө; г) ә.

**20. Енді он минут кешіккенде, ұшакқа да үлгермейді екенбіз.**

а) жай сөйлем;  
ә) сабақтас құрмалас сөйлем;  
б) салалас құрмалас сөйлем;  
в) аралас құрмалас сөйлем;  
г) атаулы сөйлем.

**21. Дауыссыз дыбыстар қандай түрге бөлінеді?**

а) ашық, қысаң; ә) жуан, жіңішке; б) ұяң, қатаң;  
в) үнді, езулік; г) ұяң, еріндік.

**22. Жалқы есімді көрсетіңіз:**

а) Тоты, Көгершін; ә) Аққу, Қараторғай;  
б) Қарлығаш, Торғай; в) Бұлбұл, Шымшық;

г) Тоқылдақ, Қарға.

**23. Өткен шақ етістікті белгілендер:**

- а) сөйлеме; ә) шығарады; б) киініп отыр;  
в) жүр; г) лақтырған.

**24. Өздік есімдігін көрсетіңіз:**

- а) сендер; ә) бәрі; б) ешкім; в) өзгеше; г) әркім.

**25. Кейінді ықпалды көрсетіңіз:**

- а) жүрегі; ә) клубқа; б) күзгі; в) асхана; г) ауыз.

**26. Тіркестің сызбасын анықтаңыз: *Ауызша сөйлесу.***

- а) етістік-етістік; ә) сан есім-етістік;  
б) есім – сын есім; в) есімдік – зат есім;  
г) үстеу-тұйық етістік.

**27. Неологизм қатарын табыңыз:**

- а) қымыз, тоқаш; ә) ұшақ, ғарыш;  
б) ақын, жазушы; в) нүкте, үтір;  
г) сөз, сөйлем.

**28. Бейнелеуіш сөзді көрсетіңіз:**

- а) жалт-жұлт; ә) сылдыр-сылдыр;  
б) қып-қызыл; в) ғажайып-қой;  
г) бір-біріне.

**29. Тура мағыналы сөзді белгілеңіз:**

- а) ыстық жүрек; ә) ыстық су;  
б) ыстық сөз; в) ыстық өң;  
г) қолы ыстық.

**30. Төл сөзді табыңыз:**

*Мұғалім дәптерлерді тексеріп: «Балалар, жұмысты жақсы орындадыңдар»,- деп айтты.*

- а) Мұғалім дәптерлерді тексеріп.  
ә) Балалар жұмысты жақсы орындадыңдар.  
б) Деп айтты.

**3-нұсқа**

**1. Антоним сөзді табыңыз**

- а) анда-санда; ә) жуан-жіңішке;

б) майдан-соғыс; в) сарт-сұрт;

г) моншақ-моншақ.

## 2. Күрделі сан есімдерді белгілеңіз:

а) ширек, жарты; ә) төртеу, жетінші; б) бес, алтау;

в) он бес, бір жүз отыз; г) елудей, отыздарда

## 3. Синонимдердің анықтамасын көрсетіңіз:

а) Мағыналары қарама-қарсы сөздер;

ә) Басқа тілден енген сөздер;

б) Дыбысталуы бірдей сөздер;

в) Мағыналары өзара мәндес сөздер;

г) Мағынасы бір, айтылуы басқа сөздер.

## 4. Тәуелдік жалғаулы өздік есімдігін табыңыз:

а) өз; ә) әр адам; б) өзгелер; в) өзің; г) өзгеріс.

## 5. «Соң, дейін, әрі» шылаудың қай түрі екенін белгілеңіз:

а) демеулік; ә) күшейткіш демеулік;

б) жіктік; в) жалғаулық; г) септеулік.

## 6. «И» дыбысы жазылатын сөзді белгілеңіз:

а) Қа ... ық; ә) Жа...ын; б) Та...па;

в) Қы...ындық; г) Х...кая.

## 7. Қазақ тіліне тән дауыстылар қатарын белгілеңіз:

а) Ғ, ұ, д; ә) қ, һ, ң; б) а, ә, б; в) ә, і, ө; г) ю, я, е.

## 8. Қаратпа сөзді табыңыз:

а) Мырза, шалғыншылар оралды

ә) О, жауыздыққа шек бар ма?

б) Кейін анықтасам, айтқаны дұрыс екен.

в) Ой, жайыңа жүр.

г) Тәйт, қалжыңды қой.

## 9. Төл сөзді сөйлемді табыңыз:

а) Әркім – әуелі, өз ауылының баласы.

ә) Туған жер – алтын бесік.

б) Бала жігіт бұйрықты екі етпейтінін айтты.

в) Бұл – ойланатын нәрсе.

г) «Білмеске сөзін қор боп кетер»,- деген М.Дулатұлы.

**10. Кейінді ықпалды табыңыз:**

- а) алып кел; ә) қас адам; б) боз жирен;  
в) ала қаз; г) келе көр.

**11. Туынды сөз жасап тұрған қосымшаны көрсетіңіз:**

- а) білерсіз; ә) білгіз; б) білім;  
в) біліңіз; г) білді.

**12. Сын есімнен жасалған күрделі сөзді табыңыз:**

- а) Үйге келу; ә) Қатты күлу; б) Жасыл шөп;  
в) Кең мандайлы; г) Көк байрақ.

**13. Сөйлем мүшесіне талдау жасағанда алдымен белгіленетін сөйлем мүшесін көрсетіңіз:**

- а) Баяндауыш; ә) Толықтауыш; б) Пысықтауыш;  
в) Бастауыш; г) Анықтауыш.

**14. Дауыссыздардың түрлерін анықтаңыз:**

- а) Қысаң, үнді; ә) Ашық, қысаң; б) Жуан, жіңішке;  
в) Үнді, қатаң, ұяң; г) Еріндік, езулік.

**15. Сөздердің бірігуінен жасалған күрделі үстеуді табыңыз:**

- а) әдейі; ә) онша; б) жаздыгүні; в) әрі; г) тым.

**16. Жатыс септіктегі сөзді табыңыз:**

- а) Қолда барда алтынның қадірі жоқ.  
ә) Үйді тез ақта.  
б) Адам да, жан-жануарлар да қуанады.  
в) Ол келді де кетті.  
г) Досым, мені қолда.

**17. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз:**

- а) Жаңбыр қатты жауды.  
ә) Ыстық асқа үрмеле.  
б) Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас.  
в) Ол тойын жасамай кетті.  
г) Өлкемізге көктем келді де, қу ағаштар жасыл моншақ тағынады.



**18. Тұйық етістікті табыңыз:**

- а) көру; ә) айт; б) шегеле; в) жүр; г) сөйле.

**19. Туынды түбірді жасайтын бөлшекті табыңыз:**

- а) жалғау; ә) жұрнақ; б) тәуелдік жалғауы;  
в) көптік жалғауы; г) қосымша.

**20. Мына сөйлемге қай шылау лайық, көрсетіңіз.**

*Жаңбырдан .... жаңарған ауамен даланың жұпар иісі мұрынды жазады.*

- а) кейін; ә) қарай; б) жөнінде; в) жуық; г) сияқты.

**21. Реттік сан есімді табыңыз:**

- а) жетпістей; ә) жетінші; б) жетпіс;  
в) жетінің бірі; г) жетеу.

**22. Жуан дауысты дыбысы бар негізгі түбірді табыңыз:**

- а) жеміс; ә) ыдыс; б) теңіз; в) кендір; г) ауыздық.

**23. Шығыс септіктегі етістікті тіркесті табыңыз:**

- а) ағашты өңдеу; ә) оқушының дәптері;  
б) арқаннан ұстау; в) іске кірісу;  
г) асықпай сөйлеу.

**24. Бастауыш, баяндауыш сөйлемнің қай мүшесі, белгілеңіз:**

- а) бірыңғай мүше; ә) тұрлаулы мүше;  
б) айқындауыш мүше; в) тұрлаусыз мүше;  
г) оңашаланған айқындауыш.

**25. Мезгіл үстеуді белгілеңіз:**

*Бүгін жолды аяққа аз ғана ас құйылған екен.*

- а) бүгін; ә) құйылған; б) ас; в) аз; г) ғана.

**26. Қай сөйлемде етістік бастауыштың қызметін атқарып тұр, табыңыз:**

- а) Ғайша досына құпия сырды ашты.  
ә) Сөйлеу – тек адамға біткен қасиет.  
б) Қарлы боран түні бойы тынбады.  
в) Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің.  
г) Жиырма бес адам кемеге аттанған еді.

27. Орфография бойынша дұрыс жазылған сөзді табыңыз:

а) Абірой; ә) Аброй; б) Әбірой; в) Абырой; г) Абирой.

28. Етістік райларының қанша түрі бар?

а) 5; ә) 6; б) 3; в) 4; г) 2.

29. Салыстырмалы шырайда тұрған сөзді табыңыз:

а) жап-жақсы кісі; ә) өте әдемі; б) тым кішкене доп;  
в) биік үй; г) кішірек қазан.

30. Синонимі бар сөйлемді табыңыз:

а) Күнде той, күнде сауық жүрген жері.  
ә) Орманда жас бала адасып, қорқып қалмасын.  
б) Олар ертелі – кеш еңбек етіп жүр.  
в) Үш киік омақасып құлап жатты.  
г) Олжа, пайда, кіріс құйылып жатыр.



Райхан ЖЕТПІСОВА,  
Петропавл қаласындағы  
№9 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕ АРНАЛҒАН КЕСПЕ ҚАҒАЗДАРЫ

1. Сұрақтарға жауап бер.	15. Сұрақтарға жауап бер.	10. Сәйкестікті тап.
Қазақстан қандай мемлекет? Қазақстанның Елбасы кім? Қазақстанның астанасы қай қала? Астана қандай қала?	Қазақстанның бірінші астанасы қай қала? Қазақстанның төртінші астанасы қай қала?	1. Отан- а) столица 2. Ту- ә) государство 3. Мемлекет- б) знамя 4. Елтаңба- в) Родина 5. астана- г) герб

2. Сөздерді орысшаға аудар.	6. Сұрақтарға жауап бер.	11. Керекті сөзді қойып жаз.
Отан, орталық, мемлекет, оңтүстік, ту, солтүстік, елтаңба, батыс, астана, шығыс.	Қазақстанның үшінші астанасы қай қала? Қазақстанның екінші астанасы қай қала? Сен астанада болдың ба?	Мен ... тудым. ... Солтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Петропавл – үлкен, әдемі ... . Қалада ..., ..., ..., ..., ... бар. Маған ... ұнайды.
3. Сөздерді қазақшаға аудар.	7. Сұрақтарға жауап бер.	12. Сұрақтарға жауап бер.
Восток, знамя, запад, герб, юг, столица, север, родина, центр, государство.	Сен қай қалада тұрасың? Ол қай облыста орналасқан? Петропавл қандай қала? Қалада нелер бар? Саған қала ұнай ма?	Қазақстан қандай мемлекет? Қазақстанда неше облыс бар? Сен қай облыста тұрасың? Облыс орталығы қай қала? Қандай үлкен қалаларды білесің?
4. Керекті әріптерді қойып жаз.	8. Сөздерді қазақшаға аудар.	13. Дұрыс жауапты таңда.
Б...зді..., елта...ба, жа...а, ...ала, ...лкен, мемл...кет, орталы..., шы...ыс, бат...с, о...түстік, солт...стік, ...тан, обл...с.	Дом Правительства-Государственный (-ая, -ое)-Музей-гостиница-Дворец-комплекс-	Қазақстанның астанасы қай қала? а) Астана; б) Алматы. Біздің облыстың орталығы - ... . а) Петропавл; б) Астана.
5. Дауысты дыбыстың астын сыз. Біздің, елтаңба, жаға, қала, үлкен, мемлекет, орталық, шығыс, батыс.	9. Керекті әріптерді қойып жаз. Ту...ан жер, ...найды, жа...ын, ша...ын, м...ражай, қона... ..й.	14. Жуан, жіңішке буынды сөздерді екі бағанға бөліп жаз. Адам, дәрігер, терезе, ағаш, қыз, дәптер.
1. Сөздерді қазақшаға аудар.	5. Сәйкестікті көрсет.	9. Сөздерге көптік жалғауын қос.

<p>Тема, нам, предмет, рассказ, интересно, урок, прошел (-ла, -ло), оценка, свой, его, ее, дневник, тетрадь, язык, класс.</p>	<p>1. есеп- рассказ 2. шығару- тебе 3. маған- предмет 4. саған- тема 5. әңгіме- решать 6. тақырып- мне 7. пән- задача</p>	<p>Мата, ине, қағаз, ән, жіп, ойыншық, түйме, сурет, бояу, қарындаш, қалам, өшіргіш, дәптер, бор, тақта, сынып, сабақ, мектеп, мұғалім, оқушы, қыз, бала, кітап, ермексаз, қағаз, көйлек, ән, еңбек, ағаш, үйірме, сызғыш, пән, сөздік, тақырып, тіл, есеп.</p>
<p>2. Сөздерді орысшаға аудар.</p>	<p>6. Керекті сөздерді қойып жаз.</p>	<p>10. Сөздерді буынға бөліп жаз.</p>
<p>Пән, әңгіме, қызықты, қазақша, тақырып, өтті, бізге, сөйле, өзінің, орысша.</p>	<p>Бүгін бес ... болады. Үшінші сабақ-... . Қазақ тілі сабағында біз ... сөйлейміз. Мен сабаққа ..., ..., ..., ..., ... әкелдім. Менде ... бар. Сөздікке ... жазамын. ... қазақ тілі сабағы ұнайды.</p>	<p>Күнделік, бес, пән, ұнайды, ән, сабақ, дәптер, терезе, есеп, өшіргіш, есік, оқы, қалам, жақсы, сызғыш, тақта, домбыра, үйірме, мектеп, аспап, үйретеді, сурет, жазамын, қазақша.</p>
<p>3. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>7. Тиісті әріпті қойып жаз.</p>	<p>11. Сұрақтарға жауап бер.</p>
<p>1. Бүгін неше сабақ болады? 2. Бірінші сабақ қай сабақ? 3. Сабаққа не әкелдің? 4. Қазақ тілі сабағында біз қалай сөйлейміз? 5. Орыс тілі сабағында біз қалай сөйлейміз?</p>	<p>О...ушы, саба..., сын...п, ...андай, к...нделік, д...птер, оқул...қ, ...азақ, т...лі, ...йрену, ...найды, қал...м, әк...лу, тапс...рма, п...н, б...зге, жа...а, к...тап, саба..., қызы..., та...та, ма...ан, са...ан. (қ, қ, ы, қ, ү, ә, ы, қ, і, ү, ұ, а, е, ы, ә, і, н, і, қ, қ, қ, ғ, ғ)</p>	<p>Математика сабағында не істейсің? Сурет сабағына нелер әкелесің? Ән сабағында не істейсің? Дене тәрбиесі сабағында не істейсің? Еңбек сабағына нелер әкелесің? Қазақ тілі сабағында қалай сөйлейсің? Орыс тілі сабағында қалай сөйлейсің?</p>
<p>4. Жуан, жіңішке буынды сөздерді екі бағанға бөліп жаз.</p>	<p>8. Дауысты дыбыстың астын бір сызықпен сыз.</p>	<p>12. Жуан, жіңішке буынды сөздерді екі бағанға бөліп жаз.</p>

<p>Бүгін, бес, күнделік, жақсы, қалам, біз, дәптер, сабақ, сынып, тақта, оқушы, оқы, есік, терезе, қарындаш, қала, оқулық, пән, өшіргіш, күнделік.</p>	<p>Күнделік, бес, домбыра, тақта, сызғыш, жақсы, қалам, оқы, есік, өшіргіш, есеп, терезе, дәптер, сабақ, ән, ұнайды, пән, үйірме, мектеп, аспап, үйретеді, сурет.</p>	<p>Шаңғы, шомыл, жаттығу, секір, жүгір, жүр, тұр, отыр, ойна, шығыршық, жіп, ине, мата, түйме, бор, өшіргіш, бояу, қарындаш, дәптер, көйлек, еңбек.</p>
<p>13. Ашық буынды сөздерді теріп жаз.</p>	<p>14. Сөздерді буынға бөліп жаз.</p>	<p>15. Сөйлемді толықтыр.</p>
<p>Адам, қала, кітап, Айгүл, Елбасы, сағат, Болат, бала, дәптер, қыз, көше, дәрігер, ғарышкер, қалам, мұғалім, компьютер, терезе, сатушы, ағаш, есеп.</p>	<p>Сарай, қонақ үй, кешен, мемлекеттік, мектеп, мемлекет, тау, қала, облыс, астана, тақырып, қызықты, сабақ, оқыды, тақта, тіл, сөйле, күнделік, ән.</p>	<p>Мен ... шығардым. Сурет сабағына ..., ... керек. Данияр еңбек сабағына ... әкелді. Ербол тез... . (жүгіреді, қылқалам, бояу, ермексаз, есеп)</p>
<p>16. Өлеңді мәнерлеп оқы.</p>	<p>17. Оқы, көшіріп жаз.</p>	<p>18. Оқы, көшіріп жаз.</p>
<p>А дегенің - аналар ғой ардақты, Ә дегенің - әкелер ғой салмақты, Б дегенің - балалар ғой әдемі, Біздің елде үшеуі де кәделі. (Жіңішке айтылған сөздерді ата.)</p>	<p>Халық даналығынан. Әдептілік дегенің- Әрқашан керегің, «А» дегенің – ана ғой, Ана деген дана ғой. (н,ң әріптерінің астын сыз, түсіндір.)</p>	<p>Халық даналығынан. Ата-ананың тілегі- Адам болып өскенің. Адамдықтың тірегі- Адал болып өскенің. (Жуан айтылған сөздерді ата.)</p>
<p>19. Өлеңді мәнерлеп оқы. Қарамен жазылған сөздерді буынға бөл.</p>	<p>20. Мәтінді түсініп оқы. Қандай тыныс белгілері қойылған? Неге?</p>	<p>21. Мәтінді мәнерлеп оқы. Жуан сөздердің астын сыз.</p>

<p><b>Кім ойлап тапқан.</b> «Ана» деген сөзді де, «Аға» деген сөзді де, «Әке» деген сөзді де, «Тәте» деген <b>сөзді</b> де, «Ата» деген сөзді де, «Апа» деген сөзді де Ойлап тапқан – <b>балалар!</b> «Күнім, жаным» дегенді, «<b>Айналайын</b>» дегенді, «<b>Толған айым</b>» дегенді Ойлап тапқан - <b>аналар.</b></p>	<p><b>Әже мен немере.</b> Белі бүгіліп, бойындағы бар күшін тауысқан қарт әже еңкейе басып жүріп келеді. Мұны көріп, алдынан жүгіріп шыққан немересі; - Әже, айтыңызшы, не іздеп жүрсіз? Бір нәрсе жоғалтып алдыңыз ба?- депті. - Иә, балам, жастығымды жоғалтып алып, соны іздеп жүрмін.</p>	<p><b>Бәрінен де жақсы.</b> Бір кішкене қыз көшеде, адамдардың арасында, шешесінен адасып қалыпты. Ол шешесін іздеп, бақырып жылапты. Оны көрген адамдар жұбатып: - Сен жылыма. Біз сені қазір шешене алып барамыз. Сенің шешең қандай еді?-деп сұрапты. Сонда қыз жылап тұрып; - Сіз білмеуші ме едіңіз? Менің шешем – ең жақсы адам, бәрінен де жақсы,– депті.</p>
<p>22. Өлеңді оқы, тәуелдік жалғауы бар сөздерді теріп жаз.</p>	<p>23. Өлеңді түсініп оқы. Жіңішке сөздерді буынға бөліп жаз.</p>	<p>24. Көп нүктенің орнына сан есімдерді жазып, оларға сұрақ қой.</p>
<p><b>Біздің отбасы.</b> Әкем менің – қауыншы, Апам менің – сауыншы. Ағам менің – егінші, Жеңгем менің – тігінші, Атам болса, ол – ұста, Бәрі-бәрі жұмыста. Отырмаймын мен текке, Кеттім мен де мектепке.</p>	<p><b>Еңбек.</b> Гүл өсірсең терлеп, Мұның аты – еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты – еңбек. Сабағыңды жөндеп Әзірлесең – еңбек. Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.</p>	<p><b>Біздің мектеп ...</b> қабатты. Мен ... сыныпта оқимын. Менің сыныбым ... қабатта. Сыныпта ... оқушы бар. Сыныпта ... парта, ...шкаф, ...мұғалім үстелі, ...орындық бар. Сыныпта ... терезе, ... есік бар. Бүгін бізде ... сабақ болады. ... сабақта сынып сағаты болады. Біздің сыныптың оқушылары тату.</p>

1. Сөздерді қазақшаға аудар.	2. Сөздерді орысшаға аудар.	3. Сәйкестікті көрсет.
И (союз), детский сад, дружный (-ая, -ое), папа, молодой, младшая сестра, пожилой, младший брат, семья, мама, работает, бабушка, пенсионер, дедушка, учится, лет.	Тату, отбасы, кәрі, зейнеткер, жас, жұмыс істейді, адам, балабақша, қарындас, оқиды, сіңлі, балабақша, іні, көмектесемін, аға, менің.	1. семья а) оқиды 2. молодой ә) кіші 3. пожилой б) жұмыс істейді 4. детский сад в) отбасы 5. пенсионер г) жас 6. учится ғ) балабақша 7. работает д) кәрі 8. младший е) зейнеткер
4. Керекті әріпті қойып жаз.	5. Дауыссыз дыбыстардың астын сыз.	6. Тұйық буынды сөздерді теріп жаз.
Мен...н, ...же, а...а, балаба...ша, о...иды, зейнет...ер, оқ...шы, ...ке, ше...е, сі...лі, ...арындас, ж...мыс, отб...сы, ін..., ...пке.	Менің, әже, әпке, іні, отбасы, жұмыс, қарындас, сіңлі, шеше, әке, оқушы, зейнеткер, оқиды, балабақша, ата, аға.	Астана, отбасы, үй, үлкен, көмек, әпке, ол, ат, ет, өтті, аула, дүкен, Асқар, асхана, аспаз, ән, жұмыс, әнші, адал.
7. Сұрақтарға жауап бер.	8. Сөйлемді толықтырып жаз.	9. Сұрақтарға жауап бер.
Сенің отбасың қандай? Неше адам бар? Атаң мен әжең бар ма? Әкең қайда жұмыс істейді? Шешең қайда жұмыс істейді? Ағаң, әпкең, інің, сіңілің (қарындасың) бар ма? Өзің нешінші сыныпта оқисың?	Біздің ...үлкен. ...: атам, әжем, әкем, шешем, ағам, қарындасым және мен. Атам мен әжем - ... - ... – мұғалім. Ол ... жұмыс істейді. ...- сатушы. Ол ... жұмыс істейді. ...- студент. ... университетте оқиды. Қарындасым -... . Ол ... барады. Мен 4- ... оқимын. Біздің ... тату.	Қазақ әліпбиінде неше әріп бар? Қазақ тілінде неше дауысты дыбыс? Дауыссыз дыбыстар қалай топталады? Дауысты дыбыстар қандай болады? Қатаң дауыссыздарды жаз. Жуан дауыстыларды жаз. Ұяң дыбыстарды жаз. Жіңішке дауысты дыбыстарды жаз.
10. Мәтінді өз әкең туралы өзгерт.	11. Мәтінді өз шешең туралы өзгерт.	12. Мәтінді өз отбасың туралы өзгерт.

<p>Менің әкем – инженер. Ол зауытта жұмыс істейді. Әкем 40 жаста. Әкемнің аты – Павел. Әкемнің білімі жоғары. Ол зауытта машина жасайды. Әкем – жақсы инженер. Ол – сыйлы адам.</p>	<p>Менің шешем – дәрігер. Ол ауруханада жұмыс істейді. Шешем 38 жаста. Оның аты – Татьяна. Шешемнің білімі жоғары. Ол ауруханада адамдарды емдейді. Шешем – балалар дәрігері. Оны бәрі сыйлайды.</p>	<p>Біздің отбасымыз шағын. Олар: атам, әжем, әкем, шешем, мен және сіңілім. Атам мен әжем – зейнеткерлер. Әкем – дәрігер. Ол емханада жұмыс істейді. Шешем - сатушы. Ол дүкенде жұмыс істейді. Мен мектепте оқимын. Сіңлім балабақшаға барады.</p>
<p>13. Сөздердің аудармасын жаз.</p>	<p>14. Сөздердің аудармасын жаз.</p>	<p>15. Сәйкестікті тап, көрсет.</p>
<p>Көрді- Шақырды- Келемін- Қосымша- Ән айтады- Мұғалім- Үй салады- Ұстаз- Сабақ береді- Оқытады- Өте- Жақсы көреді- Жүргізеді-</p>	<p>Учитель- Воспитатель- Строитель- Продавец Рыбак- Художник- Библиотекарь- Пекарь- Рабочий- Повар- Сапожник- Портной- Танцор- Водитель- Артист- Тракторист- Певец- Врач-</p>	<p>1. Сатушы а) киім тігеді. 2. Дәрігер ә) ас пісіреді. 3. Мұғалім б) азық-түлік сатады. 4. Әнші в) емдейді. 5. Биші г) машина жүргізеді. 6. Құрылысшы ғ) ән айтады. 7. Жүргізуші д) билейді. 8. Тігінші е) сабақ береді. 9. Аспаз ж) үй салады.</p>
<p>16. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>17. Сұрақтарға жауап бер.</p>	<p>18. Сұраққа жауап бер.</p>
<p>Мұғалім қайда жұмыс істейді? Ол не істейді? Мұғалім кімдерді оқытады? Сенің мұғалімің кім? Саған қандай сабақ ұнайды?</p>	<p>Кім үй салады? Құрылысшы қайда жұмыс істейді? Құрылысшы нелерді салады? Саған қандай мамандық ұнайды? Сен құрылыста болдың ба?</p>	<p>Петропавлда наубайхана бар ма? Онда кімдер жұмыс істейді? Наубайшы нелерді пісіреді? Нанды кімдер пісіреді? Сен нанды қайдан аласың?</p>



19. Жуан дауыстыларды көрсет.	20. Қатаң дауыссыздарды көрсет.	21. Көптік жалғауын жалғап жаз.
Сүт, ет, шай, айран, шырын, палау, іш, лимон, ұн, қаймақ, картоп, балық, тұз.	Тұз, ет, балық, қаймақ, картоп, шұжық, ұн, айран, шай, шырын, палау, сүт, іш.	Қияр, лимон, балық, аспаз, наубайхана, құрылысшы, дүкен, мектеп, тұрғын.
22. Сұрақтарға жауап бер.	23. Сұрақтарға жауап бер.	24. Сұрақтарға жауап бер.
Асханада кім жұмыс істейді? Аспаз қайда жұмыс істейді? Аспаз не істейді? Асханада нелерді пісіреді? Қандай тамақтарды жақсы көресің?	Дәрігер қандай мамандық? Дәрігер болу үшін қайда оқу керек? Дәрігер не киеді? Тіс дәрігері нені емдейді? Ол қайда жұмыс істейді?	Сенің кім болғың келеді? Ол үшін не істеу керек? Саған бұл мамандық неге ұнайды? Әкеңнің (шешенің) мамандығы кім? Қандай мамандықтарды білесің?
25. Сөздерді буынға бөліп жаз.	26. Керекті әріптерді қойып жаз.	27. -шы, -ші-жұрнағын жалғап жаз.
Мамандық, аспаз, жауапты, дәрігер, мектеп, дүкен, аурухана, теңіз, асхана, наубайшы, аулайды. (Буын түрлерін анықта.)	Қ...рылысшы, м...ктеп, ж...мыс, ...йлер, балаба...ша, жақс..., к...тапхана, суретш..., мұ...алім, саба..., ...осымша, шак...рды, на... байхана, қад...рлеу.	Балық..., сауын..., кітапхана..., би..., етік..., құрылыс..., сату..., сурет..., жұмыс..., ән..., наубай..., жүргізу..., трактор..., тәрбие..., кен... .
28. Сурет бойынша 2-3 сөйлем құра.	29. Сурет бойынша 2-3 сөйлем құра.	30. Сурет бойынша 2-3 сөйлем құра.

1. Керекті жалғауды қойып жаз.	2. Керекті жалғауды қойып жаз.	3. Керекті жалғауды қойып жаз.
Мен оқушы... Мен аспаз... Мен онда... Мен Петропавлдан... Мен үлкен... Мен сізден кіші... Мен қазақ... Мен орыс... Мен Қазақстаннан... Мен әдемі... Мен ақылды... Мен дос... Мен оқуда...	Сен ақылды... Сен тәрбиелі... Сен он бірде... Сен Астанадан... Сен үлкен... Сен украин... Сен кіші... Сен орталықтан... Сен неше жаста... Сен оқушы... Сен зерек... Сен кім... Сен қай қаладан... Сен қайда...?	Сіз үлкен... Сіз нешеде...? Сіз қазір қайда...? Сіз Алматыдан... ба? Сіз мұғалім... Сіз отызда... Сіз қайда бара...? Сіз қайдан келді...? Сіз университеттен... бе? Сіз қайда...? Сіз үлкен... Сіз әдемі... Сіз қайырымды...
4. Мына сөздерден сөйлемдер құра.	5. Жіктік жалғауын көрсет.	6. Сәйкестікті тап.
Оқушымын, баласың, мұғалімсіз, дәрігерсіз, жассың, кішкентайсың, маманмын, үлкенсіз, сатушы, ағасыз.	Мақсат, сен ондасың ба, әлде он бірдесің бе? Мен төртінші сынып оқушысымын. Сен кішкентайсың, жалғыз жүрме.	1. Мен. а) Ты 2. Сен. ә) Вы 3. Сіз. б) Он,она 4. Ол. в) Я
7.Сәйкестікті тап.	8. Сөздердің аудармасын жаз.	9. Керекті жалғауды қойып жаз.
1. Мен а) -, - . 2. Сен ә)-сыз, -сіз. 3. Сіз б)-мын, -мін; -бын,-бін;-пын,-пін. 4. Ол в)-сың, -сің.	Қайталау- оған- Түстен кейін- дос- Білмейтін- құрбы- Үйретті- достасу-	Мен дос... Сен дос... Сіз... Ол дос... Мен оқушы... Сен оқушы... Сіз оқушы... Ол оқушы...
10. Сұрақтарға жауап бер.	11. Сөздерді орысшаға аудар.	12. Сөздерді қазақшаға аудар.
Сенің досың кім? Оның аты, фамилиясы кім? Ол нешінші сыныпта оқиды? Ол қай мектепте оқиды? Досыңмен бос уақытта не істейсіңдер?	Қайталау- Достық- Түстен кейін- Достасу- Білмейтін- Ақылды- Үйретті- Зерек- Оған- Тәрбиелі-	Подарил (-а)- День рождения- Вместе- Поздравляю- Свободное время- Способный- Честность Воспитанный- Нечестность Умный-

13. Сөздердің ортақ түбірін тап.	14. Сөздердің ортақ түбірін тап.	15. Сөздердің ортақ түбірін тап.
Доспын, достар, досым, достық, достасу, доссың, доссыз, досыңыз.	Баламын, балалық, балалар, баласың, балам, балаңыз, балалармен, баласы.	Адал, адалдық, адалмын, адалсыз, адалсың, адалдықтан, адалдықпен.
16. Сұрақтарға жауап бер.	17. Керекті есімдіктерді қойып жаз.	18. Дұрыс жауапты таңда.
<p>Сен қашан тудың?  Сенің туған күніне кімдер келді?  Саған қандай сыйлықтар әкелді?  Саған сыйлық ұнады ма?  Сен досыңның туған күніне не сыйладың?</p>	<p>Кеше ... досыммен киноға бардым.  Бүгін ... досыңмен стадионда болдың.  Ертең ... досымен театрға барады. Осы жылы ... Астанаға барамын. ... әжеңе көмектесесің. ... жұмысқа барасыз ба? ... әдемі жазады.</p>	<p>Сенің досың жақсы адам ба?  А) иә;    Ә) жоқ.  Сыныпта достарың бар ма?  А) иә;    Ә) жоқ.  Досыңмен татусың ба?  А) иә;    Ә) жоқ.</p>
19. Адасқан әріптерден мақал құрастыр.	20. Адасқан әріптерден мақал құрастыр.	21 Адасқан әріптерден мақал құрастыр.
АНАРМ МАДҒАА ААҚНТ.	ЖҚСЫА ДМАА – ЛЕ ЫЫЫРС.	ДСОЫ ҰЫНЫСҚАЖ ІЗӨ ЫСҚАЖ.
22. Артық сөздерді тауып жаз.	23. Мақал-мәтел жаттайық.	24. Керекті сөзді қойып жаз.
Нан, сүт, достық, қаймақ, айран, май. Қызылша, қызан, қияр, достар, картоп. Кітап, дәптер, қалам, қарындаш, құрбы. Жолдас, алма, алмұрт, жүзім, алхор.	Жолдасы көптің – олжасы көп. Ағаш тамырымен, адам досымен мықты. Адал достық-алтыннан да қымбат.	Менің ... бар. ... Асқар. Ол төртінші ... оқиды. Асқар екеуіміз бірге ... барамыз. Асқар өте ... оқиды. (жақсы, сыныпта, мектепке, досым)

<p>25. Мақал-мәтел жаттайық.</p>	<p>26. Оқы, тән әріптердің астын сыз.</p>	<p>27. Досыңды туған күнімен құттықта.</p>
<p>Өткен күнді қуып жетпейсің. Ашу – дұшпан, ақыл – дос. Ұлық болсаң, кішік бол. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.</p>	<p>Гауһар мен Айгүл – достар. Олар төртінші сыныпта оқиды. Гауһар – өте ақылды, зерек, тәрбиелі қыз. Айгүл де сабақты жақсы оқиды. Олар бір үйде тұрады. Гауһар мен Айгүл – достар.</p>	<p>Көмекші сөздер: құттықтаймын, зор, тілеймін, денсаулық, бақыт, табыс, өмір, ұзақ, мол, келешек, оқу, достар, туған күніңмен, тілек, дос, білдіруші, молшылық, қуаныш, көңілді.</p>
<p>28. Мәтінді қазақшаға аударып жаз.</p>	<p>29. Мәтінді орысшаға аударып жаз.</p>	<p>30. Жіктік жалғауларын қосып жаз.</p>
<p>У меня есть друг. Его зовут Ербол. Он учится в 4- классе. Мы в школу ходим вместе. Ербол учится хорошо. Мы вместе готовим уроки. Ербол – хороший друг.</p>	<p>Жазғы каникулда біздің сынып Астанаға барды. Астана – әсем, жаңа, сәулетті қала. Онда біз циркте, мұражайларда, «Бәйтеректе» болдық. Бізге Астана қаласы өте ұнады.</p>	<p>Мен бала..., қыз..., жолдас..., дос... . Сен бала..., қыз..., жолдас..., дос... . Сіз бала... , қыз..., жолдас..., дос... . Ол бала..., қыз..., жолдас..., дос... .</p>

*(Жалғасы бар).*



Гүлшара ТАСТЕМИРОВА,  
Әл Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің  
доценті,  
Рахила НАРАЛИЕВА,  
аға оқытушы.

## ТІЛ – ӘЛЕМ ЕСІГІН АШАТЫН ҒАЖАЙЫП КІЛТ

**Сабақтың мақсаттары:** білімділік – шетелдік студенттердің сөздік қорын дамыту, қазақ тілінде ойлауға баулу, қазақ тілінде сөйлем құрылымын дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру; **дамытушылық-танымдық** – тілдің тәрбиелік маңызына қысқаша тоқтала отырып, тіл мәдениеті – ұлттық мәдениеттің негізі екенін насихаттау. Тіл туралы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің мазмұны мен мәніне талдау жасау. Мақал-мәтел сайыс тренингі арқылы ұтымды сөз саптауға дағдыландыру; **тәрбиелік** – тілдің тәрбиелік маңызын насихаттай отырып, студенттерді тіл тазалығын, тіл мәдениетін сақтауға баулу.

**Көрнекілігі:** плакат, нақыл сөздер, үлеспелі материалдар. **Құрылымы:** сайыс сабағы. **Пәнаралық байланысы:** қазақ тілі, қазақ әдебиеті, педагогика, сурет, логика.

Сабақтың барысы: сәлемдесу, ұйымдастыру. Мемлекеттік Гимн (Әнұран).

I. Алғысөз. «Тіл – әлемнің есігін ашатын қуатты кілт». Тіл мәдениеті туралы түсінік (қысқаша шолу).

**Жүргізуші:** - Сәлеметсіздер ме, құрметті ұстаздар мен студенттер және қадірлі қонақтар!

Тіл дегеніміз – адамдардың қарым-қатынасында өте маңызды қызмет атқаратын қуатты құрал. Тіл – түсіністіктің, тілдік қатысымның басты кілті. Әрине, тілдің негізгі құралы – сөз. Ал, сөздің негізі ой мен санада жатады. Сөз арқылы адамдар ойын сыртқа шығарады. Тілдің көмегімен адамдар достыққа, ынтымаққа, татулыққа, бірлікке, берекеге қол жеткізеді. Тіл – адамшылықтың, имандылықтың асыл қасиеті, қайнар көзі. Адамдармен қарым-қатынасты өрістетете түсу үшін өзге халықпен, басқа ұлт өкілдерімен тілдік қарым-қатынас жасау қажет. Тіл – өте қызық, ғажайып сырға толы құпиялы дүние. Жалпы, жер бетінде жеті мыңдай тіл бар дейді лингвист ғалымдар. Ал, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болу құрметіне 130 тіл ғана ие. Біздің қазақ тілі де – осындай құрметке ие болған санаулы тілдердің бірі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақ тілі – Отанымыздағы және жат жұртта жүрген қазақтардың ана тілі. Қазақстанда тұратын өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін ана тілім деп санайтындары да аз емес. Өзге ұлт өкілі болса да, «Қазақ тілі» қоғамының төрайымы болып отырған Асылы Осман ханым осы сөзіміздің жарқын дәлелі бола алады.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте!

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!- деп көрнекті ақынымыз Қадыр Мырза Әли жырлағандай, ана тіліміз – қазақ тіліміз – ата-бабаларымыздың бізге, ұрпақтарына қалдырған асыл мұрасы, қасиетті ардақты аманаты.

- Тәрбие сағатымызды жүргізуші – Талантты қошеметпен қарсы алыңыздар!

II. Кіріспе сөз ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, профессор Аққошқарова Құралай Ахметқызына беріледі.

**Жүргізуші:** - Білікті білім жинап кәсіп етер,  
Білімнің дәмін татып, өсіп өтер.  
Білдірер білімді елге білім сырын,  
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер, -  
деп, ғұлама бабамыз Ахмет Йүгінеки айтып өткендей,  
Қазақстанда қазақтың қара шаңырағында, білімнің  
еңселі ақордасы – әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінде мемлекеттік тілде білім алып жүрген  
ауғанстандық студенттерді білім бәсекесіне – «Мақал-  
мәтел – сөз мәйегі» атты сайысқа шақырамыз. 3-топ  
студенті Мозаммел Замир, 4-топ студенті – Ниязи Башир,  
7-топ студенті – Рамин, 8-топ студенті – Ахмади Ахмад  
Решад, сайысқа қатысушыларды қошеметпен қарсы  
алыңыздар.

III. «Мақал-мәтел – сөз мәйегі» атты мақал-мәтел  
сайысымыз 3 кезеңнен тұрады:

**1-кезеңі: «Жүйрік болсаң озып көр».**

Тіл туралы мақал-мәтел айтып жарысу. Сайыстың  
1-кезеңінің шарты:

АИР студенттері – төрт топтан төрт студент ортаға  
шығып, тіл туралы мақал-мәтелдер айтып жарысады. Кім  
тіл туралы мақалды көп айтса, сол жеңіске жетеді.

Үлгі: 1-студент: - *Ана сүті бой өсірер,  
Ана тілі ой өсірер.*

2-студент: - *Тіл – халық қазынасы.*

3-студент: - *Жеті жұрттың тілін,  
Жеті түрлі ілім біл.*

**Жүргізуші:** - Құрметті сайысқа қатысушы тыңдау-  
шылар! Мақал-мәтел – маржан сөз, Арасына қоса көрме

арзан сөз. Сайысымыздың 2-кезеңіне де келіп жеттік.  
2-кезеңнің шарты: айтылған мақал-мәтелді толықтыру,  
яғни, тәмамдау. Кім мақал-мәтелді дұрыс толықтырса әрі  
тез айтса, сол жеңеді.

### **2-кезеңі: «Бәйге».**

Талант үлеспелі материалдарды пайдалана отырып,  
сайысқа қатысушы студенттерге мақал-мәтелдерді  
толықтырып айттырады.

Мақал-мәтелді толықтырыңыз.

1. Тіл қылыштан ... (өткір).
2. Басқа пәле ... (тілден).
3. Бас кеспек болса да, ... (Тіл кеспек жоқ).
4. Сөз сүйектен өтеді, ... (таяқ еттен өтеді).
5. Тіл тас жарады, тас жармаса ... (бас жарады).
6. Тоқсан ауыз сөздің ... (тобықтай түйіні бар).
7. Басқа тілдің бәрін біл, ... (өз тілінді құрметте).

Әділ қазылар алқасы жеңімпазды марапаттап, қалған  
қатысушыларды игі қадамдарымен құттықтайды, игі  
тілектерін білдіреді.

**IV. Жүргізуші:** - Тіл дегенім – түсіністік құралы,

Тіл арқылы адам бәрін ұғады.

Татулық та, бірлік, достық, береке –

Бәрі, бәрі осы ұғымға сияды,–

деп ақындарымыз жырлағандай, тіл – достықтың алтын  
көпірі екендігінің айғағы ретінде елімізде мемлекеттік  
тілімізде білім алып жатқан шетелдік студент қазақ тіліне  
деген құрметін атақты ақынымыздың жырын жатқа айту  
арқылы жеткізгісі келеді.

**IV.** Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңі. Сүйемін  
туған тілді – анам тілін. Орындаушы – 8-топ тыңдаушысы,  
ауғанстандық студент Лутфи Мохаммад Тарик, қошеметпен  
қарсы алыңыздар.



**Жүргізуші:** - Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой.  
Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғары қасиеті,  
- деп көрнекті жазушымыз Ғабиден Мұстафин айтып  
кеткендей, біз – қазақ халқы «Өнер алды – қызыл тіл,  
- деп аталы сөзге әрқашанда бас иген халықпыз, осы  
тектілігіміздің бір қырын мына «Сөз тапқанға қолқа жоқ»  
атты көрінісімізден тамашалап, өздеріңіз куә болыңыздар.  
Сахнада 8-топтың ауғанстандық студенттерін қошеметпен  
қарсы алыңыздар.

## **V. Сөз тапқанға қолқа жоқ.**

### **(Көрініс)**

Қатысушылар:

Қанбари Мұстафа – Марат ағай – Халықаралық білім  
беру департаменті бастығының орынбасары,

Студенттер:

Мохсини Реза – 1-студент,

Нури Сулайман – 2-студент,

Левал Массих – 3-студент.

Қанбари Мұстафа – Марат ағай:

- Құрметті шетелдік студенттер! Назарбаев  
Университетінен шақыру қағазы келді. Өте жақсы оқитын,  
қазақ тілін жақсы білетін 1 ауғандық аграр бөлімінің озат  
студенті үшін грант бөлініпті. Сіздер бәріңіз де өте жақсы  
оқисыздар, қазақша жақсы білесіздер. Сіздер үшеусіздер,  
ал грант – біреу. Назарбаев Университетіне оқуға кім  
баратынын өздеріңіз ақылдасып шешіңіздер.

Үш студент бір-біріне қарайды.

1-студент: - Бүгін жатақханаға қайтайық. Ұйықтайық.  
Кім жақсы түс көрсе, сол жолдаманы алсын.

2-студент: - Бұл ұсынысың маған ұнады.

3-студент: - Мен де сені қолдаймын.

Үшеуі 3 жаққа қарай кетеді. Содан соң олар қайтып

келеді.

1-студент: - Қайырлы таң, достар!

2-студент: - Қайырлы таң!

3-студент: - Қайырлы таң!

1-студент: - О, достар. Мен түнде түс көрдім. Түс емес-ау, бір ғажайып іс көрдім. Түсімде мен өте дәулетті бизнесмен екенмін. Шетелдерге саяхатқа барыппын. Көп елдерді аралап, тамашалаппын.

2-студент: - Мен де тамаша түс көріппін, түсімде ғұлама екенмін. Кабулда Назарбаев Университеті секілді керемет университет ашылыпты. Мен сол университеттің ректоры екенмін.

3-студент: - Мен де түс көрдім. Түсімде сендердің біреуің – мықты бизнесмен, екіншің – өте білімді ғұлама ректор болып кеткендеріңді көрдім. Ал, мен әлі студент екенмін. Содан соң, екі мықтыға бұл жолдама керек емес шығар деп ойладым да, Назарбаев Университетінің жолдамасын мен ала салдым.

1-студент: - Сөз тапқанға қолқа жоқ. Қадамың құтты болсын!

2-студент: - Аталы сөзге жетесіз ғана тоқтамайды. Сәт сапар тілеймін.

3-студент қолындағы жолдаманы жоғары көтеріп бұлғайды да, үшеуі де шығып кетеді.

**IV. Жүргізуші:** - Туған тілім – тірлігімнің айғағы,  
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.  
Өссе тілім, мен де бірге өсемін,  
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін,-

деп белгілі ақын атамыз Әбділда Тәжібаев жырлағандай, ана тіліміз ешқашан өшпесін, өркендей берсін, гүлдесін, сахнамызға да, сахарамызға да туған тіліміз туралы жырдан шашу шашылсын.

**V. Т. Молдағалиевтің «Ана тілі» өлеңін Нүрдәулет орындайды.**

### **3-кезең: «Жорға».**

Сайыстың 3-кезеңінің шарты: ортаға шетелдік тыңдаушы топтарынан 3 студент шығып, айтылған тұрақты сөз тіркестерінің мағынасына қысқаша анықтама береді.

Тұрақты сөз тіркестерін бір сөзбен мағынасын түйіндейді.

Үлгі: Тайға таңба басқандай – айқын, анық.

1. Ажары сынды – мұнайды, көңілі жабырқады;
2. Азу тісін басты – қатты қысымға алды, қинады;
3. Ақжолтай болды – қадамы құтты адамға айтылады;
4. Арасынан қара мысық өтті – ренжісті, екі адамның арасынан суық сөз жүгірді;
5. Арасынан қыл өтпес – тату;
6. Ауыз салды – тиісті;
7. Ауызға іліну – атағы шығу;
8. Ауызының суы құру – құмарлану, қызығу;
9. Асылдың сынығы, шұғаның қиығы – жақсы адамдардың ұрпағы;
10. Аяғына шаң жұқпайды - қыдырымпаз, желаяқ, жүйрік адам.

Көрермендермен ойын (викторина).

**Жүргізуші:** - Құрметті көрермендер! Тек сайысымыздың тамалаушылары ғана емес, қатысушылары болуларыңызды өтінеміз. Сөз сайысының келесі кезеңі сіздерге арналады. Сайыс шарты: шешендік сұраулардың дұрыс жауабын айту.

Сұрақ:

- Сөз анасы не?

Су анасы не?

Жол анасы не?

Жауап: - Сөз анасы – құлақ;

Су анасы – бұлақ;

Жол анасы – тұяқ.

**Жүргізуші:**

- Дау мұраты не?

- Сауда мұраты не?

- Қыз мұраты не?

- Жол мұраты не?

Жауап:

- Дау мұраты - біту,

- Сауда мұраты – ұту,

- Қыз мұраты – кету,

- Жол мұраты – жету.

**Жүргізуші:** - Ақылмен ойлап білген сөз

Бойыңа жұқпай сырғанар.

Ынталы жүрек сезген сөз

Бар тамырды қуалар, -

деп ұлы Абай айтқандай,

Сөздің сырын ұғып, толғаған,

Жүректің түбінде жыр қоздаған.

Айтыс дегенде арқасы қозған,

Сайыс дегенде сөзге озған,

Факультетіміздің арқалы ақындарын сөз өнері сайысына

– айтысқа шақырамыз. Қошеметпен қарсы алыңыздар!

4) Айтыс. Айтыскер әуесқой ақындар – Сапа Қали мен

Нұрдәулет.

4) Қорытынды сөз.

Сабақтың сергіту сәті: стратегиялық іздендіру.

**Қорытынды:** тіл мәдениеті, оның қоғамдағы рөлі мен

тәрбиелік маңызын қорыту. Сабақта белсенділік көрсеткен

студенттерді қолпаштау және марапаттау.

Динара ҚАПАРОВА,  
Жезқазған қаласындағы  
дарынды балаларға арналған  
облыстық қазақ-түрік ерлер  
лицей-интернатының  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

*(10-11-сыныптар арасындағы дебат сайысы)*

**Жүргізуші:** - Сәлеметсіздер ме, тілімізге бейжай қарамайтын, тіл жанашырлары! Қазіргі таңда өз ана тіліміздің мәселесі өзекті болып тұр. Оның бүгінгі мен болашағы жайлы әркім әр түрлі пікір айтады. “Жоғалып, өшіп кеткен тілдердің қайта тіріліп келмейтіні белгілі. Жаңадан тіл пайда болмайды. Тілдердің пайда болу дәуірі біткен. Сондықтан қазіргі барымызды мәпелей білуіміз керек” дейді майталман жазушы Шыңғыс Айтматов. Шынында да, өз тілімізді өгейсітіп алмай, кейінгі ұрпаққа қалдыру жолын қамданғанымыз жөн шығар. Өзге ұлт өкілдері қазақ тілін меңгеріп жатқанда, біздің тіл мәселесіне немқұрайлы қарауымызға мүлдем болмайды. Бүгін сол қазақ тілінің жарқын болашағы, кемел келешегі қандай болмақ, тіліміздің қазіргі таңы қандай деген сауалдар төңірегінде бүгін сіздер мен біздер болып ой қозғамақпыз. Ендеше, «Қазақ тілінің бүгінгі мен болашағы» атты дебат сайысымызға қош келіпсіздер дейміз. Бүгін біздің ойыншыларымыз «Мен қазақ тілінің бүгінгі жағдайына қанағаттанамын және қанағаттанбаймын» деген ұстанымдары бойынша өз

пікірлерін ортаға салады. Дебатымыздың мақсаты: әлеуметтік жағынан дамыған, ұшқыр, ұтымды ойлап, белсенді қимылдайтын, өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білетін жеткіншектерді тәрбиелей отырып, мемлекеттік тілді өгейсітпей, оның болашағына жанашырлықпен қарайтын саналы ұрпақ қалыптастыру. Дебатты бастамас бұрын, шартымен таныстырып өтейін.

Оқушылар екі топқа бөлінеді. Сайыскерлер 10-11 сыныптың оқушыларынан құралған. Әр топта 3 спикерден болады. Бір оқушы уақыт өлшеуші-таймкиппер болады.

**Жақтау тобының резолюциясы:** Қазақ тілінің бүгінгі жағдайына қанағаттанамын.

**Даттау тобының резолюциясы:** Қазақ тілінің бүгінгі жағдайына қанағаттанбаймын.

«Болашақ» тобының ойыншылары:

1. Намазбаев Мадияр;
2. Ағайынбеков Абай;
3. Қуанышев Нұрдәулет.

«Жалын» тобының ойыншылары:

1. Әбілқасымов Ержан;
2. Мұқатов Азамат;
3. Әлкенов Әнуар.

- Дебатымыздың алтын ережесімен де таныс болыңыздар:

- . дебат технологиясына қойылатын талапты білу;
- . дебат ойындарының ерекшелігін меңгеру;
- . жұрт алдында еркін сөйлеу;
- . ойды қорыту тәсілдерін меңгеру;
- . дәлелденген деректермен жұмыс жасай білу;
- . озат ойы болуы – өзін-өзі құрметтеуі;
- . өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білу;
- . уақытқа бағыну;

**Барысы:**

1-спикер өзінің дайындап келген кейсі бойынша дәлелдер, мәліметтер келтіре отырып сөйлейді (Жақтаушы жақ)

3-спикер 1-спикерге сұрақ қояды (Даттаушы жақ) 2 мин.

Даттаушы жақтың 1-спикері өзінің дайындап келген кейсі бойынша сөйлейді. Спикерлер бір-біріне сұрақ қойып, келтірген дәлелдеріне қарсы пікір айтады.

2. Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі болғандықтан, тіл заңының орындалуы ең алдымен қазақтардың өзіне байланысты. Тілімізді құрметтеу үлгісін әрбір қазақ өзі көрсетпесе басқа ұлттарға өкпелеудің орыны жоқ» деген болатын. Сол себепті де өз жолдауында қазақстандықтардың 95 пайызы 8 жыл ішінде мемлекеттік тілді игеруі қажет.

(Экраннан осы мәселеге байланысты жүргізілген сұхбатты көрсету)

3. Сұхбат бойынша 3 спикерлердің сөздері.

Тіл- ұлттық тәрбиенің негізі. Туған тілдің тағдырын ойлағанда, ең бірінші, көз алдымызға бүгінгі жас ұрпақ елестейтіні орынды. Ендеше, осы жас ұрпақ өмірде кездестірін жағдаяттарды қалай шешетінін көрелік (Жағдаяттарды шешу).

**Қорытынды:** Құрметті көрермендер, сіздердің алып-қосар пікірлеріңіз бар ма? Соны тындап көрсек.

Сарапшылардың қорытынды сөзі. «Ең үздік спикер» және «Ең үздік топ» номинациялары бойынша марапаттау.

Қорытындылау үшін сөз кезегін лицейіміздің 11-сынып оқушысы, қазақ тілі олимпиадасының облыстық, республикалық кезеңдерінің бірнеше рет жүлдегері атанған 11-сынып оқушысы Корнилов Александрға береміз.

Ана тіліміздің абыройын сіз бен біз болып асқақтата берейік. Келгендеріңізге көп рахмет!

Данагүл ЖЫЛҚЫБАЙ,  
Алматы қаласындағы  
«Голубой парус» білім беру  
мекемесінің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

## «БАСТАҢҒЫ» ДӘСТҮРІ

(ойын-сауық кеші)

**Мақсат:** қазақтың көне төл дәстүрі – бастаңғы салтының мағынасын, тәрбиелік мәнін паш етіп, жариялау, бұл дәстүрдің өтілу жолдарын көрсету, қазақ халқының осы дәстүрге сай жүргізілетін тарихи ырым-нанымдарын көрсету, жастардың этикалық, мәдени, рухани дүниетанымын кеңейту.

**Әдісі:** театрландырылған драмалық көрініс. **Түрі:** ойын-сауық кеші. **Көрнекілігі:** киіз үй, ұлттық киімдер, жабдықтар.

**Барысы:**

(Халық әні ойналып тұрады).

Сахнаның екі жағынан қыздар, жігіттер топтаса, әндетіп ортаға келіп жиналады.

**1-оқушы:** - Ақталған ақ арманы, үміттері  
Қашан көрсең жүретін күліп тегі.  
Қаумалаған ағайын, аманбысың,  
Аманбысың, ауылдың жігіттері?

**2-оқушы:** - Бір жұлдыз ай астында сәулеленген,  
Көп дұшпан сырттан асық әуреленген.  
Басында Қап тауының сіз – бір пері,  
Тұра алмас тағат тауып сізді көрген.

**3-оқушы:** - Ой-хой! Мыналардың әңгімесін қара!



**4-оқушы:** - Ой, жігіттер, «оралыңның барында ойна да күл» деген, онда тұрған не бар екен! Бүгін бір басымыз қосылып қалыпты, бұнымен қоса ауылдың үлкендері көрші елге тойға кетті. Мұндайда қазақта бастаңғы жасау деген ырым бар еді.

**2-оқушы:** - Пай-пай, мына қыздың сөзін-ай!

**3-оқушы:** - Хош! Келістік! Біздің де күткеніміз осы еді.

**1-оқушы:** - Ендеше, не тұрыс, жігіттер, бастаңғының тізгінін өздеріңе бердік.

Ән ойналады. Барлығы әндетіп қара үйдің ішіне кіріп, жайғасып отырады.

**5-оқушы:** - Тұйғыным-ай дегенде, тұйғыным-ай,  
Болдым ғашық көзіңнің құйрығына-ай,  
Мал бердім деп бір жаман алып кетсе,  
Шара бар ма Алланың бұйрығына-ай!  
Шіркін-ай, мына қыздардың сұлуын-ай!

**6-оқушы:** - Жарайды. Бастаңғыда басымыз қосылып, жиылып қалған екенбіз, көңіл көтеріп, ойын ойнап отыралық.

**1-оқушы:** - Бұл елдің қызға көрсетер бір артық сыйы: жігіт орамал тастаса, қыз үн-түнсіз барып сүйіп; қыз тастаса, жігіт үш ауыз өлең айтып сүйетін еді.

Енді біз шарт айтыса отырып, «орамал тастамақты» ойнасақ қайтеді?

**Барлығы:** - Ойнасақ, ойнайық!

Ән ойналып ортаға қыз шығып, жігіттің артына орамал тастайды.

**Барлығы қызға:** - Ал, енді, алдында отырған серіден не талап етесің?

- Қане, қалағаныңды сұрашы.

- Жігітті сында байқа демекші, қиындау шарт беріп көр!

- Жігітті намыс өлтіреді деген де бар, енді осындайда сынамағанда қай кезде сынап бағасың?

**1-оқушы:** - Ал, халайық, босқа біздер тұрмайық,  
Ортамызды ашып, билеп, жырлайық.

Жігіттерді отырыста сынайық,

Өнерпазға құрметтеп қол ұрайық.

Осы жігітті жезтаңдай әнші деп естіп едім, бір әдемі ән салып берсең, шартым – сол.

*Ән орындалады.*

**1-оқушы:** - Бастайық қызық ойын бастаңғыда  
Бөлейік ауыл кешін ән мен жырға.  
Жігіттер, бойжеткендер, қыздар, қане,  
Ойынды ойна бәрің, қарап тұрма.

Ойын одан әрі жалғасады. Бір жігіт орамалды айнала жүріп қыздың артына тастайды. Барлығы шуласа отырып, орамалдың иесінің шартын сұрайды.

**6-оқушы:** - «Қыздың шашы – ұзын, ақылы – қысқа» деген сөздің рас, өтірігіне көз жеткізгім келіп отыр. Қыздарды да бір сынап көрелік. Шартым мынадай: адамгершілікке арналған үш сауап бар дейді. Ол қандай сауаптар, айтып берші?!

**4-оқушы:** - Мына сауалың сұрағанға – тілеген дегендей болды. Жалпы, қазақта жақсының сөзі өшпес деген сөз бар ғой. Осы нақыл, аталық ұғым жадымда қатты сақталған еді, сауалыңа жауабым мынадай болмақ. Адамгершілікке арналған үш сауап бар:

Шөлге құдық қазған – бір сауап.

Өзенге көпір салған – бір сауап.

Жолға ағаш еккен – бір сауап.

**Барлығы:** - Ой, бәрекелді, жарайсың!

**4-оқушы:** - Енді, орамалды мен тастап көрейінші.

Қыз ұлдың артына орамалын тастайды да, барлығы шуласып шартын сұрайды.

**4-оқушы:** - Менің де жігіттердің ақылды болғанын қалаймын, сондықтан оларға жұмбақ айтқым келіп тұр.

**Барлығы:** - Мынауың табылған ақыл екен! Айт!

**4-оқушы:** - Борп-борп борпылдақ

Борпылдақта – қызыл тақ,  
Қызыл тақта – үш тармақ,  
Үш тармақта – шұқыршақ,  
Шұқыршақта – бал қаймақ,  
Бал қаймақта – сүр жайдақ,  
Сүр жайдақта – сүр бойдақ.

*Жігіт жауабын айтады.*

**1-оқушы:** - Тағы бір қызық ойын кім бастайды?

Табылар деп ойлаймын жан қостайтын.

Осы отырыста әзілменен ойнауға

Көрші ауылдың ұл-қыздары, қалайсың?

Сендер байқадыңдар ма? Сыртта көрші ауылдың қыз-жігіттері жүр екен. Соларға сұрақ беріп, сынап көрсек қайтеді?

Ойынды одан әрі жүргізеді.

**2-оқушы:** - Махабатты неге соқыр деп айтады?

- Бүлдіршін дегеніміз не?

- «Селт еткізер» нендей кәде?

**5-оқушы:** - Жарайды, қыз-жігіттер, кеш батып, іңір қараңғыланған тәрізді, ендеше, ақ сүйек ойнап, таза ауа жұтқанымыз да көңілге көп сеп болар. Қалай қарайсындар?

**Барлығы:** - Әрине, мұның ақыл-ақ екен!

Бәрі жиылып ақ сүйек ойнауға сыртқа шығады.

Зәуре АМАНЖОЛҚЫЗЫ,  
Солтүстік Қазақстан облысының  
Айыртау ауданындағы  
№2 «Саумалкөл» мектеп-  
гимназиясының мұғалімі.

## МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ӨЛЕҢДЕРІНІҢ АУДАРМАЛАРЫ

### БАҚЫТ ІЗДЕП

Аспан астын, жер үстін шиырлаған,  
Бақыт жүр біреулерге бұйырмаған.  
Білемін, бақыт табу қиын маған,  
Несіне бақыт іздеп құйын болам!

Ырыстың дастарханы жиылмаған,  
Бірақ ол біреулерге бұйырмаған.  
Білемін, бақыт табу қиын маған,  
Әйткенмен, бақыттан да қиын бағам!

Аспаннан бақыт жауса тиылмаған,  
Бәрібір біреулерге бұйырмаған,  
Өмірдің өзі берген сыйымды алам,  
Бақыт-ау сенің құның тиын маған!

Қайтемін бақытты мен бұйырмаған,  
Өзімнің ырысым бар құйылмаған.  
Мен мынау өмірімнің күйін бағам,  
Бақыттан басқалары үйір маған...

Аспан асты, жер үстін мекендеген,  
Біреулер бақыт іздеп тепеңдеген.  
Бақыт іздеп жүріппін бекерге мен,  
Қарызымды арқалап өтелмеген,  
Ой болсашы бір күні кетем деген.

\*\*\*

*По земле и под небесами,  
Бродит счастье, но только не с нами.  
Знаю трудно его найти,  
С нами ему не по пути.  
Есть достаток одним, но другим,  
Как всегда недоступно оно.  
Знаю счастье найти не легко,  
Но цена моя выше его.  
Если счастье все же найдет меня,  
Обойдя кого-то стороной,  
Я приму, как подарок тебя,  
Для меня грош твоя цена.  
И на что мне счастье такое,  
Недоступное другим.  
Быть счастливым – значит быть в долгу,  
Я такое принять не могу.*

## **МАХАББАТ НЕ?**

Махаббат – бір тікенек,  
Жүрекке барып қадалар.  
Бақытсыз ғой бұл жүрек,  
Тамшылап одан қан ағар.  
Тез жазылмақ бұл жара,  
Бал тілімен сүйсе жар.  
Сүймесе жар, дариға,  
Өлер жүрек, қансырар.  
Махаббат – бір тәтті у.  
Ішер жүрек, болар мас.  
Дүниедегі у мен шу  
Мас жүректі оятпас.  
Махаббат – бір тәтті у,  
Ішер жүрек, төгер жас!

*Любовь - как колючка,  
Вживается в сердце и капает кровь.  
И если несчастно это сердце,  
Считай, что его погубила любовь.*

*Исцелить и вылечить эту рану  
Могут ли сказанные любимым слова.  
Но если чувства безответны,  
Истечет кровью, погибнет она.*

*Любовь – это сладкий яд,  
Испив ее ты опьянеешь.  
И никакие голоса и крики,  
Не разбудят сердце, ты охмелеешь.  
Любовь – это сладкий яд,  
Испив ее прольются слезы, словно град.*

## ЖАН СӨЗІ

Өмір – теңіз, жоқ оның түбі, шеті,  
Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті.  
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,  
Енді бір ай – толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты,  
Содан бері Күн талай шықты, батты.  
Ес білгелі алыстым өмірменен,  
Өмір - теңіз, толқыны тым көп қақты.

Мен туғалы ағарып, көп таң атты,  
Қараңғылық жер бетін талай жапты.  
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,  
Ырық бермеді, қаңғырды, ол не тапты?

\*\*\*

*Жизнь – это море, нет конца и края,  
Весело смеются волны в ней играя.*

Много дней промчалось, как в мир  
Пришел я этот,  
Двадцать семь мне будет через месяц где-то.  
Не было меня, но мама родила,  
И с тех пор восход не раз закат сменял.  
Как себя я помню, с жизнью я борюсь,  
Волны меня били, но я их не боюсь.  
С первых дней рожденья, я рассвет встречаю,  
С наступленьем ночи, день я проживаю.  
С сердцем я борюсь и оно блуждает,  
И от этой жизни, что же получаю?

## МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?  
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?  
Көкте – бұлт, жерде – желмін гулеген,  
Жер еркесі – желдің жөнін кім сұрар?  
Көкте – Күнмін, көпке нұрым шашамын,  
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.  
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,  
Ерігемін – толқып, шалқып, тасамын.

\*\*\*

Огонь горящий – обожгу,  
Скакун - догнать его не суждено ведь никому.  
Трава пусть превратится в прах, не буду я страдать,  
Лишь улыбнусь, в отчаянье не буду я впадать.  
Я не умру и будет жить со мною все мое,  
Лишь неучу бессмертие понять и не дано.  
Я сам и царь, и сам судья,  
Какой безумец спросит: «Кем был я?»

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж Куәлігі** берілген.

Басуға 08.06.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1900. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№6, 2012 ж., 144 бет, Алматы.